

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті

ӘОЖ 1(574):17.0

Қолжазба құқығында

## **ШУРШИТБАЙ МАЙРА**

**Қазақ дүниетанымындағы ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалының  
қалыптасуы мен дамуы (философиялық талдау)**

6D020100 – Философия

Философия докторы (PhD)

ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми жетекші:  
философия ғылымдарының докторы,  
профессор А. Сағиқызы

Шетелдік ғылыми жетекші:  
Философия докторы, профессор  
Kadir Cusen  
(Ұлыдағ университеті, Түркия)

Қазақстан Республикасы  
Өскемен қ., 2023

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>1 ІЗГІЛІКТІК-ЭТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ ИДЕАЛЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	13
1.1 Тәрбие идеалы мәселесін зерттеудің теориялық-әдіснамалық қырлары .....	13
1.2 Рухани-ізгіліктік тәрбиенің мәні мен мазмұны (тарихи-философиялық контекст).....	29
<b>2 ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ ТАРИХЫ КОНТЕКСİNДЕГІ ІЗГІЛІКТІК-ЭТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ</b> .....	47
2.1 Қазақ мәдениетіндегі ізгіліктік-этикалық тәрбие мәселесі: әлеуметтік-мәдени алғышарттар .....	47
2.2 Ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалы мен діни тәрбиенің байланысы.....	67
<b>3 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДА ІЗГІЛІКТІК-ЭТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ПРИНЦИПТЕРІ</b> .....	80
3.1 Тұлғаның рухани-ізгіліктік тұрғыдан қалыптасуындағы қазіргі білім беру саласының міндеттері .....	80
3.2 Салауатты ұрпақ тәрбиелеудегі философияның міндеттері мен қазіргі заман құндылықтары.....	95
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	115
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b> .....	118

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың жалпы сипаттамасы.** Диссертациялық жұмыс қазақ халқының дүниетанымындағы тәрбие мәселесіне байланысты тұжырымдалған ізгіліктік-этикалық идеяларды талдауға, жас ұрпақты, тұлғаны тәрбиелеуде қалыптасқан тәрбие идеалын тарихи-философиялық контексте ашып көрсетуге арналған. Философия тарихындағы рухани-ізгіліктік тәрбиенің мәні мен мазмұнын аша отырып, теориялық мәселелер қарастырылады, әлемдік мәдениеттің бір бөлігі болып табылатын қазақ мәдениеті мен қазақ халқының дүниетанымындағы идеялар, ілімдер талданады, заманауи тәрбие мен білімнің байланысы, салауатты ұрпақты тәрбиелеудегі бүгінгі қазақстандық қоғамдағы негізгі мәселелер көтеріледі.

**Зерттеу жұмысының өзектілігі.** Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі әлемде болып жатқан өзгерістердің маңыздылығымен, олардың өткен, қазіргі және болашақ диалектикасына ықпалымен анықталады. Бұл жаһандық өзгерістер қоғамның экономикалық, әлеуметтік-саяси және рухани өміріндегі өзгерістерді білдіреді және әлемнің барлық елдерінің әлеуметтік дамуының жаңа кезеңіне - постиндустриалды немесе ақпараттық кезеңге өтуіне байланысты. Жаңа қоғамда ақпарат әлеуметтік прогрестің негізгі факторына айналады, бұл ақпараттың негізгі игеру, өңдеу және пайдалану көзіне айналатын адамның әлеуметтік жағдайы мен рөлін түбегейлі өзгертеді. Бұл тәрбие беру үрдісіне мүлдем жаңа талаптар қойып, оны түбегейлі реформалау қажеттілігін анықтайды.

Қоғамдағы өзгерістер, инновациялар заманауи әлеуметтік тапсырыстарды тудырды, соның нәтижесінде тәрбие беру және білім беру жүйелерінің дамуы мен өзгеруіне байланысты көптеген идеялардың, жобалардың пайда болуына ықпал етті. Бірақ олардың қайсысы шынайы, тиімді және пайдалы екендігі туралы сұрақтар көп, өйткені нақты нәтиже беретін қазіргі тәрбие, білім беру жүйесінен нені сақтау, нені өзгерту керектігі талқылануда.

Қазіргі білім беру жүйесі ұлттық идеалдарға сәйкес келмейді, өйткені ол қазіргі уақытта еуропалық оймен дамыған философиялық-педагогикалық идеяларға негізделген. Әр түрлі философиялық жүйе өкілдерінің негізгі идеясы бойынша адам «құрал» болып табылады, ол қоғамдық механизмнің бір тетігі ретінде түсіндірілген. Мишель Монтень, Фрэнсис Бэкон, Джон Локк, Жан Жак Руссо сияқты еуропалық Жаңа дәуірдің ірі философтары адамның қоғам мен мәдениеттегі, әлеуметтік және техникалық прогрестегі рөлін дәл осылай түсінеді. Бұл философиялық көзқарастар Еуропа өміріндегі белгілі бір тарихи кезеңнің көрінісі бола отырып, батыстың педагогикалық жүйелерінің негізі болды. Педагогикалық өзара іс-әрекеттің негізгі мақсаты - жеке тұлғаның белгілі бір экономикалық немесе саяси мақсатқа сай қасиеттерін қалыптастыру. Қазақстандағы бүгінгі білім беру жүйесі де батыстық өркениеттің негізгі принциптері бойынша дамып келеді, онда қазақ халқының мәдени байлығының

мәйегі қамтылмаған. Ал білім беру бүгінгі күні тәрбие берумен өте тығыз байланысты.

Тақырыптың өзектілігінің екінші бір жағы антропологиялық өзгерістермен байланысты. Заманауи антропологиялық шындық бойынша, адам, оның өмірінің мақсаты, мәні, өмірдегі қызметі, құндылықтары өзгеріске ұшыраған. «Жаттанудың» барлық тұңғыықтарын бастан өткергеннен кейін (К.Маркс), «баспанасыздықтың» барлық көкжиектерінен (М. Хайдеггер), «деградацияның» барлық азғыруларынан (Ф. Ницше) өткен адам бірте-бірте өзінің адами болмысына оралуы керек, ал оны ұлттық мәдениеттен, ұлттық бірегейліктен іздеуі тиіс, оны ұлттық тәрбиесіз табу мүмкін емес.

Жаһандану, ақпараттандыру, виртуализация үрдістерімен байланысты антропологиялық шындықтың өзгеруі тәрбие үрдістерінің мазмұнын қайта қарауды талап етеді. Мұндай талдаудың қазақ мәдениеті үшін айрықша өзектілігі бар, өйткені қысқа мерзім ішінде еліміз дүниетанымдық және әдіснамалық вакуумды тудырған бірнеше құндылық төңкерістерін бастан өткерді.

Қазақстанда білім беруді жаңғырту және реформалау үрдісі тек жеке тұлғаны ғана емес, бүкіл мәдениет универсумын қайта жаңғырту ретінде ұлттық тәрбиені жаңғырту болып табылатын ұлттық идеяға сүйенетін кезде ғана табысты болады. Тәрбие құбылысының күрделілігі адамның әлеуметтік және мәдени өмірінің күрделілігін көрсетеді.

Ізгіліктік-этикалық тәрбие - адамның қоғамдағы өмірінің негізгі шарты. Қоғамдағы болып жатқан өзгерістердің барлығына адам жауапты. Адам қоршаған ортадағы өзгерістерді мәдениеттегі принциптерге сай жүргізеді. Мәдениет әмбебап өлшем болып табылады.

Қазіргі әлемде бірқатар жағымсыз жалпы әлемдік әлеуметтік тенденциялар қалыптасты, олардың негізгі көзі нарықтық фундаментализмнің жаһандық ауқымда жеңіске жетуімен байланысты: экологиялық дағдарыстың өсуіне және негізгі табиғи ресурстардың сарқылу барысына қарамастан, тұрақты дамудың негізгі критерийі ретінде пайдаға ұмтылу, жаппай тұтынушылық қатынастардың қалыптасуы; жеке тұлғаның да, жалпы мәдениеттің де құндылығын жоққа шығару, құндылықтық және рухани дағдарыстың таралуы; білім беру жүйесін әрбір жаңа ұрпақты тәрбиелеу құралынан адамды капиталдандыру институтына және нарықтық қызметке және тағы басқаға айналдыру. Бұл үрдістердің нәтижелері бүгінгі күні қоғамда үлкен мәселелер тудырып отыр. Экстремизм мен терроризмнің таралуы, нашақорлық, құмар ойындар бұрынғы қоғамдағы негізгі девианттық іс-әрекеттерді артта қалдырып, алдыңғы орынға шықты. Бұл үрдістер тәрбие беру мәселесін қайта қарауды, оны қазіргі өзгерістерге сай мемлекеттік деңгейде, ғылыми-философиялық-педагогикалық мәселе ретінде зерттеуді қажет етеді.

Қоғамның тұрақтылығы, жоғары дәрежеде адамдардың игілігі үшін дамуы әрбір азаматтың еркін шығармашылығымен байланысты. Ғылымды дамытудың гуманистік сипаты адамзат игілігі үшін аса маңызды. Қазақстандағы тұрақтылық

факторларының бірі шығармашылық қабілеттер жүйесін қалыптастыру мақсатында жастардың сапалы білім алуы және оларға гуманистік тәрбие беру туралы мәселені шешу екендігі белгілі. Жастарды қоғамды біріктіру мүддесіне тәрбиелеу ең маңызды, күрделі мәселе. Көп этносты және алуан түрлі конфессиялы қазақстандық әлеуметтік ортада дәстүрлі және заманауи әлеуметтік институттар қатар өмір сүріп келеді. Сондықтан тұрақты қоғамдық ортаны құру үшін әлеуметтік-мәдени жаңарудың рөлі ерекше. Бұл мән-жайларды қазіргі заман құндылықтары мен Қазақстан халқының ұлттық-мәдени дәстүрлерінің органикалық синтезін жүзеге асыра отырып, жастар саясатының мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде қарастыру қажет.

Қоғамдағы түбегейлі өзгерістер аға буын мен жастардың, ең алдымен жасөспірімдердің құндылықтық көзқарастары арасындағы елеулі айырмашылықты қалыптастырды. Ол ұрпақтар арасындағы әлеуметтік алшақтықтардың артуына ықпал етті. Мемлекет тарапынан сындарлы, жүйелі идеологиялық ықпалдың болмауы, бұқаралық ақпарат құралдарының «нарықтық» қызметімен, деструктивті діни ағымдармен, шоу бизнеспен алмастырылды.

Сондықтан қазіргі жастар дүниетанымының нақты сипаттамаларын анықтап зерттеу керек, олар қоғамның тұрақтылығын арттыруға, оның рухани дамуы мен жағымсыз тенденциялардан арылуына, яғни жастардың дүниетанымын қалыптастыратын девиантты факторларды жоюға арналған шараларды жүргізуге мүмкіндік береді. Ең алдымен мұндай тәрбие ұлттық тәрбие болуы керек, ұлттық мәдениетке негізделуі тиіс, ал халықтың мәдениеті гуманизмге негізделген жалпы адамзаттық мәдениеттің ажырамас бөлігі.

Тәрбие идеалы мәселесі адамның тағдыры, өмір сүру үшін не қажет, оның тіршілігін қандай құндылықтарға негіздеу туралы өмірлік мағыналық сұрақтарды қамтиды. Қазіргі философиялық антропология адамның табиғатын зерттей отырып, заманауи мәдениетінің даму факторлары мен механизмдеріне, ұлттық білім беру дәстүрлерін қайта құруға баса назар аударуда. Тәрбие идеалын талдау контекстінің ең негізі оның нәтижелері туралы мәселе болып табылады. Осыған байланысты ұлттық педагогикалық ойға жүгіну, ұлттық тәрбие дәстүрлерінде, философиялық-педагогикалық ой тарихында жинақталған әлеуетті анықтау өзектілігі артып отыр.

Тәрбие мәселесінің өте күрделілігін ескере отырып, диссертацияда тәрбие мәселесіне байланысты сұрақтарға жауапты ұлттық мәдениеттен, өзіндік ерекшелігі бар қазақ халының тәрбиеге байланысты мұраттарынан іздеу керектігі негізгі гипотеза болып табылады.

#### **Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі.**

Адамзат тарихында өнегелі адам идеалының мәселелері туралы ойлар ежелгі дәуірден, Антикадан бастау алады: Конфуций, Лао-цзы, Пифагор, Сократ, Платон, Аристотель. Орта ғасырларда бұл мәселеге А. Августин, Фома Аквинский, әл-Фараби, Ибн-Сина және тағы басқада ғалымдар ерекше көңіл бөлген. Қайта өрлеу дәуірінде, Жаңа дәуірде адам мен қоғамның дамуы үшін

идеалдың қажеттілігі туралы ойларды Т. Мор, Т. Компанелла, М. Монтень, Ф. Бэкон, Р. Декарт, Д. Локк, Б. Спиноза, Ж.-Ж. Руссо және тағы басқашығармаларынан табамыз. Батыстық философияда Д. Дьюи, К. Ясперс, М. Хайдеггер, А. Уайтхед, Дж. Мур, П. Фейерабенд, К. Поппер, Б. Расселдің философиялық идеялары қоғам мен адамның әр түрлі мәселелері аясында тәрбие мен білім беруді байланыстыра зерттеуге арналған.

Тәрбие идеалы мәселесі қазақ қоғамы үшін терең де маңызды мәселе болғаны белгілі. Ол қазақ халқының философиялық ойында, яғни би-шешендердің, ақын-жыраулардың, қазақ зиялыларының шығармашылығында өз шешуін тапқан.

Зерттеудің негізгі идеясы тәрбиенің аса маңызды әлеуметтік-мәдени тәжірибе екендігін негіздеумен байланысты. Ол тәжірибе ұрпақтан-ұрпаққа таралады, халықтың болашағының негізін құрайтын үрдіс болып табылады.

XIX ғасырда қазақ ағартушылары тәрбие мен білім беру, XX ғасырдың басында қазақ зиялылары тәрбие мен мәдениет арасындағы тығыз байланыстарды, тәрбие мен мәдениет мақсаттарының айтарлықтай сәйкес келетіндігін көрсете отырып, өз шығармаларында терең талдаған.

Кеңес дәуірінде білім беру мен тәрбие бір-бірімен тығыз байланыста зерттелген. Э. В. Ильенков, А.С. Арсеньев, Б.С. Гершунский, Г.С. Батищев, М.М. Бахтин, В.В. Давыдовтың еңбектерінде ізгілікті, рухани тұлғаны тәрбиелеу мәселелері жан-жақты, әр қырынан зерделенген, сонымен қатар ғалымдар өз авторлық концепцияларын жасауға тырысқан. Олардың еңбектері кеңес дәуіріндегі білім беру жүйесін дамыту теориясы мен практикасы үшін әдіснамалық, теориялық негіз болды.

Осы аталған авторлардың еңбектері Ресейдегі білім философиясы деп аталатын саланың дамуына негіз болды. Білім беру философиясының тәрбие мәселелерін талдауға қатысты әдіснамалық қызметі адамның әлеуметтенуі, тұлға ретінде қалыптасуына байланысты ғылыми танымының жалпы принциптері мен тәсілдерінің жүйесін жасауына мүмкіндік берді. Білім беру философиясының тәрбие мәселелерін талдауға қатысты В.С. Библер, В.С. Степин, А.А. Гусейнов, В.В. Миронов, Н.В. Наливайко, В.И. Кудашовтың әдіснамалық еңбектерін көрсетуге болады.

Сонымен қатар, диссертациялық зерттеу үшін XXI ғасырдағы қоғам дамуының болашағы үшін тәрбиенің рөлін зерттейтін ғылыми жұмыстар (А. Печчеи, Г. Плеснер, О. Тоффлер, Э. Фромм, Э. Гидденс, К. Роджерс және тағы басқа), сондай-ақ біздің республикамыздағы ізгілікке тәрбиелеудің мәселелерін талдайтын еңбектер маңызды болды (Қ. Әбішев, Ә. Нысанбаев, Ғ. Есім, С.Е. Нұрмұратов, К.К. Бегалинова, Ә. Р. Масалимова, Н. Сейтахметова, Т.Х. Ғабитов және тағы басқа).

Қазіргі уақытта әлеуметтік өзгерістер контекстіндегі тәрбие идеалы мәселесі қозғалады. Онда қазіргі білім беру жүйесінің педагогикалық, экономикалық, әлеуметтік және тәрбиелік функциялары дәйекті түрде талданады,

қоғамның жас ұрпаққа қойылатын талаптарын өзгерту контекстінде тәрбиеге байланысты жаңа мақсатты көзқарастары ашылады.

Қазақ руханиятындағы этика, мораль, адамгершілік мәселесіне М.С. Орынбековтің «Моральді руханият ретінде түсіну» атты зерттеуінде адам өмірі тұлғалық байланыстар, өзара қатынастар, қойылған мақсаттарға жету жолындағы адамдардың коллективті топтасуы, ұйымдасулары мен байланыстары пайда болатын және қалыптасатын қоғамдық әрекет деп анықтама береді. Адамгершілік әрекет бұл қырынан алғанда кең мағынадағы қоғамдық әрекет болып шығады. Моральдық қатынастарды адам ойлап таппайды, олар адамдардың объективті реалды қатынастары ретінде болмыстың рухани құрылымында болады. Мораль арқылы тәрбиелеудің маңыздылығын баса көрсетеді [1, 475 б.].

Белгілі ғалым Т. Әбжановтың «Қазақ неге «ақыл жастан» деп балаларды халық ауыз әдебиетінің, өлең-жырлардың, эпостардың, мақал-мәтелдердің қайнар бұлағымен сусындатып, дұрыс сөйлеп, дұрыс ойлауға баулып, тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйінін іздеткізеді?! Тегі мұнда үлкен мән, терең сыр жатқан сияқты. Бұл кәзіргі кезде, ең алдымен компьютерлер мен робот заманында тереңірек ойлауды талап ететін проблема. Қазіргі ұлттық санасыз, өзіндік санасыз, рухсыз білім беруге бағытталған үрдіс жоғары оқу орындарында белең алып, өршіп барады» деген ойларымен толықтай келісуге болады [2].

Қазіргі қазақстандағы білім беруді тәрбиемен байланыстыра дамытудың заманауи мәселелерін талдауға арналған еңбектердің қатарына Философия және саясаттану институтында орындалған «Трансформация системы образования: взгляд философов» ұжымдық монографияны жатқызуға болады [3].

Тәрбие мәселесін құндылықтар мәселесімен байланыстыра талдау белгілі философ С.Е. Нұрмұратовтың еңбектерінің басты назарында. Бірқатар зерттеулер идеалдарға негізделген тәрбиенің әртүрлі бағыттарын қарастырады: адамгершілік тәрбиесі (Ж.М. Әбділдин, Ә.Н. Нысанбаев); діни тәрбие (Н.Л. Сейтахметова, А.Д. Құрманалиева, Н.Ж. Байтенова, Б. Бейсенов); патриоттық тәрбие (М.З. Изотов, Сағиқызы А., Тұрысжанова Р.К.). Н.В. Гусева, К.К. Бегалинова білім беру философиясы мен педагогикасындағы гуманитарлық-антропологиялық бұрылысты талдайды, мәдени тәжірибені таратудың ерекшеліктерін көрсетеді. Сонымен қатар жастардың құндылықтық бағдарларын әлеуметтік-философиялық талдауға арналған З. С. Айдарбековтің «Социально-философский анализ идейно-ценностных ориентаций молодежи Республики Казахстан» (Алматы, 2008) деген тақырыптағы докторлық диссертациясын атауға болады [4].

Ал Г.А. Абрахматованың «Мировоззренческие парадигмы образования (социально-философский анализ) атты тақырыпта қорғаған кандидаттық диссертациясы қазіргі білім беру жүйесіндегі философияның объективті сипаттары және оқыту мен тәрбиелеудегі оның дүниетанымдық рефлексия ретіндегі орнын анықтауға арналған [5].

Осылайша, қазақстандық авторлар білім беру проблемасының әртүрлі аспектілеріне көп көңіл бөледі деген қорытынды жасауға болады. Бірақ, сонымен бірге, XX ғасырдың бірінші ширегіндегі отандық философиялық-педагогикалық ой өкілдерінің тәрбие мұраттары мәселелері бойынша тұжырымдары жеткілікті түрде талданбаған.

**Зерттеу жұмысының нысаны:** Адам тәрбиесі, дәстүрлі дүниетанымдағы ізгіліктік-этикалық тәрбиенің концептуалды негіздері.

**Зерттеудің пәні:** философия тарихында, қазақ мәдениеті мен философиясында қарастырылған гуманистік, ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалын қазіргі заманауи жаһандық мәселелер тұрғысынан талдау.

**Зерттеу жұмысының мақсаты:** Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде, дүниетанымында қалыптасқан тәрбие идеалы, рухани, ізгіліктік-этикалық тәрбиенің мәнін, мақсатын кешенді түрде әлеуметтік философиялық тұрғыдан талдау, заманауи құндылықтар тұрғысынан ұлттық тәрбиенің маңызын көрсету.

Диссертациялық жұмыстың мақсатына сай зерттеуде төмендегідей **міндеттер** қойылады:

- философиялық-антропологиялық ілімдердегі тәрбие идеалы ұғымының экспликациясын жүзеге асыру, тәрбиенің ұлттық идеалын қалыптастырудың алғышарттарын анықтау, оның негізгі ерекшеліктерін ашу;

- қазақ халқының мәдениетіндегі, тарихындағы тәрбие идеалының даму тенденцияларын көрсету, қалыптасу жолдарын, ерекшелігін анықтау және ұлттық тәрбие дәстүрін қазіргі қоғамдағы адам тәрбиесінің өзекті міндеттерімен байланыста қарастыру;

- адамгершілік нормалары мен қағидаттарының, діни этикалық көзқарастардың мазмұнын және олардың рухани жетілген өнегелі жеке тұлғаны рухани-адамгершілік тәрбиелеудегі ролін анықтау, қазақтың діни философиялық ойындағы тәрбие идеалының ерекшелігін көрсету;

- XIX ғасырдағы қазақ ағартушылары мен XX ғасырдың басындағы зиялы қауым өкілдерінің еңбектеріндегі жеке тұлғаны рухани-адамгершілік тәрбиелеу жолдарын талдау;

- білім беру және ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалын аксиологиялық тұрғыдан қарастыра отырып, білім беру мен тәрбиенің теориясы мен практикасындағы негізгі гуманистік тенденцияларды анықтау;

- қазіргі Қазақстандағы рухани мәдениеттің нормалары мен құндылықтары тұрғысынан қоғамда, отбасында, білім беру салаларында салауатты ұрпақты ізгілікке тәрбиелеу идеалының мәселелерін әлеуметтік-философиялық тұрғыдан талдау.

**Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздері:** Диссертациялық жұмыста қазақ ойшылдарының ізгіліктік-этикалық идеяларының әлеуеті анықталды; қазақ халқының дүниетанымындағы тұлғаны тәрбиелеу идеалы мәселесіне аксиологиялық талдау жасалады; әлемдік философиядағы тәрбие мұратына байланысты көзқарастардың ерекшелігі байыпталады, тәрбие идеалына



анықтама беріледі, қазақ мәдениеті мен қазіргі Қазақстанда ұсынылған тәрбиенің негізгі міндеттері салауатты өмір салтын қалыптастыру тұрғысынан пайымдалды.

**Зерттеу жұмысының практикалық құндылығы:** Зерттеу нәтижелері білім беру тұжырымдамалары мен бағдарламалар әзірлеуде, философиялық антропология, білім беру философиясы, дін тарихы бойынша оқу курстарын оқытуда, сондай-ақ қазақ философиясы мен мәдениеті мәселелеріне арналған арнайы курстар оқуда қолдануға болады. Сонымен қатар жеке тұлғаның рухани дамуына негізделген ізгіліктік, этикалық тәрбиенің теориясы мен практикасы негізінде жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері қазіргі ақпараттық қоғамдағы жастар тәрбиесіне арналған әдіснамалық еңбектерге негіз бола алады.

**Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:**

- ізгіліктік-этикалық тәрбиенің рухани құндылықтық рөлі талданып, мәдени тәжірибе ретіндегі мәдени-әлеуметтік үрдістегі рөлі анықталған;
- қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі тәрбиенің ұлттық ерекшеліктері айшықталды;
- қазақ философиялық ойындағы ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалдары дәйектелген;
- қазақ халқының діни философиялық көзқарастарына талдау жасау арқылы ондағы тәрбиенің мәні мен мағынасы байыпталған;
- тәрбие мен білім арасындағы байланыс пен бірліктің негізінде қазіргі заманғы қоғамдық өзгерістерге сай білім берудің негізгі міндеттері тұжырымдалған;
- қазіргі жаһандану, ақпараттану кезеңінде ізгіліктік-этикалық тәрбие негізінде салауатты ұрпақ тәрбиелеу мәселелері әлеуметтік-философиялық тұрғыдан зерделенген.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:**

1. Тәрбие адамның мақсатты дамуы ретінде әлеуметтік-мәдени үрдісте маңызды рөл атқарады, онда ұрпақтан ұрпаққа халықтың мәдени тәжірибесі таратылады. Тәрбиенің мәдени қызметі адамды әлеуметтендіру, жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, рухани құндылықтар мен әлеуметтік нормаларды беру мақсаттарымен анықталады. Тәрбие мәдениетті жалпыадамзаттық, ұлттық және жеке мазмұнның барлық алуан түрлілігінде қайта жасайды және сонымен бірге адамдардың жеке тұлғаны қалыптастыру үшін қажетті рухани құндылықтарға, ғылыми білімге, мұраттарға, мағыналарға және басқа дүниетанымдық элементтерге деген қажеттіліктерін қалыптастырады және қанағаттандырады.

Тәрбие идеалы тек «үлгі-арман» емес. Идеалдар (мұраттар)- бұл үлкен практикалық күшке ие тірі және тиімді идеялар мен мақсаттар, өйткені олар белгілі бір үлгіні береді, оған сәйкес адам өзінің өмірлік стратегиясын қалыптастырады. Осыған байланысты, қазіргі уақытта ғалымдар жүзеге асыратын тәрбие теориясының негіздемесін тұжырымдамалық іздеуде «тәрбие идеалы» сияқты философиялық категорияға көңіл бөлу маңызды.

2. Идеал (мұрат) - бұл қоғамда немесе жеке адамның санасында жоғары кемелділік туралы бар идеяларды бейнелейтін белгілі бір образ және оған мүмкіндігінше жақындауға деген ұмтылыс, ол адам қызметінің ең жоғары мақсатын құрайды. Тәрбие идеалына нақты тәрбие практикасында түбегейлі қол жеткізу мүмкін емес, бірақ ол адамның өзін-өзі жетілдіруіне, барлық жалпыадамзаттық құндылықтарға, қоғамда қалыптасқан нормаларға, тәжірибелерге сай үлгіні білдіреді. Философия тарихында ізгіліктік-этикалық тәрбие берудің идеалдары әрбір тарихи кезеңге сай, сол кезеңнің рухани-әлеуметтік жағдайына байланысты ерекше мазмұнға ие болды.

Философия тарихында әр кезеңге сай адам туралы идеялардың күрделі сараланған кеңістіктік-уақыттық континуумын көруге болады. Әр кезеңде трансценденттілік, гуманизм, руханилық, өзіндік бірегейлік, адамгершілік және тағы басқа идеяларына негізделген тұтас адам болмысын құру міндеттерін қоятын тәрбие идеалдары ұсынылған. Ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалы философиялық-антропологиялық көзқарастардың эволюциялық ерекшеліктеріне тікелей байланысты. Адамның табиғаты (оның шығу тегі мен мәні), адамның жеке қасиеттерінің қалыптасуы және тағы басқа туралы тарихи және заманауи идеялар тәрбие беру идеалының барабар тұжырымдамалық құрылымдарын және оған қол жеткізу құралдарын (діни, зайырлы, классикалық және ғылыми білім, гуманитарлық және техникалық) қалыптастыру көзі болып табылады.

3. Қазақ халқының философиясы мен педагогикасы - бұл ұлттық мәдениеттің қайталанбас рухани тәжірибесінің дүниетанымдық синтезінің көрінісі, оның маңызды жағы тұлғаның адамгершілігі мен рухани жетілуі, білімділігі ажырамас бірлікте болуында. Қазақ ойшылдарының философиялық-антропологиялық және білім мен тәрбие беруге байланысты көзқарастарында айырмашылықтар жоқ, толық бірауыздылықта болған. Оған дәлел ретінде қазақ ағартушылары мен қазақ зиялыларының көзқарастарын алуға болады.

4. Қазақ ойшылдары мен қайраткерлері үшін сенім - адам болмысының негізі. Олар өздерінің көзқарастарынан жаңа метафизикалық жүйенің тар шеңберін құруға тырыспайды: олар үшін ислам діні алға тартқан абсолютті шындық адамды тәрбиелеудің негізі. Сонымен қатар, ойшылдардың діни көзқарастары шашыраңқы емес, іштей біртұтас. Қазақ халқының ұлттық сана-сезімі қазақтың дәстүрлі мәдениеті мен ислам дініне негізделген. Қазақ ойшылдарының діни көзқарастарын талдау адамның діни-рухани дамуы ағартушылықпен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

5. Ізгіліктік-этикалық, рухани тәрбие мен білім беру тығыз байланыста болатын үрдіс, мұндай тәрбиенің идеалы - тұрақты моральдық принциптері бар және өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті қабылдауға дайын интегралды тұлғаны қалыптастыру. Білім тек зияткерлік саланы ғана емес, сонымен бірге адамның адамгершілік, рухани және эмоционалдық әлеуетін дамытуға бағытталуы керек. Бұл әр адам бір-біріне құрметпен және қамқорлықпен қарайтын үйлесімді және әділ қоғамды құруға мүмкіндік береді.

Қазіргі ақпараттық қоғамда тұлғаның шығармашылық әлеуетін күшейту, адамның өз бетінше ойлау және әрекет ету қабілетін қалыптастыру жоғары дәрежеде білім берудегі негізгі мақсаттардың бірі болып табылады.

6. Қазіргі адам алуан түрлі мәдени ортада өмір сүреді. Қазақстандық көпмәдениетті, көпконфессиялы қоғамда әр ұлттың ұрпақ тәрбиелеу идеалы руханилықпен, планетарлық сананы дамытумен, мәдени құндылықтарды, этникалық, жалпыұлттық және әлемдік мәдениетті игерумен байланысты.

XXI ғасырдың басындағы жаһандық үрдістер тәрбие мен білім берудің мақсаттарына, мазмұны мен технологияларына жаңа талаптар қойып отыр. Ол этникалық және мәдени құндылықтарға, мәдениетаралық және этносаралық коммуникацияларға, әлеуметтік-мәдени ұтқырлық пен икемділікке, мәдени сәйкестендіру мен ұлттық келісімге баса назар аударуды қажет етеді. XXI ғасырдың тұлғалық моделіне гуманистік дүниетаным тән. Гуманитарлық санаға негізделген гуманистік дүниетаным адамды әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа стратегияларын әзірлеуге бағыттайды, өмірдің кәсіби және кәсіби емес салаларында өзін-өзі анықтауға және шығармашылыққа қабілетті субъект ретінде тәуелсіз өмірге дайындықты қалыптастырады.

Ізгілікті-этикалық тәрбиенің бүгінгі идеалы - ізгілік, өзара түсіністік, мейірімділік, жанашырлық, толеранттылық және адамгершіліктің негізінде адамның нәсілдік, діни, ұлттық және әлеуметтік қатыстылығына қарамастан, оның қадір-қасиеті мен құқықтарын құрметтеуге; адамның өзін-өзі ұйымдастыруына, өзін-өзі жүзеге асыруына, алуан түрлі мәдени кеңістікте өзінің «менін» қалыптастыруға; адамгершілікті қатынастар арқылы адамның қадір-қасиетін сақтауға, ұлт мүддесін жоғары қоя отырып, отансүйгіштікті дәріптеп, басқа адамдар мен мемлекеттердің мүдделеріне нұқсан келтірмеуге тәрбиелеу.

**Зерттеу жұмысының нәтижелерінің сыннан өтуі және мақұлданыуы:** Диссертациялық зерттеудің ғылыми нәтижелері мен қорытындылары республикалық, шетелдік жарияланымдарда, Халықаралық ғылыми конференцияларда барлығы 14 мақала жарық көрді. Оның ішінде Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім Министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымында («Адам әлемі», «Әл-Фараби», «Бөкетов атындағы ҚарУ Хабаршысы. Тарих және философия сериясы» журналдарында) 4 мақала, 1 мақала Скопус базасына кіретін «FILOSOFIJA. SOCIOLOGIJA» журналында (процентиль - 72) жарық көрді, ғылыми конференцияларда талқыланды. Аталған мақалалар мен жарияланымдарда зерттеу жұмысының мазмұны толықтай қамтылды.

**Зерттеу жұмысының талқылануы:** Диссертациялық зерттеу Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының кеңейтілген отырысында талқыланып, қорғауға ұсынылды. Хаттама №2, 6 қазан 2023 ж.

**Диссертациялық жұмыстың құрылымы:** Диссертация кіріспеден, әрқайсысы екі параграфтан тұратын үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Зерттеудің құрылымы ішкі мақсат пен логикаға негізделген.

Бірінші тарауда зерттеудің әдіснамалық негіздері айқындалады. Тәрбие идеалы мәселесін зерттеудің теориялық-методологиялық қырлары дәйектеліп, тарихи-философиялық контексте рухани-ізгіліктік тәрбиенің мәні мен мазмұны ашылып көрсетіледі.

Екінші тарауда қазақ мәдениетіндегі ізгіліктік-этикалық тәрбие мәселесінің әлеуметтік-мәдени алғышарттары мен қағидаттары, қазақи дүниетанымда қалыптасқан тәрбие идеалы, тәрбиенің мәні, мақсаты кешенді түрде әлеуметтік философиялық тұрғыдан талданып, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі тәрбиенің ұлттық ерекшеліктері айшықталды. Ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалы мен діни тәрбиенің байланысы зерделенді.

Үшінші тарауда қазіргі қазақстандық қоғамда ізгіліктік-этикалық тәрбие берудің заманауи принциптері туралы мәселелер талданады. Тұлғаның рухани-ізгіліктік тұрғыдан қалыптасуындағы қазіргі білім беру саласының міндеттері, салауатты ұрпақ тәрбиелеуде философияның негізгі атқаратын рөлі мен қазіргі заман құндылықтары нақтыланды.

Диссертациялық жұмыстың көлемі 127 бет.

# 1 ТӘРБИЕ ИДЕАЛЫ МЕН РУХАНИ-ІЗГІЛІКТІК ТӘРБИЕНІ ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСАНАМАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

## 1 Тәрбие идеалы мәселесін зерттеудің теориялық-әдісанамалық қырлары

Ғылыми әдебиеттерде «тәрбие» ұғымы кең ауқымда және тар мағынада анықталады. Сөздің кең ауқымдағы мағынасында тәрбие дегеніміз – қоғамның дамып келе жатқан адамға ықпалы; әлеуметтік қатынастар жүйесінде жүзеге асырылатын адамдардың қалыптасуы. Тар мағынада тәрбие мақсатты психологиялық-педагогикалық қызмет ретінде түсіндіріледі, яғни отбасы мен мектептің тәрбиеленушіге әсері.

Диссертацияда біз зерттеу мақсаттары бойынша олардың қолданылуын ажырата отырып, «тәрбие» ұғымына осы екі тәсілді де қолданамыз: бұл тұжырымдаманы түсіндірудің кең аспектісі қоғамның білім беру қызметінің детерминанттар жүйесін анықтауда тиімдірек, ал тар аспекті жеке тұлғаның қалыптасуындағы әр түрлі факторлардың рөлін нақтылауға мүмкіндік береді.

Тәрбие идеалын талдауда үш түрлі әдісті қарастыруға болады: субъектілі-детерминациялық, ол тәрбие жүйесінің мәнін іс-әрекеттің субъектісі тұрғысынан ашуға мүмкіндік береді; үрдіссуалды-бағдарлық, ол тәрбиені әр түрлі салаларда іске асатын іс-әрекеттік үрдіс ретінде түсіндіреді, сонымен қатар, қызметтік-әдісанамалық, ол тәрбие беруді жүзеге асырудың формалары мен құралдарын анықтайды [6].

Субъективті-детерминациялық тәсіл аясында қоғамдық тәрбие жүйесі келесі негізгі элементтерді қамтиды: тұлға, отбасы, оқу-тәрбие ұйымдары, әлеуметтік орта, мемлекет және жалпы қоғам. Тәрбиені қарастырудың үрдіссуалдық-бағдарлық тәсілі зияткерлік тәрбие, рухани тәрбие (адамгершілік, эстетикалық, діни) және дене тәрбиесі сияқты жүйелік элементтерді атап өтуге мүмкіндік береді. Функционалды-әдістемелік тәсіл элементтер ретінде тәрбиені әсерді жүзеге асыру формаларын (көтермелеу, жазалау, ұсыныс, еліктеу, түсіну), сондай-ақ тәрбие құралдарын (мысал, бұйрық, тыйым салу, оқыту және тағы басқа) анықтайды.

Жалпы жеке тұлға өзін-өзі тәрбиелеу субъектісі ретінде әрекет етеді. Оны әлеуметтік білім беру жүйесіне қосу мүмкіндігі жеке тұлғаның өзі адамның жеке тұлғасында ашылатын әлеуметтік маңызды белгілердің тұрақты жүйесін ұсынатындығына байланысты; ол адамның қоғаммен бірге және тек соның негізінде дамитын әлеуметтік мәнін көрсетеді. Жеке тұлға интеграцияланған әлеуметтік қатынастар оның қалыптасуы мен дамуының сипаты мен бағытын анықтайды, бірақ өз кезегінде жеке тұлға әлеуметтік қатынастардың субъектісі бола отырып, қоғам тарапынан басқа тұлғаларға тәрбиелік әсер етудің өзіндік бағыттаушысы ретінде әрекет етеді, сонымен бірге осы үрдіске өзінің жеке түзетулерін енгізеді және сол арқылы белгілі бір детерминанттың қызметін

орындайды (мұның ең айқын көрінісі – тәрбие үрдісін құрудың субъективті-субъектілі принципі). Бұл, біздің ойымызша, жеке тұлғаны әлеуметтік тәрбиенің жеке субъектісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Тәрбиенің маңызды жүйе құраушы принциптері: тиісті әлеуметтік байланыстар мен қатынастар (субъективті-детерминациялық кіші жүйе) арқылы субъектілердің тәрбиелік белсенділігін жүзеге асыру принципі, тәрбие үрдісінің әртүрлі салаларының үйлесімді даму принципі (үрдіссуалдық-бағдарлау кіші жүйесі) және тәрбие әсерінің нысандары мен құралдарын (функционалдық-әдістемелік кіші жүйе) бірлік және өзара толықтыру принципі болып табылады.

Басқа қызмет түрлерімен салыстырғанда тәрбие қызметінің келесі негізгі ерекшеліктерін ажыратуға болады: 1) оның мақсаты тәрбиеленушінің бойында тәрбиенің идеалына сәйкес кейбір қасиеттердің дамуына ықпал ету және басқаларды тежеу болып табылады; 2) оның әсері әлеуметтік байланыстар мен қатынастар арқылы жүзеге асырылады; 3) оның нәтижесі әлеуметтік субъектінің белгілі бір жағдайы.

«Тәрбие» ұғымы «мәдениет» ұғымымен тығыз байланысты. Ғылыми әдебиеттерде «мәдениет» ұғымының 500-ден астам түрлі анықтамалары бар, бұл маңызды философиялық мәселе. «Мәдениет - философиялық ой-толғамның аса маңызды, терең теориялық мәнді ұғымдарының бірі. Мәдениет ұғымы қоғам өмірінің түрлі салаларына байланысты жиі пайдаланылады. Қысқасы, бұл ұғым саналы іс-әрекет жемісін даму үдерісінде көрсетуге бағытталған. Әрбір тарихи дәуірдің өзіндік мәдениеті бар. Сол сияқты әрбір халықтың өзіне ғана тән дәстүрлері болады. Бұдан мәдениеттің көптүрлілігі ондағы жалпылықты, әмбебаптылықты теріске шығарады деген қорытынды туындамау керек. Керісінше, мәдениеттің нақтылы тарихи түр алуы оның мазмұнының күрделілігін және ондағы жалпы ерекшеліктің диалектикасын білдіреді» [7].

Мәдениетті материалдық және рухани еңбек өнімдерінде, әлеуметтік нормалар мен мекемелер жүйесінде, рухани құндылықтарда, адамдардың табиғатқа, өзара және өзіне деген қарым-қатынастарының жиынтығында ұсынылған адам өмірін ұйымдастырудың және дамытудың нақты тәсілі ретінде түсіну, дәстүр мен жаңашылдықтың диалектикасы арқылы тәрбиенің әлеуметтік-мәдени детерминациясын түсіну үшін әдіснамалық тұрғыдан маңызды болып көрінеді. Осыған байланысты мәдениетті тек шығармашылықпен байланыстыратын және сәйкесінше адамның іс-әрекетін «мәдени» (яғни шығармашылық) және «мәдени емес» (механикалық, репродуктивті қызмет) деп бөлетін бірқатар философтардың пікірімен келіспеуге болады. Біздің пікірімізше, мәдениет мәдени мұра ретінде де (яғни, адамдарды қалыптастыратын, олардың дамуы үшін белгілі бір мүмкіндіктер жасайтын және оларға тиісті талаптар қоятын мәдени орта) және мәдени шығармашылық ретінде де (яғни, динамикалық, дамып келе жатқан және шығармашылық қызмет нәтижесінде жетілдірілетін нәрсе) көрінетін тағы бір тәсіл ретінде де негізді. Мәдени мұра

бойынша тәрбие халықтың дәстүріне сәйкес анықталады, ал шығармашылық тұрғысында қарастырылатын мәдениетте тәрбие инновациялық сипат алады.

«Тәрбие» ұғымы «білім» ұғымымен де тығыз байланысты. Егер тәрбие жеке тұлғаның өсіп-жетілуіне ықпал ету тәсілі ретінде, өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу үшін жағдай жасау ретінде көрсетілсе, онда білім беру субъектінің жалпы мәдениеттегі, ғылымдағы жинақталған ілім, білімді игеру, сол арқылы жетілдіру болып табылады.

Тәрбиені талдау үшін қолданылған үш әдіснамалық тәсіл тұрғысынан білім беру осы әлеуметтік құбылыстардың ішінара сәйкестігін, өзара енуін және өзара тәуелділігін атап өтуге мүмкіндік береді. Сонымен, субъектілі-детерминациялық тәсіл шеңберінде білім беру мен тәрбиенің әлеуметтік субъектілерінің белгілі бір сәйкестігін айтуға болады; үрдіссуалды-бағдарлық тәсілі зияткерлік қызмет саласындағы білім мен тәрбиенің өзара байланысын атап өтуге мүмкіндік береді; қызметтік-әдіснамалық аспектіде білім беру мен тәрбиелеудің формалары мен құралдары бір-біріне сәйкес келеді және бір-бірін анықтайды. Тәрбие мен білім берудің салыстырмалы талдауы олардың өзара байланысы мен өзара анықталуын негіздейді: тәрбие үрдісі субъектінің тиісті білімді қажет ететін өз іс-әрекеттерінің мағыналық деңгейіне жетуіне ұмтылысын көрсетеді; өз кезегінде білім беру үрдісі алдыңғы тәрбиенің нәтижелеріне негізделеді және оны жүзеге асыруда белгілі бір тәрбиелік міндеттерге қол жеткізуге ықпал етеді (еңбекқорлықты, мақсаттылықты және тағы басқадамыту). Білім беру тәрбиенің жалпы әлеуметтік міндеттерін шешуші құрал болып табылады, ол әлеуметтік-мәдени міндеттерді жүзеге асыра алатын және өзін-өзі жетілдіре алатын адамның қалыптасуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, «тәрбие» және «білім» ұғымдары мазмұны жағынан бір-бірінен ажыратылады, сәйкес емес. Тәрбие дегеніміз – белгілі бір идеалға сәйкес қоғамда тұлғаның бойындағы кейбір қасиеттерді дамытып, кейбір теріс қасиеттерін тежеу, олардан арылту мақсатындағы іс-әрекет. Тәрбие адамның денесіне, жанына және рухына таралады. Білім, ең алдымен, жеке тұлғаның рухани болмысымен байланысты және субъектіде белгілі бір білім мен дағдылар жүйесін қалыптастырушы ретінде әрекет етеді. Білім беру үрдісі адамның ырқына, жеке тұлғаның көзқарасына, яғни алдыңғы тәрбиенің нәтижелеріне сүйенеді.

Осыған сүйене отырып, «тәрбие» ұғымы «білім» ұғымына қарағанда мазмұны жағынан кеңірек деген қорытынды жасауға болады. Білім беру жүйесін тәрбие жүйесіндегі ішкі жүйе ретінде қарастыруға болады, ол әлеуметтену үрдісі мен әлеуметтену агенттері (отбасы, мектеп және тағы басқа) арасындағы делдал болып табылады.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде білім беру мен тәрбие беру ажырамас тұтастық ретінде ұғынылып келген. Оқыту әрқашан жақсылыққа оқыту болып есептелген, білімді адам тәрбиелі, білгір, адамгершілігі мол адам болып есептеген, білім беруші ұстаздың ниеті, бойындағы қасиеті әрқашан білім алушыға, яғни тәрбиеленушіге беріліп отырған. Халықтың сана-сезімінде,

дүниетанымында осындай ұстанымдар қалыптасқан. Олар туралы келесі бөлімде толығырақ, егжей-тегжейлі қарастырылады.

Қазақ тілінде жарық көрген философиялық сөздік, философиялық энциклопедияларда білім, тәрбие ұғымдары, оқыту туралы деректер кездеспейді. Орыс тілінде жазылған онлайн философиялық энциклопедияда тәрбие қоғамның дамушы адамға әсері ретінде түсіндіріледі: тәрбие сөзінің тар мағынасында ата-аналар мен мектептің тәрбиеленушіні жетілдіру мақсатындағы ықпалы, оның қабілеттерін ары қарай дамытуға, сондай-ақ белгілі бір шығармашылыққа ұмтылысы бар адамға жүйелі ықпал ету екендігі көрсетіледі. Онда: «Тәрбиенің мақсаты - оқушының бойында бар дарынды жетілдіруге ықпал ету, немесе мақсатқа сәйкес белгілі бір бейімділіктерді тежеу (тәрбие идеалы). Тәрбие құралы - ең алдымен тәрбиешінің тәрбиеленушіге беретін бұйрығы (талап пен тыйым), сендіру, оқыту және үйрету. Тәрбие денеге, жанға және рухқа таралады және дамып келе жатқан бейімділіктерден және қабілеттерінен белгілі бір үйлесімді тұтастықты құрастырады. Сондай-ақ өсіп келе жатқан тәрбиеленушінің өзі үшін және қоғам үшін басқа адамдарға, отбасына, халыққа, мемлекетке және тағы басқа қатысты рухани көзқарастарды игеруі» [8]. Сонымен қатар, бұл энциклопедиялық сөздікте барлық жылдары шыққан сөздіктер біріктірілген. Оларда әртүрлі түсініктер берілген. Бірақ барлығы білім беру мен тәрбиенің қатар жүретіндігін айғақтайды.

Диссертациялық жұмыстың тақырыбы қазақ мәдениетіндегі адамгершілікке тәрбиелеу идеалына байланысты болғандықтан, тәрбиенің ұлттық дәстүрдегі мағынасы талданады. Бұл жерде тәрбиені оның динамикасы тұрғысынан, яғни дәстүр мен жаңашылдық диалектикасы тұрғысынан талдау да маңызды.

Әдіснамалық тұрғыдан дәстүрлер мен инновациялардың диалектикасын ашуда «өткен кезен», «қазіргі заман» және «болашақ» ұғымдарының, сондай-ақ «жаңа» және «көне» ұғымдарының арақатынасын түсіну маңызды. Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімі дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі тәрбиенің формаларын, түрлерін, мән-мағынасын ашуға бағытталса, ендігі кезекте сол дәстүрдің қазіргі қазақстандық қоғамда өзектендірілуі, заман талабына сай өзгеріске түсуі сияқты маңызды мәселелер талданады, Сонымен қатар тәрбие мен білім берудің байланысы дәстүр мен жаңашылдық диалектикасы тұрғысынан зерделенеді.

«Өткенді», «бүгінгіні» және «болашақты» ажыратудың өлшемі оның мәнінің субстанциялық-айқындаушы аспектісінде әлеуметтік уақыттың өзгеруі болуы мүмкін [9] Бұл мағынада «уақыт» белгілі бір тарихи жағдайдың немесе дәуірдің әлеуметтік субъектілерінің барлық тіршілік формаларының жалпыланған сипаттамасы болып табылады. Бұл ұғым әлеуметтік қатынастарды, әдет-ғұрыптарды, дәстүрлерді, наным-сенімдерді, әлеуметтік-тарихи психологияның типтік ерекшеліктерін қамтиды. Тиісінше, өткенге басқа (қазіргі және болашаққа қатысты) тарихи уақыттағы әлеуметтік субъектілердің өмір сүру формаларының сапалы белгілерін көрсететін нәрсе жатады. Осы тұрғыдан алғанда, бір



күнтізбелік уақытта өткенге де, бүгінге де, болашаққа да қатысты құбылыстар мен үрдістер қатар өмір сүре алады, бұл – әлеуметтік қозғалыстың сабақтастығы мен реттілігі механизмінің көрінісі.

«Өткен кезен», «қазіргі заман» және «болашақ» ұғымдарының арақатынасы білім беру парадигмаларының дәйекті өзгеруін, олардың инновациялық сипатын ғана емес, сонымен бірге олардың дамуындағы дәстүрлердің сақталуын да көрсетеді. Бұл ұғымдар тәрбие үрдісінің әлеуметтік-мәдени детерминациясының уақытқа байланысты аспектісін көрсетеді. Бұл жерде дәстүрді бүгінгі мен кешегінің байланысы, мүлдем жоғалып кетпейтін байланыс, өйткені ол қоғамның өз табиғатында бар мұра ретінде берілетін байланыс деп қарастыратын П. Штомпканың пікірімен келісуге болады [10]. Жалпы алғанда «өткен» «қазіргіде» екі формада болады: объективті түрде, тарихи объектілер материалдық тұрғыда сақталған кезде және субъективті түрде, яғни өткеннің мұрасы қоғам мүшелерінің санасында қазіргі мәдениеттің бір бөлігіне айналған идеялар ретінде. Екі жағдайда да өткен қазіргі уақытқа әсер етіп, мәдениеттің маңызды детерминанты ретінде қызмет атқарады.

Жанашылдық, дәстүрлердің үзілуі «ескі» мен «жаңа» ұғымдарының арақатынасында айқын көрінеді. Күнделікті қолданыста жанашылдық бүгінгі күннің өткеннен ерекшелігін білдіреді. Философиялық мағынада жаңа дегеніміз, бұл – одан әрі даму мүмкіндігі бар, яғни болашағы бар нәрсе. Тиісінше, көне – бұл дамуға қабілетсіз, өзінің әлеуетін сарқып алған, сондықтан болашағы жоқ нәрсе.

Тәрбие үрдісінің күйлері ретінде жаңа мен ескі ұғымдары теріске шығару ұғымымен тікелей байланысты, сонымен қатар бұл ұғымдар сабақтастық ұғымымен де ажырамас бірлікте қарастырылады. Жаңа көнені жоққа шығарады, бірақ сонымен бірге оған қатысты белгілі сабақтастықты сақтайды, соның арқасында әлеуметтік-мәдени қызметтің үздіксіздігі сақталады. Кез-келген сапалық өзгеріс, бір жағынан, ортақ негізді, яғни сабақтастықты сақтауды көздейді, бірақ екінші жағынан, белгілі бір мағынада тәрбие беру үрдісінің жаңа сапалы күйі үнемі оның көне сапалық күйін жоққа шығарады.

Тәрбие үрдісінде жанашылдық ұғымы нақтыланады, ал көне мен жаңаның диалектикасында сабақтастықтың мағынасы «дәстүр» ұғымы арқылы ашылады. Дәстүр – адамзаттың сан ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп, жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесіне сәйкес келетін, ұрпақтың ұрпаққа қалдырған мұрасы, тәжірибесі. Бұл мәдениет дамуының нақты кезеңдері арасындағы қарым-қатынастың белгілі бір түрін білдіреді, мұнда ескі жаңаға ауысады және оның одан әрі дамуына ықпал ете отырып, өмір сүруін жалғастырады.

Әлеуметтік-мәдени үдерісте дәстүр келесі негізгі функцияларды орындайды:

- 1) белгілі бір әлеуметтік байланыстар мен қатынастарды тұрақтандыру;
- 2) алдыңғы ұрпақтардың жетістіктерін жинақтау және тарату (нормалар, құндылықтар, идеалдар, ережелер және тағы басқа);

3) бір нәрсенің бар болуының заңдылығын негіздеу (дәстүрге сілтеме заңдылық көздерінің бірі ретінде қарастырылады);

4) ұжымдық бірегейлікті білдіру (дәстүрлі қоғамдастық, ұлтқа, қауымдастыққа, топқа деген адалдық сезімін күшейтеді);

5) субъектінің психологиялық тұрғыдан қанағаттанбауының орнын толтыру (өмірлік шындықты дәстүрмен байланыстыру белгілі бір келеңсіз жағдайларды жеңуге, күнделікті өмірге қанағаттанбауды жеңілдетуге көмектеседі).

Бұл категориялық-тұжырымдамалық және функционалды талдауды қорытындылай келе, тәрбие беру үрдісінде дәстүр мен инновацияның диалектикасы туралы дәстүр инновацияның пайда болуының негізі және әлеуметтік-мәдени жүйеге одан әрі кігірту тәсілі ретінде қызмет етеді; инновация дәстүрдің даму көзі, оны түзету құралы болып табылады, бұл дәстүр мен оның өмір сүруінің өзгеретін әлеуметтік-мәдени ортасы арасындағы қайшылықты жоюға мүмкіндік береді деген тұжырымдар жасауға болады.

XX ғасырдың соңғы ширегінде экономикасы дамыған елдерде басталған ақпараттық революция барлық мемлекеттерге, соның ішінде Қазақстанға де ықпал етті. Ол адам өмірінің негізгі салаларын - экономиканы, қарым-қатынасты және мәдениетті қамтыды. Ең алдымен дене еңбегінің өзгеруіне әкелген өнеркәсіптік революциядан айырмашылығы, ақпараттандыру зияткерлік қызмет саласына, ғылым, білім, рухани мәдениет салаларына көбірек қатысты. Қоғамды ақпараттандыру адамзаттың жаһандық мәселелерін шешу қажеттілігінен, өндіріс көлемін өсіруде, еңбекті қарқындату мен парасаттандыруға, экологиялық дағдарысқа, әлеуметтік басқару үрдістерінің күрделенуіне және қоғамдық өмірді ұйымдастыруға байланысты үлкен көлемдегі ақпаратты пайдалану қажеттілігінен туындайды.

Жаппай компьютерлендіруде, жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды кең көлемде енгізуде, әлеуметтік дамудың болжамды модельдерін құрудың инновациялық тұжырымдамалары пайда болды. Ғылыми-техникалық революцияның прогрессивті дамуы өркениеттің дамуының жаңа деңгейі, жаһандық өзгеріс болып отыр. Ақпарат қазіргі күні негізінен сарқылмас ресурсқа айналды.

Ақпараттық қоғамның қалыптасу үдерісін зерттеу және талдау көптеген ғалымдардың назарын аударуда. «Ақпараттандыру» құбылысы және ақпараттық қоғам генезисінің мәселелерімен алғаш рет батыс зерттеушілері Д. Белл, К. Кларк, Дж. Мартин, Й. Масуда, О. Тоффлер айналысты. Бұл ғалымдар постиндустриалды қоғамдағы ақпараттандырудың рөлін зерттеумен де айналысқаны белгілі. Отандық зерттеушілердің қатарында В. Дунаев, М. Изотов, А. Хамидов, Р. Сартаева, А. Сағиқызын атап өтуге болады.

Ақпараттық қоғамның мәнін әйгілі американдық футуролог Олвин Тоффлер былай деп ашып көрсетті: «Біздің планетамызда өндірістің жаңа тәсілі пайда болады, ол бұрынғыға қарағанда әлдеқайда озық және қуатты, индустриалды. Ол микроэлектроника мен информатикаға, автоматтандырылған және роботты икемді

өндіріс жүйелеріне негізделген, мұнда білім, біліктілік, шығармашылық ұстанымы бірінші кезекке шығады. Бұл сөзсіз өмірдің барлық салаларында терең өзгерістерге әкеледі» [11, 119 р.].

XX ғасырдың 40-жылдарында австриялық экономист К. Кларк жаңа қоғам – ақпараттық және қызмет көрсету қоғамы, өзгеше технологиясы мен экономикасы бар қоғамның қалыптасатындығын болжады [12]. Бұл идея Д. Белл және басқа да батыс ғалымдарының еңбектерінде тұжырымдалған постиндустриалды қоғам деп аталған теорияларда жалғасын тапты [13]. Жапон ғалымы Й. Масуда ақпараттық қоғамның алдағы постиндустриалды дәуірінің маңызды принципін анықтады, оған сәйкес білім материалдық игіліктерден гөрі құндырақ болады [14].

Қазіргі ақпараттық даму типінің ерекшелігі әлеуметтік-мәдени кеңістікке ақпараттардың өте үлкен көлемде таралуында. Ақпарат феномені жаһандық мега-социумның постиндустриалды дамуының құрылымдық негізі болып табылады. Жаһандану жағдайында, әлемдік мега-социумның түпкілікті өзгеріске түсуі нәтижесінде жаңа әлеуметтік-мәдени шындық қалыптасып келеді. Ол бүгінгі дүниетанымдық әмбебаптар арқылы сипатталмайды. Ол үшін адам, әлем, адамның жаһандық эволюциясы, социум туралы жаңа ұстанымдар қажет. Қоғамның мұндай жаңа күйін зерттеушілер постиндустриалдық, посткапиталистік, постэкономикалық, супериндустриалды, ақпараттық, білім қоғамы деп атап келеді [15, 180 с.].

Әлеуметтік-экономикалық болжау саласындағы жетекші мамандардың бірі Джон Нэсбит, ақпараттық қоғамды жаһандық әлеуметтік өзгерістер үрдісі ретінде сипаттады, оларды қоғамдық тұрғын үйлерден жеке тұрғын үйлерге; мемлекеттік реттеуден нарықтық механизмге; ұжымшылдықтан индивидуализмге; үкіметтік монополиядан бәсекелестік принципке; мемлекеттік индустриядан жеке компанияларға; мемлекеттік әлеуметтік қауіпсіздіктен жеке сақтандыру агенттіктеріне; жоғары салықтан төменге өтумен байланыстырды [16, 89-93]. Ақпараттық қоғамның, жалпы қоғамның дамуы социумдағы білімнің деңгейімен, оны жеткілікті түрде жүзеге асыру тетіктерінің болуы және оны дұрыс пайдаланумен тығыз байланысты. Отандық зерттеуші М.З. Изотовтың пікірінше, кез келген жеке адамның білімі оның ақпараттардан хабардар екендігін білдіреді. Олар әр түрлі пәндік аумақта күнделікті өмірге тиісті деректерді қажет етеді. Ол әр адамның білім деңгейін анықтайды. Алынған білім өмірлік әр түрлі жағдайларда қолданыс табады, ол күнделікті белгілі бір міндеттерді шешуге, шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Ол үшін адам ұдайы білім алып, білімін жетілдіріп отыруы тиіс, ол әлеуметтік өмір үшін де, еңбек ету саласында да маңызды [17, 134 б.]. Яғни, әрбір жеке адамның ақпараттық қоғамда дамуы мен жетілуі білім деңгейіне, оны жүзеге асыра білу қабілетіне байланысты болады. Ал білім мен тәрбиені ұштастыру ақпараттық қоғам үшін аса маңызды болып табылады.

Батыстық және отандық ғалымдардың осы идеяларына сүйене отырып, дәстүрлер мен инновациялардың диалектикасына сай ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалының мазмұнына талдау жасайтын болсақ, мыналарды анықтаймыз.

Қоғамның даму қарқынының жеделдеуі. Ақпарат ағыны әр 20 айда екі есе артып отырғаны белгілі. Қазіргі кезде, ғалымдардың айтуынша, қоғамдағы елеулі өзгерістер арасындағы уақыт аралығы күрт қысқарды. Сонымен, XX ғасырдың басында біздің елде дүниеге келген адамдар өркениеттің үш кезеңінен өтті (аграрлық, индустриалды және постиндустриалды). Адамзат тарихы, қазіргі заманғы типтегі кроманьоннан бастап, әр 25 жыл сайын жаңа ұрпақ пайда болады деп есептесек, небәрі 1600 ұрпақтан тұрады. 1200 ұрпақ үңгірлерде, 240 ұрпақ жазу пайда болған дәуірлерде өмір сүрді, ал 22 ұрпақ өмір сүрген кезде кітаптар басылып шықты. Электр жарығымен тек бесінші ұрпақ өмір сүріп келеді. Автомобильдер, ұшақтар, радио, кино біздің өмірімізге шамамен 100 жыл бұрын ене бастады, теледидар 60 жыл бұрын, ал компьютерлер пайда болғалы 50 жылдай болды [18, 105-108 бб].

Байланыс (коммуникация) саласындағы орасан зор революциялық өзгерістер. Телеграф, телефон, радио, теледидар, талшықты оптика арқылы ақпарат беру жылдамдығының артуы байланыс, өзара әрекеттесу, көптеген үрдістерді бірлесіп басқарудың жаңа, жақсы тәжірибесімен танысу мүмкіндігін мың есе арттырды. Дамудың қазіргі кезеңі - қоғам хабарламаларды берудің орасан зор жылдамдығымен сипатталады; берілетін ақпарат көлемінің бұрын-соңды болмаған өсуі (мысалы, өлшемі 1 мм-ден аз лазердің көмегімен Үлкен Кеңестік энциклопедияның 30 томының мазмұны секундтың бір бөлігінде берілуі мүмкін); компьютерлерде (және бүгінгі күні дербес компьютерлерде) ақпаратты өңдеуді жеделдету; жалпыға қолжетімді деректер банктерін құру және жетілдіру; жоғары технологиялардың жаңа жүйелерінің тууы; коммуникациялық спутниктердің арқасында Ғаламдық байланыс және навигация жүйесінің пайда болуы; жаңа ақпаратты, жаңа өнертабыстарды енгізуді жеделдету.

Жасанды интеллект пен арнайы, «виртуалды» шындықты құру. Заманауи ақпараттық технологиялар виртуалды шындықты құруға мүмкіндік берді. Аудиовизуалды дулыға киген адам «компьютерлік кеңістіктің» ішінде жаңа, жасанды түрде жасалған байланыстар мен қатынастар жүйесіне түседі [19].

Осы факторлардың әрекетінің әлеуметтік салдарына талдау жасасақ, қазіргі дамудың маңызды парадоксын анықтауымызға болады, бұл Джон Нэсбиттің ескертуі бойынша, «бізді ақпарат тасқыны басып жатыр, бірақ біз білімге келгенде әлі зәруміз» [20, 19 б.]. Ақпараттық көшкінді қолға үйретуге арналған компьютерлер мен телекоммуникация құралдары оны күшейтеді. Бірақ, артық, бақыланбайтын және ұйымдастырылмаған ақпарат дұрыс шешім қабылдауды қиындатады, сонымен қатар оның толыққандылығы да күмән тудырады, саны көп болғанмен сапасы төмен де болуы мүмкін. Ақпараттық қоғамда бақыланбайтын және ұйымдастырылмаған ақпарат білім көзі бола алмайды. Адамның интеллектуалды деңгейіне қойылатын жаңа талаптар мен осы талаптарды өз

дәрежесінде қанағаттандыра алмайтын қолданыстағы білім беру жүйесі арасындағы қайшылық анықталып, өсуде.

Байланыстың тығыздығы мен жылдамдығының артуы, бір жағынан, адамдардың қарым-қатынасына ықпал етеді, ал екінші жағынан, жеке тұлғаның жаттануына әкеледі. Жеке тұлға барған сайын компьютермен жалғыз қалады, таза адам аралық байланыстарды елемейді. Адамдардың өмірінің барлық салаларын компьютерлендірудің бұрын-соңды болмаған қарқыны (өмір, жұмыс, бос уақыт және тағы басқа) қорқыныш тудырады, кейбіреулерінде жеткіліксіздік сезімі пайда болса, ал біреулерде компьютерлік сауаттылықтың себебінен басқалардан артықшылық сезімі бар.

Жасанды интеллект құру, тірі адамнан алынған виртуалды тұлғаның пайда болуы, іс жүзінде өлмейтін тұлға біздің өркениетіміз үшін ауыр, болжауы қиын салдарларға әкелуі мүмкін. Қоғамдық компьютерлік желіге қосылған компьютерлік адам ғаламдық деңгейдегі үрдістерге әсер етуі мүмкін (соғыстарды бастау, қаржылық-экономикалық жағдайды реттеу, миллиондаған адамдардың санасын манипуляциялау).

Қоғамды ақпараттандырудың осындай қарама-қайшы әлеуметтік салдары адамгершілік тұрғысынан, этикалық тәрбиенің мақсаттарына, құралдары мен әдістеріне жаңа талаптар қояды. А. Сағиқызының пікірінше, болашақ білім қоғамында ізгілендіру және білімді гуманитаризациялау (ең алдымен, ғылыми білімді) басты принципке айналуы тиіс [21, 234 б.].

Білім беру тұлғаны тәрбиелеудің әлеуметтік-мәдени детерминанты бола отырып, қазіргі ғылым мен адам санасының дамуы арасындағы байланыстың негізгі арнасы болып табылады. Сонымен қатар, білім жеке тұлғаны әлеуметтендірудің оқу үрдісін де, оның өзін-өзі тәрбиелеу үрдісін де жүзеге асыру құралы ретінде қызмет етеді.

Тәрбие жүйесінде отбасы ерекше орын алады. Отбасы тұлғаның экономикалық, әлеуметтік-саяси және рухани дамуына тікелей әсер етеді және тәрбиенің барлық кейінгі үрдісінің әлеуметтік-моральдық негізін құрайды. «Отбасы – біздің әрқайсысымызға ғұмыр бойы сүйеу болатын, негізгі әлеуметтік қауымдастық болып табылады. Отбасы маңызды әлеуметтік институт (макродеңгей) пен кішігірім әлеуметтік топ (микродеңгей) ретінде, тұлға мен қоғам қызығушылықтарын үйлестіретін делдалдық рөлді атқарады, мемлекет тұрақтылығын анықтайтын маңызды бөлім және де өскелең ұрпақты әлеуметтендіру қызметін атқарады. Отбасының жетістігі, тұрақтылығы әлеуметтік тұрақтылықтың басты шарты және азаматтық қоғам дамуы бағытының көрсеткіші болып табылады» [22, 5 б.]

Қазіргі дамыған индустриалды қоғам кезеңінде отбасының тәрбиелік әлеуетін барынша арттыру туралы мәселе жан-жақты көтерілуде. Білім беру салалары мен отбасы арасындағы байланысты орнату, оның оңтайлы мүмкіндіктерін пайдалану өте маңызды. Қазіргі заманғы әлеуметтанулық

зерттеулер көрсеткендей, бүгінде көптеген балалар толық емес отбасыларда, жағдайы төмен, қолайсыз отбасыларында өсуде.

Қазіргі заманғы өзгерістердің динамикалық үрдістерінің ықпалымен отбасы институты да өзгерістерге ұшырап отыр. Дәстүрлі мемлекеттерді, шын мәнінде батыстық мемлекеттерде тұратын көптеген адамдарды да алаңдатып отырған мәселенің бірі отбасы өзінің тұрақтылығын жоғалтып бара жатқандығы. Ол ана мен әкенің қарым-қатынасы, махаббат пен қамқорлық мәселесімен қатар, жыныстық тәрбиенің бұрмалануы. Мұндай тәжірибені мойындау мәдениетті, адамдардың өзін-өзі тануын өзгертеді, өйткені ең қастерлі де қасиетті құндылықтардың бірі ана мен әке болу, адамның әмбебап өмір салты, бала тәрбиесі, мәдени және тарихи тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жалғастыруды терістейді.

Отбасылық тәрбие туралы айтатын болсақ, ақпараттық белсенділіктің күшеюі, жариялылық, баспа, әлеуметтік желілер және теледидар арқылы адам өмірінің барлық салаларын дамытудағы кемшіліктер мен қайшылықтардың айтылуы ата-аналардан балалармен қазіргі уақытта өзекті болып табылатын мәселелерді байыпты, ашық жүйелі талқылауды талап ететіндігін атап өту маңызды. Бұл - қоғамның құндылықтық бағдарларын әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыру ісіне қызмет етуге бағыттауға қабілетті негізгі жолдардың бірі. Бұл істің сәттілігі отбасы баланы, жасөспірімді өзін-өзі жетілдіруге, өзін-өзі тәрбиелеуге қаншалықты итермелейтініне байланысты.

Отбасылық қатынастардағы жағымсыз үрдістерді жоюға жол ашатын жағдайларды болдырмау үшін қоғамның әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын арттыра отырып, кешенді шараларды іске асыру мемлекет алдында тұрған үлкен мәселе екені белгілі. Отбасы институтын нығайтуға арналған бағдарламалар қажет. Қазіргі отбасының әлеуметтік қабілеттілігін күшейту маңызды мәселе, болашақ ұрпақтардың рухани жетілуі мемлекеттік қауіпсіздік мәселесімен тығыз байланысты. «Алайда, қазіргі дәуірдің динамикалық жағдайы барлық әлеуметтік институттар үшін, оның ішінде отбасы үшін, мәселе тудырып отыр. Бүкіл әлемде ажырасулар саны үнемі өсіп келеді, азаматтық некеде тұруға, балалы болмай-ақ отбасын құруға, бір жынысты одақтар құруға немесе мүлдем отбасылық қатынастарға түспеуге деген ұмтылыс күшейіп келеді. Ғылыми әдебиеттерде отбасы дағдарысы туралы пікірлер айтылып келеді, яғни әлеуметтік онтологияны ұйымдастырудың постмодерндік параметрлеріне сай, дәстүрлі мемлекеттік және отбасылық құрылымдардан тысқары ұстаным» [22, 100 б.].

2013 жылы жарық көрген «Қазақстандық отбасы қоғамның негізгі құндылығы ретінде: жағдайы және даму үрдістері» атты монография авторлары Г. Соловьева мен Е. Бурова «Қазақстандық қоғамның бірлігі әр түрлі сатыдағы ұрпақтар үшін ортақ келетін дәстүр мен рухани-өнегелік құндылықтар арқылы анықталады» [22, 6 б.] деп тұжырымдайды. Авторлар 2012 жылы жүргізілген әлеуметтанулық зерттеулерді қорытындылай отырып, Қазақстанда құндылықтар жүйесінің айтарлықтай өзгеріске ұшырағанын айтады. Онда отбасының рөлін,

«қоғамның тұрақты дамуындағы мүмкіндіктер мен жауапкершіліктерін арттыруда қазақстандық қоғамның жоғары гуманистік әлеуетінің бар екендігін» көрсетеді [22, 69 б.]

Г. Соловьеваның пікірінше, Қазақстанда дәл осындай үрдістер байқалады, яғни отбасылық қатынастардың бұзылуына, отбасылық құндылықтардың жойылуына, ажырасулар санының артуына жаһандық үрдістер ықпал етеді. Сонымен қатар, автор екі факторды атап көрсетеді. «Бірақ біздің еліміздегі жағдай екі мәселемен байланысты. Біріншісі – арнайы демографиялық диагноз. Егер әлемнің көптеген елдерінде жер бетіндегі халықтың тез өсуіне байланысты туу деңгейінің өсуін қатаң жоспарлау міндеті қойылса (ғасырдың ортасына қарай бұл сан шамамен 8 миллиардқа жетеді), онда біздің республикада, керісінше, халық санының өсу қажеттілігі туралы сөз болып отыр, керісінше, қарама-қарсы демографиялық саясат жүргізіледі, оның ортасында ананың жоғары әлеуметтік статусы бар қазақстандық отбасы тұр. Екінші. Біздің елде отбасы әлеуметтік институт ретінде қарама-қарсы үрдістердің ықпалында. Бір жағынан – қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігін сақтауға мүдделі мемлекеттің отбасылық саясатын нығайту және жетілдіру, екінші жағынан – қазақстандық қоғамның негіздерін жоюға бағытталған Батыс құрылымдарының күрделі саяси технологиялары: ең алдымен жалған діни ұйымдар арқылы бөтен бірегейлікті таңу. Отбасы қазақстандық қоғамның басты тірегі және іргетасы ретінде нысаналы күрес астында қалып отыр» [23, 69 б.]. Бұл пікірге толығымен келісе отырып, әлемді жайлап отырған прагматизм, тұтынушылық идеологияның, гедонистік ұстанымдардың ықпалын атап көрсету керек деп есептейміз. Яғни «өмірден ең жақсыны ізде» деген девиз қоғамды жайлап келеді. Ол барлық нәрсеге ләззәт үшін, еш кедергісіз қол жеткізу, материалдық байлыққа ұмтылу, шексіз еркіндікке басқаларды пайдалана отырып, бөтеннің құқықтарын бұза отырып және тағы сол сияқты факторларды пайдаланып жетумен сипатталады.

Ғылыми тұжырымдамаларға сәйкес девиантты мінез-құлыққа әсер ететін негізгі фактор экономикалық тұрақсыздық емес, материалдық факторлар емес, мәдениеттің жетіспеушілігі болып табылады. Бұл мәлімдемені Америкада жүргізілген қылмысты азайтудың ұлттық бағдарламасы дәлелдейді, ол қылмыс кедейліктің туындысы деген қате алғышартқа негізделген. Бұл бағдарламаны жүзеге асыру барысында кедейлік құқық бұзушылықтың жалғыз себебі емес, туа біткен психологиялық бейімділік, қоршаған ортаның әсері, тәрбиенің кемшіліктері және тағы басқа екендігі дәлелденген.

Осыған сүйене отырып, қазіргі білім беру-тәрбие жүйесінің дағдарысынан шығудың үш негізгі жолы бар: 1) тұлға өмірінің барлық салаларында мәдениетті қалыптастырудың құндылықтық бағдарларын анықтау; 2) тәрбие және білім беру үрдісін ізгілендіру; 3) тәрбие беруде дәстүрлерге сүйеніп, инновацияларды мұқият тексеріп, бақылаудан өткізе отырып қана енгізу. Осы жолдардың әрқайсысын толығырақ қарастырайық.

Қоғамның рухани деңгейін арттыру, жеке тұлғаны жетілдіру тек еңбек мәдениеті, өмір мәдениеті, адамдардың қарым-қатынасы, қоғамның даму үрдісінде қалыптасатын және тәрбие мен білім беру үрдісінде игеретін құндылықтар жүйесі ретінде түсінілетін мәдениетті дамыту арқылы ғана жүзеге асырылады. Жалпы кез келген қоғамда қалыптасқан мәдениет өзінің мәні бойынша адамның мүдделері мен қажеттіліктеріне жауап болып табылады, сонымен қатар ол жеке адамдардың тұтыну саласымен шектелмейді, ол адамның жан-жақты даму көкжиегін кеңейтуге бағытталады.

Бұл жерде Макс Вебердің мәдениет туралы көзқарасын ескеру әдіснамалық тұрғыдан маңызы зор. Вебер үшін мәдениет адам әрекетінің мағыналық жағын құрайды, мәдениет субъективті де, объективті де бола алмайды. Ол тек адами қарым-қатынас саласында бар [24]. М. Вебердің ұстанымын Питирим Сорокин әрі қарай өрбітті. Ал мәдениет экономика арқылы детерминацияланбайды. Ол құндылықтар жүйесі болып табылады. Мәдениет арқылы қоғам интеграцияланады, өз институттарының өзара байланысын сақтайды. Бұл құндылықтар жүйесі жас болған кезде ол ынта-жігерді оятады, оған сенеді, оны ұстанады, бұл оның жеңісіне әкеледі, осылайша ол мәдениеттің дағдарысы мен құлдырауының басталуы болып табылады деген тұжырым жасады [24].

Мәдениет қоғам жинақтаған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы ретінде ғана емес, сонымен бірге әрбір жеке адамның осы құндылықтарды игеру дәрежесі (оларды әр түрлі қызмет түрлерінде тиімді қолдану) ретінде де әрекет ететіндіктен, жеке тұлғаның дамуында мәдени құндылықтар құрал да, мақсат та бола алады. Сонымен, ақыл-ойдың, қиялдың, қабілеттердің дамуы тәрбие беру үрдісінің маңызды мақсаттарының бірі, бірақ сонымен бірге бұл өзін-өзі тәрбиелеу құралы да болады, ол әр түрлі қызмет түрлерінде жүзеге асырылады.

Тәрбие үрдісінде жеке тұлға мәдениетін қалыптастырудың өлшемдері мыналар болуы мүмкін: адам өзінің әлеуметтік рөлдерін игеруі; әлем туралы идеялар тұтастығының болуы; ең басты нәрсені жанама нәрселерден ажырату қабілеті; құндылықтар иерархиясын, құбылыстардың мағынасын және тағы басқасын анықтай білу.

Тәрбие беру жүйесінің дағдарысын еңсерудің екінші маңызды жолы - оны ізгілендіру. Тәрбие беруді ізгілендіру мәселесі қазір өте өткір қойылып отыр. Ол біздің қоғамымыздың рухани өмірінің барлық құрылымын түбегейлі өзгерту жағдайында аса маңызды мәселеге айналуда. Философия мен педагогика үшін дәстүрлі ғылыми білім мен оқытудың гуманистік мазмұны мәселесі жаңа әлеуметтік мағынаға ие болды: тәрбие беруді ізгілендіру арқылы дүниетанымды, көзқарастарды, құндылықтар жүйесін және адамның мінез-құлық нормаларын жаңартуға бола ма? Қазіргі жаңғыру қоғамда білім мен тәрбие әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени қызметтің субъектісі ретінде адамның гуманистік жобасының қажеттілігін қанағаттандыра ала ма?



Бұл - қазіргі қазақстандық шындықта аса өзекті мәселе. Терең әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани дағдарыс тәрбие беру жүйесінің дегуманизация үрдісін күшейтті. Бүгінгі қазақстандық білім беру жүйесі жалпы қоғамның қажеттіліктеріне ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаның, әр адамның әлеуметтік-мәдени және рухани қажеттіліктеріне де бейімделмеген деп айтуға болады. Қоғамда білім алу ең алдымен жақсы табыс табу, баю, билікке ие болу, қызметке ие болу үшін жүзеге асырылады, білімнің соңғы мақсаты соған сай келеді. Жалпы адам ретінде жетілу, өмірдің мағынасын түсініп, басқаға, қоғамға қызмет істеу, білім алып, маман ретінде қалыптасу үшін емес, жеке басының қажеттіліктерін іске асыру үшін қажет деген жалған құндылықтар жүйесі қалыптасқан.

Қазіргі жағдайда білім беру жүйесінің гуманистік принциптері мен бағдарларына көшу басты әлеуметтік және мемлекеттік басымдықтардың біріне айналуы тиіс. Білім беру жүйесін ізгілендіру мақсаттар мен қағидаттарды түбегейлі қайта қарауды талап етеді. Білім беру және тәрбие беруде жас ұрпақтың әрқайсысына мұқият көңіл бөліп, унформизмге, идеологиялық догматизмге жол берілмеу керек, керісінше, әр тәрбиеленушінің жеке басына құрметпен қарап, оның жан-жақты дамуына қамқорлық жасайтын гуманистік идеяларды ұстану қажет.

Қазіргі білім және тәрбие беру жүйесінің дағдарысынан шығудың үшінші маңызды жолы – инновацияларды енгізуде мұқият болу, дәстүрлерді сақтап, оларға сүйене отырып, жаңашылдық идеяларды жүзеге асыру керек. Басқа мәдениеттерден тікелей көшіре беруге де болмайды, әр елдің дәстүрі, мәдениеті, менталитеті әр түрлі. Оларды қабылдау дәрежесі де әр түрлі, сондықтан инновацияларды енгізуде өте мұқият болу керек. Қазіргі күні батыс елдерінде, АҚШ мен Канада, Австралияда жүргізіліп жатқан жынысқа байланысты, оны өзгерту, гендерлік практикалар біздің дәстүрімізге, Әлем мен Адам туралы көзқарастарымызға, дүниетанымымызға қайшы келеді. Одан басқа тамақ, жүріс-тұрысқа байланысты да қабылданып жатқан жаңашылдықтар біздің дәстүрлі мәдениетімізге жат. Сондықтан ондай тәжірибелерге қарсы тұратын иммунитет дәстүрлі мәдениетте, тәрбиеде бар болғандықтан, оны қатаң ұстануымыз керек. Батыстық құндылықтар өзгеріске ұшырап отырғанын, олардың орнына ультражаһандық құндылықтар жаппай еніп, күні кеше аморальды болып есептелген әрекеттер бүгінде бұқаралық санада орын алып, жастарды сондай жалған құндылықтар жүйесінде тәрбиелеу белең алғанын көреміз. Бұл ұлттық тәрбие мен білім беру жүйесін қалыптастыруда жаңа бағдарлардың қажет екендігін көрсетеді.

Білім беру тәрбие беру жүйесінің негізгі әлеуметтік-мәдени детерминанты болып табылатынын ескеру қажет. ХХ ғасырдың аяғында өркениет білімге ие адамның адамгершілік қасиеттерінің мөлшерімен тығыз байланысқа ие болды. Адамның білімі, ғылым мен техниканың дамуы әлемнің тіршілігін, бар болуын анықтайтын негізгі күшке айналды.

Адам тұлға ретінде қалыптасуы үшін оқыту үрдісі адамгершілікке тәрбиелеумен, жас ұрпақтың бойында жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды сіңірумен қоса жүруі тиіс. Тұлғаның өмірлік ұстанымын анықтауына көмектесетін моральдық қасиеттерді қалыптастыру білім алумен тығыз байланыста жүргізілген жағдайда тәрбиенің мәні болады. Бүгінгі жылдам өзгеріске ұшырап отырған қоғамда белсенділігі жоғары, күрделі мәселелерді тез, тиімді шеше алатын, ойлау қабілеті терең, жауапкершілігі жоғары, шындықты жоғары бағалайтын, әділеттілікті ұстанатын тұлғаның рөлі бұрынғыдан да артып отыр. Біздің байқауымызша, қазіргі кезде осы тұрғыдан қарағанда қоғамда үлкен мәселе орын алып отыр. Ол тәрбие беру институттарының осы талаптарға сай келмейтіндігі, яғни тәрбие жүйесі әлеуметтік қақтығыстарды шешуге қауқарсыз. Көптеген адамдар бүгінгі күні өз ұстанымдарына, мақсаттарына сүйеніп, іс-әрекетін бақылай алмайтын, құндылықтық бағдарлары нақты қалыптаспаған, тұрақты емес, әлемдегі, қоғамдағы өз орнын таппаған десек, қателеспейміз.

Біздің қоғамымызда, жалпы әлемде де, көбінесе мемлекеттік ұйымдар, үлкен дамыған мемлекеттерде монополиялар, концерндер тәрбие ісін өз мақсаттарында жүргізуді көздейтіні белгілі. Бүгінгі жоғары технологиялар, цифрландыру, виртуалдандыру үдерістері де бұған септігін тигізіп отыр. Бұл мәселеге де ерекше тоқталамыз. Біздің елімізде білім беру институттарында тұлғаны еркіндікке, жауапкершілікке үйрету, дәстүрлі құндылықтар жүйесінде тәрбиелеу туралы ұстаным біркелкі, бір ауыздан қолдау тапқан. Ал батыстық елдерде қазіргі күні осы мәселе бойынша, әсіресе дәстүрлі мәдениет ұстанымдары бойынша пікірталас көп. Діни және зайырлы құндылықтар төңірегінде де шешілмеген үлкен мәселелер көп. Көптеген теоретиктер дін адамгершілік тәрбиесінде шешуші рөл атқарады деп есептейді, олардың пікірінше, дін парасатты мінез-құлыққа, адамгершілікке тәрбиелейді. Олардың қарсыластары дінді адамның игілігіне қол жеткізуді жердегі өмірмен емес, басқа әлеммен байланыстыра отырып, тәрбиенің гуманистік сипатына нұқсан келтіреді деп сынайды. Бұл екі пікір біздің ғалымдар мен теологтардың арасында да жалғасып келе жатыр.

Жалпы, білім беру институттары толық, адамгершілікті ұстанатын адамды, тұлғаны тәрбиелеуі тиіс. Ол үшін жаңа әдіснама қажет. Ол методология заманауи технологияны пайдалана отырып, қалыптасқан дүниетанымға, құндылықтық бағдарларға өзгерістер енгізуді көздеуі маңызды. Өйткені бұрынғы әдістер қазіргі өзгерген сананы қалпына келтіруге қауқарсыз. Ол әдіснама рухани, өнегелі мақсат, мүдделерді, міндеттерді философиялық тұрғыдан негіздеу арқылы жүзеге асырылуы тиіс. «Философияның күші мен даналығынсыз білім мен тәрбие мәселелерін шешуге тырысу сөзсіз сәтсіздікке ұшырайды» [25, р. 207]. Яғни, педагогика философиямен тығыз байланыста дамуы өте маңызды. Білім философиясының ең басты тақырыбы да осы мәселе болып табылады. Отандық философтар білім философиясына аса көп көңіл бөледі, арнайы курстар жасалып,

еліміздің көптеген оқу орындарында оқытылып келеді. Әсіресе білім философиясына педагогикалық оқу орындарында аса көп көңіл бөлген дұрыс.

Философияның негізгі мәселесі адам мен әлем, адам мен қоғам арасындағы қатынас болғандықтан, ол ең алдымен адам мұраты мәселесін қояды. Адам қандай болуы тиіс, қоғам неге ұмтылуы керек деген сауалдар философияда басты назарда.

Гуманистік педагогика мен психология идеяларына сай тәрбиенің мақсаты тәрбиеленуші, оқушы өз іс-әрекетінің субъектісі, еркін, жан-жақты тұлға болып тәрбиеленуі тиіс. Гуманистік психология мен педагогика махаббат, шығармашылық, даму, өз мүмкіндіктерін іске асыру және тағы басқа адамның қабілеттері мен мүмкіндіктерін зерттеді. Сондықтан бұл - салауатты шығармашылық адамды зерттеуге бағытталған ғылым. Бұл гуманистік психологияның позитивизмнен, бихевиоризмнен, психоанализден өзгешелігін көрсетеді. Бұл тәсіл Ш. Бюлер, А. Маслоу, Э. Фромм есімдерімен байланысты. Кейінірек С. Френе, П. Питерсон, Р. Штайнер, М. Монтессори осы бағытқа сай өздерінің педагогикалық жүйелерін құрды. Олардың арасында Роджерстің идеялары ерекше орын алады.

Гуманистік психологияға негізделген әдіснаманың басты жетістігі білім берудің тұлғаға бағытталуы болды. Гуманист К. Роджерстің тұжырымдамасына сай, білім беруді ізгілендіріп, технологиялық тұрғыдан байытып, оның тәрбиелік маңызын арттыру қажет. «Тұлғаға бағытталған тәрбие» тұжырымдамасы пайда болды, онда «тәрбие үрдісі - бұл жеке тұлғаның өзінің «идеалды» формасына, жеке тұтастығына, жеке басына деген ішкі детерминантталған өзіндік қозғалысы» деп жарияланды [26]. Роджерстің педагогикалық тұжырымдамасы оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін ашуда аса тиімді болып табылады. Гуманистік педагогикада тәрбиеленушінің ішкі әлемі, оған тән ұмтылыстар, мүдделер мен мақсаттар, яғни оқу үрдісінің субъективті шарттары, сыртқы бағалаудың болмауы және еркіндік басты назарда.

Гуманистік психоанализ бен педагогикада мұғалімдер мен оқушылар арасындағы жеке қарым-қатынасқа үлкен мән беріледі. Гуманистік және психоаналитикалық педагогикада тәртіп, ұтымдылық пен оқу үлгерімі басымдыққа ие емес, тартымдылықтар, эмоциялар (сенім, сүйіспеншілік, қуаныш және тағы басқа), жеке тәжірибелер мен қажеттіліктер маңызды; мұғалімнің жеке басына үлкен мән беріледі.

К. Роджерстің гуманистік идеяларының тартымдылығына қарамастан, оның теориясының кемшіліктері де бар. Оның теориясына қатысты сындарды атап өту керек. Ең алдымен, ол әдіснаманың аңғал түріне негізделген. Мінез-құлық санаға қол жетімді емес факторлардың әсерінен болатындығы және адамның өзі туралы айтқан сөздері әр түрлі қорғаныс пен алдаудың әсерінен болатын бұрмалану екендігі туралы көптеген дәлелдер бар. Роджерс бейсаналықты елемегені үшін де сынға ұшырады, бірақ оның адамның мінез-құлқын бақылаудағы әлеуеті сексен жылдан астам психоаналитикалық зерттеулермен расталды. Сынның тағы бір

бағыты Роджерстің организмнің табиғатын негізгі психологиялық шындық және оның сипаттамалары ретінде қарастырудағы сәтсіздігіне қатысты. Қарсыластар оны шамадан тыс идеализмге, ал доктор Р. Питерс педагогикалық теория мен практика мәселелерінде толық надандыққа, «шындық, қарапайымдылық және түсінудің кеңдігі» сияқты білім беру құндылықтарын жоққа шығарды деп айыптады [27].

К. Роджерстің пікірінше, кең көлемді өзгерістермен сипатталатын қазіргі әлемде оқыту үрдісі ақпаратты тарату ретінде емес, мағыналы білім беру, оны ұйымдастыруды жеңілдету қажет. Ол фасилитация деген терминді пайдаланады, ол - оқушы үшін оқу үрдісін жеңілдету және сонымен бірге ынталандыру, яғни аудиторияда интеллектуалды және эмоционалды жағдай, психологиялық және педагогикалық қолдау атмосферасын құру. К. Роджерстің адамға бағытталған ілімі тоғыз негізгі ережені қамтиды; фасилитатор өзін және тәрбиеленушілерді түсіну үшін жеткілікті құрметке ие: олар өздері туралы ойлайды, өздері үшін үйренеді; ол басқалармен оқыту мен тәрбиелеу жауапкершілігін бөліседі; өз тәжірибесін басшылыққа алады; білім алушы өз бағдарламасын дербес немесе басқалармен бірлесіп құрып, дамытады; өзі оқыту мен тәрбиелеу деңгейін бағалайды, топтың басқа мүшелерінен және тәрбиешіден ақпарат жинайды; сыныпта ілімді жеңілдететін климат біртіндеп қалыптасады; барлығы тұрақты оқу-тәрбие үрдісін қолдауға бағытталады. Оқыту кезінде кітаптар, карталар, оқулықтар, материалдар сияқты қарапайым құралдар ескерілмейді, өйткені мұғалім өзін, тәжірибесі мен білімін осы құралдар ретінде пайдаланады, сонымен қатар нақты құрылған оқу жоспары жоқ, ол оқушылардың қалауы мен қызығушылығына байланысты өзгеруі мүмкін.

Бұл бағыттың тағы бір өкілі А. Маслоудың гуманистік идеясы бойынша тәрбие беру үрдісінде ең алдымен тәрбиеленушіге оның бойында табиғатынан бар нышандарды, қабілеттерді ашу аса маңызды. Баланы белгілі шаблондармен тәрбиелеу емес, оның бойындағы қасиеттерді ашу, дамыту педагогиканың басты мақсаты болуы тиіс. Баланы қорқытып, ұялтып, кемсітіп оқытудың теріс жақтарын А. Маслоу ерекше атап көрсетті. Яғни, қайырымдылықпен, сүйіспеншілікпен, құрметпен, махаббатпен тәрбиелеу тұлғаның бойында осындай қасиеттерді қалыптастырудың негізгі жолы болып табылады [28].

К. Роджерс пен А. Маслоудың гуманистік психологияға негізделген педагогикасы бойынша адамды тәрбиелеу тек гуманистік принциптерді басшылыққа алу арқылы жүзеге асырылуы керек.

Классикалық емес парадигмаға жататын ХХ ғасырдағы неміс философиясының әдіснамасы, атап айтқанда Э. Гуссерльдің феноменологиясы және Ю. Хабермастың герменевтикасы тәрбие мұраты бойынша белсенді бағыттар болып есептеледі. Тәрбиені адамның тұтастығына сүйене отырып жүргізуге деген ұмтылыс жеке құбылыстарды экзистенциалды түсіндірумен байланыста. Тәрбие теориясы үшін тәрбиенің экзистенциалды салаларын (баланың рухани өмірі, құндылықтары, мағыналары, жеке қажеттіліктері) және

проблемаларын (баланың өміріндегі сезімдердің, тәжірибелердің маңызы, ересек пен баланың рухани өзара әрекеттесуі, бір-бірін жеке қабылдау, тәрбие жағдайындағы сұхбат) ашық анықтауға тырысу өте маңызды болды.

Бүгінгі таңда педагогикалық зерттеудің прогрессивтілік дәрежесін оның постклассикалық парадигма әдіснамасына қатысы бойынша бағалау үрдісі байқалды. Яғни, оның мәні классикалық емес парадигмадан бас тартып, постмодерндік идеяларға негізделу, олар философияда, мәдениетте, өнерде, саясатта постиндустриалды қоғамның құндылықтарын көрсетеді.

Қазіргі ғылыми педагогикалық танымда постмодерндік әдіснама шеңберіндегі тәрбие теориясының әдіснамалық көзқарастарындағы түбегейлі өзгерістерді көрсететін бірқатар үрдістер бар. Қазіргі заманғы тәрбиеге байланысты әдістемелік ұстанымдар әр түрлі тұжырымдамалармен, бағыттармен, тәсілдермен байланысты, олар герменевтикалық, феноменологиялық, синергетикалық, мәдени, әлеуметтену, аксиологиялық, антропологиялық, қалыптастырушы және тағы басқа ұстанымдарды басшылыққа алады.

Диссертациялық зерттеу қазақ халқының мәдениетінде қалыптасқан тәрбие идеалын зерттеу мәселесіне арналған. Біз жалпы тәрбие идеалы феноменінің философия тарихында қарастырылуын терең талдау мәселесі ретінде қойған жоқпыз. Бірақ бұл феноменге анықтама беріп, оның мәнін, мақсатын түсіндіруге байланысты негізгі әдіснамалық ұстанымдарға шолу жасауды жөн көрдік.

## **1.2 Рухани-ізгіліктік тәрбиенің мәні мен мазмұны (тарихи-философиялық контекст)**

Көне замандардағы тәрбие мұраттары алғашқы қауымдық құрылыс кезеңдерінде бастау алған, пайда болуы туралы әркілі теориялармен ұсынылған іргелі өмірмәнділік ұстаным, әлеуметтік институтқа айналған үрдіс болатын. Ең көне қарапайым нұсқалары: аңшылыққа баулу, отбасылық өмір, әйелдің бала күтімі, инициализация, ру көсемінің кеңестері тағы басқа [29].

Кейінгі тәрбие мен өнегелік бастаулардың барынша жүйеленген нұсқаларын көне жазбалардан көруімізге болады, бірақ олар тек тәрбие теориясы ғана емес, құқықтық ережелер, ел басқару, дүниетаным, жаратылыс, діни-мистикалық пайымдаулар, алғашқы діни сенім формалары тағы басқасинкретті формада қалыптасты. Көне Шығыстағы «Вавилон патшасы Хаммурапи заңдары» (б.з.б.1750), Иудей патшасы Соломонның өсиеттері, үнділік Бхагавадгита тағы басқа Мәселен, Соломонның астарлы сөздерінде: «ақылға үйрену үшін, әкенің ұстаздығын тыңдаңдар, балалар»; «данышпан бала, әкесін қуантады, ақымақ адам анасын жек көреді» тағы басқа ана-анасын құрметтеу насихаттары айтылады. Б.з.б. 3000 мыңыншы жылдықтардағы Қос өзен аралығындағы мәдениетте (Шумер, Аккад, Вавилон, Ассирия) эдубаларда жалпы дүниетаныммен қатар, адамзат тіршілігінің, өмір сүруінің негізгі қағидаттары көпшілікке үлгі-өнеге ретінде ұсынылды.

Вавилон патшасы Хаммурапидің (б.з.б.1792-1750) заңдарында тәрбие атананың міндеті екендігі туралы айтылады және оқушы-оқытушы қатынасатын алғашқы мектептер пайда болған, оларда кішкентай және ересек балаларды оқыту мен тәрбиелеу қолға алынған. «Үй белгілерінде» оқыту, ілім мен білім және тәрбие ресми түрде әлеуметтік институттар ретінде құрыла бастады да, жалпы мәдени-ағартушылық бағыт басталды. Медицина, математика тағы басқа пәндер магиялық-діни культтермен сабақтасқандықтан, синкретті білім аясындағы тәрбие басымдылыққа шықты [30].

Ежелгі Мысырдағы ілім мен білім, тәрбиелеу тым көне дәуірдегі папирус жазбаларында көрініс тапты. Олардың тәрбиелік ұстанымдары тыңдау мен айтқанды тыңдауға қатысты болып келді: «ұқыпты бол, менің сөзімді тыңда, менің айтқандарымнан ешнәрсені де ұмытпа». Сондықтан, ұстаздың айтқанын тыңдамау әр түрлі денелік жазалауларға да алып келетін еді: «Балалар айтқанды тыңдау үшін, оларды ұру керек»; «сандықтағы алтынға емес, адамсүйгіштікке үміттендіру керек»; «Тіл қуатты қару»; «Сөйлеу құтқарады, бірақ жоқ та қылады» тағы басқа көне Мысырлық папирустағы ізгіліктік қана емес, өмірлік тәрбиелік ұстанымдарға да айналды [31].

Бізге белгілі ең көне үнділік бастаулар Хараппа мәдениетіне (б.з.б. 3 - 2 мыңжылдықтар) қатысты болғанмен, олардан жазбалар сақтала бермеген, б.з.б. 2-1 мыңжылдықтарда арииліктердегі касталардың қалыптасуы кезеңінде брахмандар үшін – интеллектуалдық сапа, кшатрилер үшін – қуаттылық пен азаматтық, вайшылер үшін – еңбек пен төзімділік басты құндылық болса, шудраларда бағыну өмір салтына айналды және әлеуметтік сипат алған тәрбие осындай арналар арқылы жүргізілді. Жоғарғы әлеуметтік қабаттар үшін мүлтіксіз тәрбие, ақыл ойдың жетілуі, руханилық, физикалық жетілгендік, сұлулыққа, табиғатқа деген сүйіспеншілік, ұстамдылық тағы басқа құралды. Яғни, рухани-ізгіліктіліктің өзі олар үшін кемелді тұлға тәрбиелеумен келіп ұштасты және ол ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын өзіндік бір ережелер жиынтығын құрады.

Олардың рухани-ізгіліктілік қыры жетілгенмен, басқа төменгі қабаттарға деген жағымсыз, кемсітушілік көзқарастары сақталып қалды. Мұнда касталарға арналған жеке тәрбиелер кейіннен де, бірнеше мыңжылдықтар бойы жалғасын тауып отырды. Ол бір қырынан таза діни-мистикалық сипатта болса, екінші бір қырынан игілікті тәрбиенің озық үлгісі ретінде танылды. Оның басты ұстанымдары көне ведаларда, «Махабхарата» дастанында, «Бхагавадгитада» тағы басқа көрініс тапты. Мәселен, Раманың тұлғасы ең озық үлгі ретінде танымал болды. «Бхагавадгитада» ұстаз ретінде Кришна, шәкірт ретінде патша ұлы – Арджуна кейіптелді. Бұларда білім арқылы өзін жетілдіру, кемелділік басты құндылыққа айналдырылды.

Б.з.б. 5 ғасырлардағы Буддизм осындай тәрбие мен білім беруге өздігінше басқаша сипат алып келді, басқаша құндылықтарын ұсынды, оның түсінігінде игілік, ақиқат, мән, адамгершілік тағы басқа құндылықтары брахманизм идеологиясына қарағанда, салыстырмалы түрде баршаға қолжетімді болғанмен,

философиялық мағынаға ие болды. Оның тәрбиесінің ең басты мақсаты – адамның жанын (рухын) тәрбиелеу еді. Бастапқы сатыда, алғышарттық дайындық, екінші сатысында – сананың шоғырлануы (өзін тану, өзін жетілдіру), үшіншісінде – түпкілікті меңгеру.

Ондағы басты тәрбиелік құндылықтар, адамның өзін-өзі билей алуы, өзін-өзі жетілдіру, ақиқат пен ізгілік. Ол адамның өзінен бастау алуы тиіс, өзін бағындыру, алдымен, тәндік құмарлықтардан азат болумен ұштасуы қажет, толық азаттық кемелділік болып саналады. Буддизмдегі рухани-ізгіліктілік тәрбиенің басты межесі – нирванаға жету. Оған арнайы шәкірттер арқылы да, өздігінен нұсқаулар арқылы жетуге болады, сол сәтте адам рухани тұрғыдан кемелденген тұлғаға айналады. Бұл тәрбиенің төлтумалық ұғымдық концепттері: гуру (ұстаз), бодхистатвалар, нирвана, сансара, медитация тағы басқа [32], ал философиясы мен этикасы: 4 ақиқат пен 8 жол.

Рухани кемелдену тек қана ұстаз-шәкірт арқылы емес, трансмедитациялар арқылы да жалғасын табуы тиіс. Ал ізгіліктілік қыры, тек өзгелерге зұлымдық жасамаумен ғана шектелмейді, барлық тіршілік иелеріне де құрметпен қараудың «әлемдік этикасы» іспеттес (ахимса) тұғырнаманы ұстануында еді. Кейіннен, осындай ізгіліктіліктің өзіндік формасы индуизм сенімінде де жалғасын тауып жатты, қазіргі таңда да негізгі қағидалары сақталғандықтан, өмір сүру салттарында «вегетериандық» (тірі мақұлық пен жәндіктерді тағам ретінде пайдаланбау) дәстүр бүгінгі күнге дейін орныққан.

Кейіннен, оқу-білім жүйесіндегі діни тұлға монах бейнесі де таза кіршіксіз адалдық пен сенімділіктің, үлгі мен өнегенің тағы басқажағымды қасиеттерді жинақтаған кемел тұлға дайындау институты ретінде белгілі бір әлеуметтік бағыт ретінде мойындалды. Сондықтан олар, да білім мен тәрбие барысында қатаң сынақтардан өтті: физикалық, психологиялық, рухани тағы басқа

Көне Қытайдағы рухани-ізгіліктілік тәрбиенің негізгі субстраттары – дәстүр, даналық, өнегелік тағы басқа ежелгі Қытайда Шан дәуіріндегі (б.з.б. XVI-XI ғғ.) Сюэ деп аталатын оқу орындарында білім беру салаларының ішінде мораль жеке пән ретінде оқытылды. Б.з.б. VI ғасырларда даосизм, буддизм, конфуциандық мектептердің негізі қаланды.

Б.з.б. VII-VI ғасырларда өмір сүрген Лао Цзы даостық мектептің негізін қалап, адам тәрбиесіндегі, тұлға қалыптастырудағы рухани кемелденудің өзіндік философиялық жүйесін ұсынды және бұл бағыт бірнеше ғасыр бойы өзінің өміршендігін сақтады. Аспан мен адамның үйлесімділігінің ғарыштық негіздемелерін ұсынған бұл бағытта үнсіздік пен әрекетсіздік табиғатпен үндесудің тәсілі ретінде көрініс тапты. «У вэй» қағидаты жалпы тұрақтылықтың адами өлшемдерде өзіндік бір үйлесімдігін қалауды басты орынға шығарды.

Мұнда табиғи заңдылық «даоға» бағынып өмір сүру керектігі орталық түсінікке шығарылған, адам сол арқылы ақиқатқа жетеді және даналықты иемденеді деп түсіндіріледі. «Дао дэ цзин» деп аталатын кітап осы даосизмнің бастапқы идеяларында тұжырымдалды, толыққанды, кемелденген дана адамдар

өзгелер үшін ұстаз, барынша абсолютті үлгі ретінде танымалданды [33]. Легистер деп аталған мектеп мораль мен құқықтың арақатынасын белгілі бір деңгейде жетік меңгерген, яғни, моральді сақтау мен тәрбиенің белгілі бір қызметін заң мен құқыққа алып барған. Конфуцийшілдердің мемлекетті әдептілікке негізделген заңдарды жүзеге асыру арқылы басқару керек деген пікірлеріне қарсы болып, керісінше, мемлекетті тек қана заңға сүйеніп басқаруға болады, себебі «мейірімділік пен адамгершілік» - қылмысқа апаратын бірден-бір жол деген қағиданы ұстанады.

Олардың басты ұстанымдары: жазалау көбірек болуы тиіс; аяусыз жазалау арқылы халық арасында үрей тудыруға болады; ұсақ қылмыскерлерді аямай жазаласа, олар үлкен қылмыс жасамайтын болады тағы басқа. Көріп отырғанымыздай, заңды қатайту арқылы «халықты тәрбиелеуді» күшейту саясатын ұстанады. Жазалау бір қырынан моральдік те болуы ықтимал, ал әділетсіз болса, оны құқықтық деңгейде шешуге ұмтылады.

Конфуций ілімі мен Лао-цзы идеялары Қытай мемлекетінің қалыптасуында адамның тұлғалық ролінің маңызды екендігін дәйектеді және ол іс жүзінде ұлттық идеяға айналды деп те айта аламыз. Аспан және аспанның әмірі – табиғат пен адамды айқындайтын жоғары рухани күш. Басты мұраттары: «Қайырымды ер» образын жасау «ли» деп аталған этиканың қағидаларын сақтауы тиіс болып құрылымданды, олар: даналық; гумандылық; сенімділік пен берілгендік; үлкенге құрметтеу; батылдық, ер адамдық тұлғалық. Сонымен қатар «жэнь» деп аталған концепциясында қоғамда, мемлекетте, жанұяда және адамдар арасында сақталатын мүлтіксіз заңдарды орындау орталық түсінікке шығарылған еді. Мұнда да тұлғаның андрагогикалық перфекционизмі негізделді. Сондықтан да, көне Қытай философтары даналық культін негізге алғандықтан, тарихи даму барысында өзіндік афоризмдер легін туығызды: «Өзіңе ұнамағанды, өзгеге жасама», «Билеуші билеуші ретінде, бағынышты бағынышты ретінде, әке – әке ретінде, ұл – ұл ретінде болуы тиіс» тағы басқа.

Мұндай рухани-ізгіліктік қағидаттар тек бұқара халық деңгейінде емес, қоғамдық сананың жоғары деңгейіне көтеріліп, мемлекеттік идеология болғандықтан, баршаға ортақ ұстаным, сол идеология арқылы жастардан бастап, барша халық мойынсұнатын идея ретінде құрылымданған. Конфуций ілімінде ата дәстүрлері: үлкенге құрмет, кішіге ізет, туысқандарымен тығыз қарым-қатынас, олармен жиі бас қосулар тағы басқа мүлтіксіз насихаттар ретінде бағаланды және ұрпақтар осы жолда тәрбиеленді. Ізгіліктілік тәрбиені үлкен мемлекеттік қуатты күш ретінде бағалады.

Кейіннен Конфуций ілімінен туындаған: Мэн-цзы мен Сюнь-цзы бағыттары пайда болды. Олардың этикасы мен рухани-ізгіліктілік жөніндегі көзқарастары кей жағдайларда екіге айрылды: Мэн-цзы адам тумысынан ізгілікті деп тұжырымдаса, Сюнь-цзы адам тумысынан зұлым деп дәйектейді. Сондай-ақ, олар адамсүйгіштік (жэнь), әділеттілік (и), қайырымдылық (ли) білім (чжи) тағы басқатүсініктерді алға шығарған. Дегенмен, б.з.б. II – б.з. II ғасырларында



конфуциандық тек тәрбие тұжырымдамасы ғана емес, арнайы мемлекеттік идеология деңгейіне дейін көтерілді [34]. Бұл тұстағы ізгіліктілік тәрбиенің мақсаты, мәселе, адамның зұлым немесе ізгілікті емес болғандығында емес, ізгіліктілікке тәрбиелеудің нысанасының айқын екендігінде болып отыр.

Батыс философиясының тарихындағы іргелі мәселелердің бірі – этика көне грек дәуірінен бастау алып орта ғасыр, қайта өрлеу дәуірі, жаңа заман философиясы, XX ғасыр философиясынан теориялық және қолданбалы деңгейлерде үздіксіз көрініс тауып отырады. Негізінен этикалық және өнегелілік бастаулар, жалпы алғанда, адамзат руханиятының аясында қарастырылады.

Ол көне замандардан бері мифологиялық діни, діни философиялық, философиялық этика, гуманизм мен мораль арнасында талқыланған іргелі мәселеге айналған еді. Жоғарыда бірінші бөлімде айтылғандай, ізгілік тәрбие мұраттары қазіргі таңда педагогика ғылымының қарастыратын негізгі объектісі болғанмен, бұл ілім қалыптасқанға дейін синкреттік таным аясында философиялық ракурста қолданылатын негізгі мәселелер болып құрылымдалған. Көне замандарда адамзат қоғамының дамуындағы әртүрлі қайшылықтар аморальдық құбылыстар адамгершілік пен ізгілікті белгілі бір мұраттар ретінде тағайындауға алып келді: біз қарастырып отырған мәселе негізінен кәсіби (академиялық) деңгейде этика мен гуманизмнің шеңберінен тыс бола алмайды. Философиялық дискурстарда бастапқыда тәрбие мен ізгілік детерминанты, импликациялық, кейде изоморфты, ал кейде тұтас бір концептуалды ұғым аясында қарастырылды.

Көне Грек ойшылы, математик Пифагор 2000-ға жуық өзінің ізбасарларын дайындап, оларды арнайы мектеп ретінде жинақтады. Бұл мектеп ғылыми-философиялық және діни-магиялық сипатта, кейді ілімдері де эзотериялы болып құрылды. Пифагордың: «Табиғат туралы», «Тәрбие туралы», «Мемлекет туралы», «Әлем туралы», «Жан туралы» тағы басқа еңбектері белгілі. Пифагор мектебіндегі тәрбиеде де білім басты құндылыққа айналды, білім алушылар іріктелді, олардың еңбекқорлығы, ізденімпаздығы ескерілді.

Этиканың басты категориясы ретінде ізгілік жеке дара ноумен емес, тәрбие үрдісіне алып келетін әлеуметтік құбылыс, сондықтан да, көне Грек заманында Аристотельдің, стоиктердің дүниетанымында, сондай-ақ, ғылымдар классификациясында этика философияның қолданбалы тәжірибелік саласы ретінде көрсетілген еді және ол нормативтік этикамен құрылымданды. Философиялық тұрғыдан алғанда, «ізгілік» ұғым ретінде, ал тәрбие әлеуметтік үдеріс ретінде қарастырылуы тиіс екендігін Батыс және Шығыс философиясындағы руханияттық ойтолғамдар эволюциясы жете түйсінді.

Ол көне грек философиясы бастауларынан анық байқалды және ізгілік-адамгершілік-әділеттілік, қайырымдылық, жақсылық жасау сияқты түсініктердің бәрін қоса қамтитын іргелі ұғымға айналды.

Көне Грек жерінде Гомер кезеңі деп аталған дәуірде (б.з.б. VIII ғғ.) көпқұдайшылдық мифологиямен қатар, батырлық, ержүректілік, отансүйгіштік

тағы басқақұндылықтар Гомердің «Иллиада», «Одиссея» поэмаларында жырланып қана қоймады, сол дәуір үшін үлгі тұтарлық ер адамдық сапа мен тәрбиенің негізгі мұраттары болып түйсінілді. Кейіннен, Ликург патша тұсында, қатаң әскери тәрбие белең алды. Ал Афиналық тәрбиеде қайырымдылық, ізгіліктілік пен білімділікке тәрбиелеу қолға алынды. «Гимнасий», «эфебии» атты білім беру жүйелері маңызды орын алды.

Грек философиясының көп қырлы плюралистік сипатына орай, рухани-ізгіліктік тәрбие идеалы космологиялық, антропологиялық, онтологиялық салаларда, тіпті жартылай мистикалық арнада толғанылды. Мысалы, б.з.б 4 ғасырларда құрылған Антисфен негізін салған киниктер мектебіндегі [35] ізгіліктік-этикалық мұраттардың ұсынылуының мынадай өзіндік ерекшеліктері бар: діни императивтерге бағындырыла бермейтіндігі, тәжірибелік сипатта болуы, үлгі-өнеге ретінде негізгі үлгілерінің ұсынылуы, адамгершілікке басымдылық беріліп, қоғамдық өмірдің басқа да салаларынан жоғары деңгейге қосылуы, күнделікті өмір философиясына айналдырылуы, тәрбие үрдісінің орнына сол мектептің өкілдерінің өздерінің үлгі, мысал, жетілген нұсқа ретінде ұсынылуы, аскеттік этикаға көп жағдайда сай келетін тіршілік ету стилінің негізге алынуы.

Киниктер мектебінің көрнекті өкілдерінің бірі – Диогеннің «бөшкедегі диоген» «шам ұстаған диоген» деп аталуының өзі оның өмір сүру тәжірибесінің [36] ізгілікті этикалық тәрбие мұраттарына басқаша бір ерекше форматта құралғандығын білдіреді. Әрине, оның түсінігіндегі рухани-ізгіліктік және этикалық мұраттарының жалпыадамзаттық адамгершілік құндылықтарының параметрлері, оны сақтаудың технологиялары қазіргі адамзаттық моральға, кей сәттерде, қазақ халқының ұлттық құндылықтарына тура сәйкес келе бермеуі де мүмкін. Мысалы, жағымсыз мағынасында нигилизм, эгоизм түрінде болуы да ықтимал. Оның көзқарасы бойынша, қоғам тұтастай моральдік тұрғыдан азғындаған, байлық пен билікке ұмтылған.

Сондықтан, Диогеннің аңыз бойынша «бөшкеде өмір сүруі» замандастарын, қоршаған ортасын, жалпы халықтық моральдік келбет бойынша төменгі деңгейде бағалап, олармен тікелей қарым-қатынас жасаудан бас тартып, жек көріп, өзімен-өзі оқшау, қоғамнан тыс өмір сүруге деген ұмтылысының образды бейнесі, яғни, ол үшін адамгершіліктері төмен қоғаммен араласудың өзі түкке тұрғысыз болып қабылданғандай болып шығады. Ал «шам ұстап жүруінің» мәні де осыған саяды. Деректер бойынша, күндіз де, үнемі қол шам (фонарь) ұстап жүретін Диогеннен, оның неліктен екендігін сұрағандарға «Адам іздеп жүрмін»деп жауап беруі де осының куәсі.

Негізінен осындай өмір киниктер мектебіне ортақ аскеттік өмір сүрудің көрінісіне айналған. Олардың аскесис, автаркия, апайдеусия тұғырлары киниктерге ортақ қағидалар, сайып келгенде, діни аскеттік идеалға ұқсайды. Яғни, тәндік құмарлықтардан, байлықтан, рахат өмір сүруден алшақтай отыра, ең төменгі өмір сүрудің қажеттіліктерін қанағаттандырумен ғана ғұмыр кешуі, алдымен, тәжірибелер жүргізу, яғни, үй-күйсіз жүру, аштыққа төзу, суыққа шыдау

және тағы басқа арнайы ұйымдастырылған мәнер адамгершілікке ғана құрылуы тиіс.

Басты идеал ретінде тағайындалған киниктер мектебі философиядағы адамгершілік тәрбиенің ерекше өткір түрі деп пайымдай аламыз. Сондықтан, олар кедейшілік адамның кемшілігі емес, одан ұялмау керектігін ғана насихаттаған жоқ, байлықты, билікті, тиранияны жек көруге жетеледі. Киниктер адамның адамгершілік қасиетін теологиялық, антропологиялық, космологиялық арналарда да ұсынған. Мысалы, адамдар құдайдан байлық пен денсаулық сұрап жалбарынатындығын, ешкім де олардан адамгершілік сұрамайтындығын, немесе, білім «адамдардың адамгершілік қасиетін арттырмайтындығын» атап өтіп, тәрбие адамдарды табиғатқа қайта оралтуға көмектесуі тиіс деп санады.

Ізгілік және оны қалыптастыру мәселесіне космоцентрлік тұрғыдан келген грек ойшылы Гераклиттің түсінігіндегі «логос» орталық ой алаңына шығарылған әлемдік заңдылық түріндегі белгілі бір қозғаушы күш [37]. Яғни, ізгілік пен адамгершілік логосқа бағындырылған әлемдік тәртіптің қоғамдағы көрінісі іспеттес сияқты болып көрінеді. Логос бұл жерде бір жағынан субстанция іспеттес, екінші жағынан заңдылық болғандықтан, адамдар одан тыс бола алмайды. Логостан оқшаулану адамдар үшін де бейберекетсіздік, тәртіпсіздік, зұлымдық болып табылады. Гераклиттің пікірінше, ізгілік және оны сақтау логостан оқшауланбай өмір сүру арқылы жүзеге асады [38]. Бұдан көріп отырғанымыздай, адамгершілік бір қырынан табиғи заңдылық, екінші бір қырынан, адамдар бағынуға тиісті талаптар болып шығады.

Ал көне стоя өкілдерінде бұл әлемдік ақыл, әлемдік жан түсінігінен туындайтын органикалық бірлік идеясына алып келетін адамды микрокосм ретінде түсіндіріледі. Адамның жаны, ақылы, рухы, әлемдік рухтың, әлемдік ақылдың бөлшегі болғандықтан, олар ізгілікті сақтауы тиіс дегенге келіп саятын түсініктерін ұсынады. Стоиктерде де этика ғылымдардың бір саласы практикалық философия болып белгіленген [39]. Сондықтан да, олар руханилық пен ізгілік тәрбиесін әлем дамуының белгілі бір заңдылығы ретінде түйсінді.

Адамгершілік, ізгілік, тәрбие, мәселесімен гректердің классикалық философиясының өкілдері де арнайы шұғылданған. Ерте классиканың өкілі Сократ бастапқыда софистердің релятивизм ықпалында болғанмен, кейіннен, ізгілік мәселесіне айрықша назар аударды.

Ол моральді барынша абсолюттендіріп, оны ең жоғары құндылық ретінде бағалады. Ол да адамгершілік құндылықтарын жастардың бойына сіңірумен, яғни тәрбиемен айналысты. Тұтас философияның мақсатын қайтадан адамға әкеліп бұрды. Қарапайымдылық, даналық, әділеттілік Сократ философиясының негізгі ой толғамдарының объектісіне айналды және кейіннен бұл үрдіс Сократтық мектептердің қалыптасуына ықпал етті.

Сократтың философиясы негізінен Платонның «Сұхбаттарынан» анығырақ көрініс тапқан. Дегенмен, тарихта Афина соты Сократты «жастарды бұзып жүр» деген айыппен өлім жазасына кескен. Яғни, оның жастарды тәрбиелеу, олардың

бойына адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру бағыттары сол дәуір үшін ақылға қонымсыздау болып қабылданып, ол кездің заңдарына қайшы болған болуы ықтимал. Бірақ, Сократ философия тарихында ізгілікті жақтаушы және данышпандықтың бейнесі ретінде сақталып қалды.

Сократтың шәкірті Ксенофонт (б.з.б. 430-355 жж.) «Кир тәрбиесі» деген алғашқы антикалық дәуірдегі педагогикалық романымен танымал болды. Оның түсінігі бойынша, кемелденген азаматтарды тәрбиелеумен жалғасын табатын білім беру, алдымен, мемлекеттік іс болуы тиіс. Ол ең басты тәрбие негізі әділеттілік сезімі деп түсіндірген еді. Ал Аннекерид Сократ тәрізді адамның өзін қайта тәрбиелеп, ізгілік жасауға қабілеттілігіне сенді, достықты, туыстықты жоғары бағалады.

Гректердің классикалық философиясының өкілі Платон адамгершілік пен тәрбие мәселесіне басқаша қырынан келді. Оның философиясының ерекшелігі идеяны орталық түсінікке шығарып, космологиялық, космогенездік, онтологиялық деңгейден әлеуметтік, қоғамдық, тұрмыстық мәселелер жазықтығына дейін алып келуінде еді [40].

Ойшылдың онтологиясында: демиург, эйдос, ештеңе, игілік, сұлулық сияқты тұжырымдамалық түсініктердің барлығы бір-бірінен оқшау қарастырылмайды. Өзара сабақтасып келіп отыратын ойтолғамдар түзілісін құрайды. Игілік пен сұлулық сияқты түсініктер этикамен эстетиканың бірлігін онтологиялық тұрғыдан негіздейді, идея ілім арқылы олардың концептуалдылығын ұсынады. Бірақ, бұл түсініктер Платон философиясында жәй ғана ноумендер емес, әлемнің негізі, шындығында, негізгі идеясы және әлем сол идеяның бастауы.

Осындай Платонның онтологиясындағы игілік мәселесі және оны қалыптастыру, оны қоғамдық өмірде сақтау – саяси әлеуметтік философиясынан да көрініс табады. Философияның метафизикалық мәселелерін жан-жақты ашып көрсеткен Платон біз қарастырып отырған мәселені «Жан туралы», «Тәрбие туралы» деген еңбектерінде айрықша тоқталып, адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің негізі – жан туралы ілімінен туындап, сайып келгенде, философтарға жүктелетіндігімен айшықталған. Мәселен, жанның екі түрлі тұғырын басқаратын үшінші тұғыры ақыл, арбакеш іспеттес жанды реттеп отыру тиіс. Ал, қоғамда философтар мемлекетті басқарып әрі балаларды тәрбиелейтін орындарда да оларға ақыл-кеңес беріп отырулары керек, олар тәрбие мәселесіне маңыз беруі тиіс.

Көне Грек заманындағы білімділіктің асқақ құндылық ретінде тағайындалуы, философтарды аса жоғарғы деңгейде бағалағандығымен ерекшеленеді. Себебі, философтар қоғамда асыраушылар мен күзетшілерге қарағанда жоғарғы әлеуметтік тап, қазіргіше айтқанда, ақсүйек, элита, зиялы қауым болып есептелген. Сондықтан, философтар мемлекетті басқарудан бастап, бала тәрбиесімен де айналысуы тиіс деп санаған Платонның түсінігінде философ жан жақты білімді, білікті, дана адам болып түсінілген.

Аристотель тәрбие мәселесімен және оқытумен, этикамен шұғылданып, тәрбиенің ролін жоғары бағалады: «Тәрбиешілер, ата-аналарға карағанда, неғұрлым сыйлауға тұрарлықтай, алғашқысы бізге тек өмір берсе, соңғылары салиқалы өмір береді». Оның перепатетиктер деп аталған мектебі, қазіргіше айтқанда, білім беру әдістемесі іспеттес. Аристотельдің ілімі концептуалды жүйелі болғандықтан, этика жеке атап өтіледі және оның адамгершілік туралы бағыт екендігіне аса назар аударылады.

Сондықтан да, ол «Эвдем этикасы», «Никомах этикасы» атты арнайы еңбектер жазған. Бұл еңбектерде ол этиканың теориялық мәселелерімен қатар қолданбалы жақтарын да көрсетеді, сәйкесінше, бұл тәрбиеге ұласады. Қоғамдағы басқару жүйесі мемлекеттің формалары, типтері туралы саяси-әлеуметтік көзқарастарында демократиялық ұстанымды да бөліп көрсетеді. Тирания, автократия, тоталитаризм сияқты ел басқару жүйелерінің әділетсіз, этикалық принциптерге сай келмейтіндігін дәйектейді.

Этиканың салыстырмалы екендігін, диалектикалық мәнін ашу қажеттігін түйсінген Аристотель адамгершілікте және оны сақтауда нақтылықты ұстану керектігін көрсетеді. Сондықтан, оның этикасы өмір мәнділік тәжірибеге арналып, тәрбиелеудің жолдарын да анықтайды. Мысалы, қай кезеңде де, «аралықты сақтау» керек екендігін былайша көрсетеді: мырзалық – ысырапшылдық пен сараңдықтың аралығы, батырлық – қорқақтық пен көзсіздіктің аралығы және тағы басқа.

Ол 5-7 жаста бала отбасында, 7 жастан бастап мемлекетте тәрбиеленуі тиіс, бастапқыда ол тән тәрбиесі, кейіннен рух тәрбиесін алуы қажет екендігі туралы ережелерді ұсынды [41].

Ал көне Римде алғашқы ағартушы Аға Катон (б.з.б. 234-149 жж) еді, ол үйде тәрбиелеу қағидасын ұстанса, Цицерон (б.з.б.106-43) адамның рухани өмірін өзгеріп тұратын күрделі үдеріс ретінде қарастырады, адамды сараңдыққа, ақылды көмескілеуге тартады, дегенмен, оған кедергі болатын бәрін игеретін ақыл мен игілікті сезім деген идеяларын паш етеді.

Батыс Еуропалық орта ғасырда ізгілік, адамгершілік, этика мистикалық сипаттан көрі таза діни мағынаға оның ішінде, христиандық теологияға сүйенілді. Көптеген қағидаларында христиан діни руханияттың маңызды бөлігіне айналды. Сондықтан да, христиандық этика сол дәуір үшін жаңа параметрлерді алып келді және ол Батыс Еуропада өмір мәнділік құндылыққа айналды, тұрмыс салтының мән мағынасы деп есептелді.

Патристика кезеңінде христиандық теология нығайған болса, схоластика дәуірінде Құдайдың мәнін іздеу таза метафизикалық болмыс, танымайтын әлем мистикасы тағы басқа [42] этикаға, ізгілікке қатысты концептуалды ұғымдарды туғызды: креационизм, фатализм, теодицея, күнә үшін азап шегу, қайта тірілу, Құдайдың жазасы тағы басқа. Бұларды бейне бір бұйрықтар, үреймен ұстау, сендіру тағы басқа идеологиялық құралдар арқылы жүргізілген және сол дәуірдің

бірден бір ақиқаты деп түсіндірілген ұзақ жылдарды қамтыған іргелі сенімге негізделген тұжырымдама деп те түсіндіруге болады.

Рухани-ізгілік пен адамгершілік философиялық талдаудың объектісіне айналғандықтан, онтологиялық, теологиялық, тіпті, тұрмыстық масштабтарда көрініс тапты. Оның бастауы Платонның идеализміне сүйенген реализм, яғни, жалпы ұғымдардың шынайы өмір сүретіндігін дәйектейтін ағым мен оған қарсы номинализм бағыттарының күресінің бірлігіне келіп тоғысты.

Бұл – шындығында, онтологиялық мәнге ие болғандықтан, абстрактылы ұғымдардың шынайы, шынайы еместігіне келіп тірелді. Ал, сұлулық игілік, сияқты концепттер объективті өмір сүруі тиіс болды. Ол тіпті құдайдың ойында әуел бастан бар деген идеяны қолдайтын Фома Аквинский негіздеген және оны қуаттайтын томизм ағымымен жалғасын тауып жатты.

Ал, теологиялық мәселелерге ізгілік пен зұлымдық күресі сол дәуірдегі теологтар, философтар арасында теодицеялық мәселелер алаңын туғызды. Әрине, ол көп жағдайда христиандық апологетикамен шешімін тауып отырды. «Егер құдай құдіретті болса жер бетіндегі зұлымдықты неге жойып жібере алмайды» деген сияқты қарапайым сауал схоластикалық пайымдаудың да объектісіне айналды, сол дәуірдегі ізгілік пен зұлымдықтың дилеммасын өздігінше шешті: зұлымдық күресіп жеңу үшін, құдай әлем стихиясымен күреседі, қарама-қарсылықтар, ізгілікті түйсіну үшін тағы басқатеодицеялық вариациялар шындығында релятивизммен көмкерілді. Ал адамдар ізгілікті, игілікті өмірге үмітпен қарауын жалғастыра берді. Тіптен ол қайта тірілу о дүниелік жұмақ мұраттарымен ұласып жатты. Сондықтан, үрейді бәсеңсіту ізгілікті өмірге тынымсыз үміт артумен ұштасты. Демек, бұл толғаныстар «алдымен ізгілік дегенеміз не, құдай мен зұлымдық арасындағы қатынас қандай» деген сауалдарды ізгілікке тәрбиелеудің алғышарттары ретінде ұсынған тәрізді.

Фатализм мұндай теодицеялық мәселелерді барынша жеңілдетті. Яғни, жазылып қойылған тағдыр адам өмірін аса көп алаңдатпады, бұл ізгі өмір ізгілікке тағайындалған болып түйсінілді. Зұлым өмір зұлымдыққа тағайындалған деген түсінікпен жалғасын тауып жатты. Ансельм Кентерберийский, Пьер Абельяр, Дунс Скот тағы басқа онтологиялық мәненен христиандық этиканы уағыздауға дейінгі мәселелермен айналысты. Руханилықтық пен Ізгіліктілікті ноумен, концепт ретінде қарастыру, шындығында, нақты тәжірибеде ұштасып жатты. Өйткені, тек қана христиандық дін емес, басқа да барлық діндердің өздігінше реттеушілік, компенсаторлық, тәрбиелік функциялары бар екені белгілі. Осы моральді реттеушілік қызмет христиандық сенімде күнәлі болып туу арқылы ізгілікке тәрбиелеудің жазылып қойылған ережелері сияқты болып кетті.

Яғни, күнәлі болып туылған адамның өмір бойы күнәсінен арылуы діни догмаларға сүйенген дін иелерінің әлеуметтендіруінен және өздерінің де әлеуметтенуінен құралды. Күнәлі болып туылған соң одан арылу қажеттігі өмір бойғы адамгершілік тәрбиенің бейне бір ережесін бекітіп бергендей болды: күнәлі

болмай туылу мүмкін емес – күнәдән арылу үздіксіз үрдіс, бұл санаға сіңірілген діни идеология.

Ал, күнәдән арылу тұтас христиандық этикалық нормалар мен талаптарын сақтаудан құралған. Міне, бұлар христиандық этиканың қарапайым тұрмыстық деңгейіне дейін жалғасып жатты. Бұл сияқты этикалық талаптарды орындауды міндеттеу иерархиялық түрде құрылған дін иелері арқылы жүргізілді. Себебі, дін иелеріне ерекше мәртебелер берілді. Папа, Апостолдар, Епископтар, владыкалар, апологеттер, псалмалар, Примас, кардинал, священник, пресвиттер, патриарх, Викарий, Епархия, митрополии, архиепископ, митрополит, мирянин, клирик, рухани көсем, Монарх, конклав, иеромонах тағы басқаарнайы тәрбиелік институттармен қатар, кей сәттерде олардың қызметін атқарды.

Орта ғасырдағы христиандық діни тәрбие адам бостандығына қатысты алғанда ерікті және еріксіз түрде жүргізілді. Ал шектен шыққан уақытта олар діни жазалаулармен ұштасып жатты, бұл жаза, әрине, алдымен, дінге сену, оның этикалық нормаларын мойындау, оны бұлжытпай орындау шарттарын сақтамай оған қарсы келгенде қолданылды [43].

Бұл екінші бір қырынан алғанда, тек этикалық нормалар емес жалпы христиандық рухани көздердің діни дүниетаным талаптарына сай келмегенде де қолданылды. Мәселен, діни мәтіндердегі әлем жаратылыс адам, оның өмірінің мәні туралы догмаларға қарсы келетін ғылыми және ғылыми емес пікірлердің өкілдері инквизиция соты арқылы аяусыз жазаланды және ол қатаң тәрбиенің көрінісі болып есептелді, олар дінді бұрмалаушылар еретиктер, скептиктер ретінде көпшілік алдында жазаға тартылды. Сондықтан, Орта ғасырдағы Еуропадағы оқу орындарында да діни тәрбие үстемдік етті.

Кейінгі қайта өрлеу дәуіріне аяқ басқаннан кейінгі протестантизм ағымының туындауына дейін католиктік бағыт мұндай жазалап тәрбиелеудің өзіндік бір биік шыңына көтерілген еді. Өйткені, папа әлемдегі ізгіліктің жаршысы, «ең соңғы инстанция», түпкілікті адал тұлға ретінде ерекше қадірленді. Оны қазақи дүниетаным тұрғысынан айтсақ, «ақ дегені алғыс, қара деген қарғыс еді». Әрине оның этикасының платформасы «Інжіл», «Жаңа өсиет», Апостолдардың сөздері тағы басқасүйенген еді: өлтірме, ұрлық жасама зинақорлық жасама тағы басқасияқты жалпы адамзаттық этикалық нормалардан бастау алған христиандық теология әртүрлі өзіндік ырым-жоралғылармен дәстүрлермен, жалғасын тауып жатты. Сонымен қатар, христиан дінінде де аскеттік өмір стиліне ұқсайтын исламның сопылық дәстүрінің де кейбір қырларына сәйкестенетін исихазм бағыты болған.

Қайта өрлеу дәуіріндегі антропоцентризм кей жағдайда орта ғасырлық схоластикамен келісімге келе алмады, оның орнына антропоцентризм идеясына басымдылық берілді. Яғни, адам болмысына берілген еркіндіктің тек діни тәрбие арқылы ғана емес, адамның өз еркі арқылы жүзеге асуы да тиіс екендігі пайымдалатын көзқарастардың алғышартын құрайды. Сондықтан «азаматтық тәрбие» деп атауға болатын үдеріс белең алды: Л. Альберти, Л. Валла, Б. Гуарини

тағы басқа Олар тәрбие үрдісінде, көне грек-римдік мәдениетті үлгі тұтуды да мақсат етті, гуманизм мен еркіндік, дінге аса тәуелділіктен құртылу, жарқын мұраттар ұсыну арқылы қоғамдық санаға ықпал етуді көздеді.

Т. Кампанелланың «Күн қаласы» атты еңбегінде әділетті, еркін қоғам адамдарының білім мен өнерді игеруі «дұрыс тәрбие» беру болып саналады. Олардың барлығының теориялық негізі «Даналық» құралы (оқу) болуы тиіс, онда тәрбиенің әмбебап нұсқасы құрылады. Адамдар табиғат заңдарына бағынған дін рухында тәрбиеленуі тиіс.

Ф. Рабленің негізгі идеясы гуманистік тәрбие мұраттарында рухани және тәндік тәрбие басты орынға шығаралады да, бұрынғы қалыптасқан діни догматикалық тұрғыдағы мәтіндерді құрғақ жаттауға қарсы шықса, М. Монтень өзінің «Тәжірибелер» атты еңбегінде адамды басты құндылық ретінде қарастырады, ал дінге қатынасы жөнінен оның ұстанымы былайша айқындалады: «кұдай алдында бас киімді шешу құрметтеледі, бірақ тізерлеу емес». Бала тумысынан пәк, ол алған білімдері арқылы емес, сыни пікір айтуға қабілеттілігі арқылы тұлғаға айналады.

Ал тәрбие мен білім беру жүйесінде, сол заман үшін жаңашылдық болып саналатын ұстанымын енгізді: «шәкірт көбірек айтты, ұстаз көбірек тыңдады». Оның тәрбиесіндегі басты ерекше ұстаным: үйренушілер тек қана беделді сыйлау немесе сенімді игеру арқылы емес, бәрін тексеру бойынша қабылдау керек [44].

Тәрбие мәселесіне басқаша қырынан келген Вивес мектеп пен үй жағдайындағы тәрбиені ажыратады, орта ғасырдағы тәрбиенің схоластикалылығын, антигумандылығын атап өтеді, тәрбиеде баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін назарда ұстау керектігіне тоқталып, әйелдердің білім алуының зиянды екендігі туралы қате көзқарастарды ұсынды.

Т. Мордың «Утопия» еңбегінде әрбір адамның өзінің рухани күштерін дамытуға мүмкіндіктер беру қажеттігін, діни аскетизмге қарсы шығып, адам бақытты болу үшін жаралғандығын, жоғары адамгершілікке тәрбиелеу бастапқы әлеуметтік мақсат болуы тиіс екендігін жариялап, орта ғасырдағы тәрбиенің дәрежелігін жоққа шығарады [45]. Бірақ оның негізгі ұстанымдары іс жүзінде орындалмаса да, утопиялық ілім мен мұраттар ретінде сақталып қалды. Сондықтан да жаңа заман ойшылдарында адамның ізгіліктілік рухы мен тәрбиелеу басқаша сипат алды.

Р. Декарттың таным теориясы сайып келгенде, адамға берілетін ақпараттардың наитивистік ұстанымына қарай ойысады, алдымен, интеллектуалдық интуиция арқылы берілетін мәліметтермен білімін толықтырлатындығын атап өтеді [46].

Интуитивизм ағымында адамның этикалық талғамдары өздігінен интуитивті түрде таразыланатын болса, ізгіліктік тәрбие, бір қырынан алғанда, адам бойындағы интуитивті түрде берілген верификациялар арқылы шешімін табады. Педагогика тарихында тәрбие мен білім беруде өзіндік орны бар ойшыл Ян Амос Каменский болатын. Тәрбиенің объективті заңдылықтарын байыптаған ойшыл



өзінің «Ұлы дидактика» еңбегінде адам тегінің игіліктілігі мақсатына жеткен сәтте, адам дана және пайдалы болады, «Бүкіл жалпы кеңес» идеясында, ол әмбебап тәрбиесінде соғыссыз бейбітшілікке алып келетін әлеуметтік әділеттілік пен өркендеуді ұсынады.

Ойшыл шексіз прогресс идеясы, зұлымдықтан ізгіліктің үстем болуы тағы басқаоптимизм идеясын ұсынады. Сайып келгенде, ол адамзатты қайта құрылымдау жолы: халықтың баршаға ортақ білім алуы, өскелең ұрпақты еңбекке баулу, гуманизм бастауларындағы адамгершілік тәрбие тағы басқақұптайды. Ол әрбір тұлғаны табиғаттың кемелденген өнімі ретінде көре білді, адамды білім алуы арқылы қоғамға қызмет етуге қабілеттілігі жөніндегі ракурста қарастырды. Адамды микрокосм ретінде таныған ол тұлғалық болмысты қалыптастыруды табиғаттағы ғаламдық өзгерістермен байланыстыра қарастырады.

Адамның табиғилығы өзіндік қозғаушы күшті иеленеді дей келе, әлемді игеру мен байыптауда тәрбиеленушінің өз бетіншелік қағидасының қажеттілігін ұсынады. Ол тәрбиедегі сыртқы факторлар мен тәрбиеленушінің еркі мен қызметі тәрбие үдерісінде басты роль атқаратындығына мән берді. Оның түсінігі бойынша, адамдар табиғаты жөнінен тең және олар сөзсіз адамзатқа пайда алып келетін рухани және толықтай ақыл-ойын дамыту мүмкіндігіне мұқтаж.

Ян Амос Каменский зұлымдықтың шығу көзі білімсіздікте деп біліп, пансофизм идеясын ұсынады. Яғни, даналық тек таңдаулы адамдарға ғана тән болуы қажеттілігі емес, баршаның ілім, білім, адамгершілік, ізгілік арқылы дана болуға қабілеттілігі мен тиістілігі туралы пайымдады.

Дж. Локк өз дәуірінде білім мен тәрбие мәселесінде, Р. Декарттың туа біткен идеяларын жоққа шығара отырып, сана дүниеге келгенде таза тақта тәріздес болатындығын атап өте келе, тәрбиенің түпкі мақсаты дені сау тәндегі дені сау рухты қамтамасыз ету екендігін көре білді [47].

Барлық тәрбие түрлері өзара байланысты болғанмен, өзіндік басымдылықтарға ие, мәселен, адамгершілік ерік пен өзінің қалауларын реттеуге байланысты деп тұжырымдаған Дж. Локк еріктің қалыптасуы қиыншылыққа төзе білуімен байланысты екендігін байыптайды. Адамдардың зұлым немесе ізгілікті болуы тек тәрбиеге ғана қатысты болып шығады.

Гоббс этикасын қарастырған кезде, әдетте, оның ең таңғаларлық белгісіне – зорлық-зомбылыққа, үстемдікке бағытталған адам сипатына, жеке адамдардың табиғи жағдайын «барлығының барлығына қарсы соғыс» жағдайы ретінде бағалағандығына назар аударылады. Гоббс «адамның адамға қасқыр» екенін айтқанда, ол осындай өткір тұжырымдары арқылы қатігездікті көре біледі, сол қоғамды сипаттайды, шындығында, оның бұл идеясының түп негізі адам тумысынан зұлым деген идеяның басқаша қайталанған түрі ретінде бағаланса, екінші бір қырынан алғанда, барлық зұлымдықтарды іріктеп алу мен әлемді солай түйсіне білудің нәтижесінен туындайды. Яғни, бұл негізінен алғанда, ізгілікке тәрбиелеуде өзіндік тереңдігі мен интенсивті болуы қажеттігі туралы ойды меңзейді.

Француз философы, ағартушылықтың идеологы, жазушы Дидро Дени жақсы заңдардың қатарына жеке адамдардың ортақ игілікке тоғысуы жатады деп, моральдік максима ретінде: «адам өзгелерге олар өзіне қандай қатынаста болу керектігі бойынша өзі қалағандай қатынас жасау керек» деген тұжырымын ұсынады.

Руссо Жан-Жак танымал педагог ретінде айрықша орын алады. «Өнер мен ғылым туралы ой-толғамдар», «Жаратылу және адамдар арасындағы теңсіздіктің негіздері туралы», «Қоғамдық келісім туралы немесе саяси құқықтың қағидалары», «Эмиль немесе тәрбие туралы», «Юлия немесе Жаңа Элоиза», «Уағыз» тағы басқа Ол ағартушылықтың баламалық өкілі ретінде ғана емес, этика мен эстетиканың дәстүрлі бірлігін ажыратушы болды, ғылым мен өнердің дамуынан адамдардың ақылы азғындады деп білді. Осындай өткір көзқарастары арқылы қуғындауға ұшырап, оқшаулана түсті.

Ол қоғамдық прогресті сынады: егер адамның бастапқы табиғи қалпы немесе алғашқы қауымдық дәуірдегі оның жайлы және тыныш өмірі бақытты балалық қалпы болса, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің өндірістік дамуы («темір» мен «нан») адамдарды өркениеттендірді және адамзаттық түрді құртты [48].

Ол адам ақыл-ойының дамуының артынан ілесіп өсіп келе жатқан адамдардың теңсіздігін туғызды, бұл білімсіздіктен емес, мүліктік теңсіздіктен пайда болады: жер теліміне бақша егу туралы ойына алғаш келген бірінші адам: «Бұл менікі» де айтады және бұған сенетіндей көңілі ашық адамдарды тауып, азаматтық қоғамды шынайы негіздеушілердің біріне айналады деп пайымдайды. Руссо бұдан өркениетті қоғамның түпкі мәніне үніледі: шынайы адамдық мән мен оның өркениеттегі көрінісінің ажырауын көрсетеді. Теңдікті орнату үшін өркениет табиғатқа үстемдігін жүргізуді күшейтті, өркениет түптің түбінде табиғаттың және өзінің тиранына айналады, сөйтіп, адамзат кейін де орала алмай, өзінің қандай да бір жаңалықтарынан да бас тарта алмайды деген ойларын ұсынады.

Прогрестің шеңгелінен шығуда Руссо табиғатқа, «орманға барып, аюлармен бірге өмір сүру туралы» алармистік оралуды емес, адамның өзіндік табиғатына қайта оралуды көздейді, мұнда адам тұтастықты бұзбайтын қоғамның ажырамас бөлігі ретінде өзін іске асыру туралы айтылады: әрбір адам бәрімен мойынсұнып бірігіп, бірақ тек бұрынғыдай өзіне еркіндігі болуы тиіс деген холистік түсінікті ұсынды.

Оның әрбір мүшесі өзінің құқықтары бойынша қауымдастық пайдасы үшін оқшаулануы тиіс. Бұдан Руссо өзінің сенсуалистік педагогикасын негіздеді: баланың тұлғалығын құрметтеу, ақылдың жетілу үрдісінде жасанды күштеулерді болдырмау, оқуға өзіндік ойлауымен келу, табиғи мүмкіндіктерін максималды түрде дамыту тағы басқа идеялары 18-19 ғасырлардағы педагогиканың дамуына айтарлықтай әсер етті. Үйдегі тәрбие және табиғат аясындағы тәрбиені баланың оқшаулануы ретіндегі дұрыс тәрбиеленуі деп жақтайды.

Гельвеций Клод Адрианнның ағартушылық еңбектері: «Ақыл туралы», «Адам туралы, оның ақыл қабілеті және тәрбиесі туралы» тағы басқа адамдардың табиғи ақылдылық қабілеті барлық ұлттар мен нәсілдерге ортақ, ал ақылдың тең емес болып шығуы әр түрлі жағдайдағы тәрбиеге байланысты екендігін тұжырымдады. Адам сезімдік түйсіктердің қозғалысына негізделген машина, оның әрекеттерінің барлық түрткісі өзін сүюге негізделген, сондықтан моральдік уағыздар ешқандай нәтиже бермейді. Ең жақсы заң шығарушы жеке мүдделер мен қоғамдық мүдделердің бөлінуін ұсынған адам деп тұжырымдайды.

Философия тарихында педагогика туралы пікір білдірген И. Кант оның мазмұнын алдымен, философиялық деңгейде саралайды. Ол тәрбие теориясы, тәрбиенің табиғаты мен оған натуралистік тұрғыдан келу, әлеуметтік тұғырларын айқындау бағдарында көрініс тапты: Мәселен, «Тәрбиелеу тек адамға қажетті. Ол алдымен күтім (баланы), тәртіпке келтіру (мінез-құлықтың қалыптасуы), білім беру. Жануарларға күтім мен өмірге дайындау қажетсіз, ал адамды тәртіпке келтіру ол жануарлардан айыратын белгі, ол ұрпақтан ұрпаққа жалғасады. Тәртіпке келтіру, жабайылыққа қарсы, ал позитивті қызметі адамгершілік келбетті қалыптастыру. Адам қашанда бала күтіміне мұқтаж, моральдік тәрбие алмаған адам өрескел, өзін-өзі шектей алмаған адам жабайы. Нашар тәртіпке кетіру – зұлымдық, әрбір келер ұрпақ адамзат дамуын кемелдендіруге ұмтылады.

Тәрбие теориясын құру – тамаша мұраттар және біз оны жедел арада жүзеге асыра алмауымыз ешқандай да сәлекет емес. Идея – тәжірибеде әлі жүзеге аспаған жетілу туралы ұғым. Тәрбиелеу жоспары тек осы шақпен емес, болашақ ұрпақтар мен келешектегі адамзат қалпы бойынша тәрбиелеу керек. Тәрбие: адамды тәртіпке келтіруі тиіс, адамды культивациялау (жетілдіру) керек, тәрбие адамды байқампаз, жауапты, әлеуметтік құнды етіп қалыптастыруы қажет, тұлғаның адамгершілігін қамтамасыз етуі тиіс. Біз тәртіпке негізделген қоғамда өмір сүреміз, ал адамгершілікті ғасыр әлі алыс емес. Ал адам болмысындағы ерік пен еркіндік өз мақсатына жету үшін қолданылады...» [49].

Қорыта айтқанда, рухани-ізгіліктілік тәрбиенің жалпы мазмұны, алдымен, этика және адамның моральдік болмысы мен табиғаты туралы пайымдаулардан бастау алады. Негізінен алғанда, ізгілік пен зұлымдық туралы философиялық пайымдаулар мен тәрбие – педагогтар, психологтар, философтардың тұтас тарихи танымдық дискурсында тек ізгілікке бағдарланады, зұлымдыққа үндеу мен оны насихаттау идея мен идеологиясы кездеспейді деуге де болады.

Бірақ ізгілік, яғни, адамгершілік тәрбиесі адам мен тұлға қалыптасуында болмай қоймайтын қажеттілік қана емес, адамзат өмір сүруінің, бар болуының негізгі атрибуттық қызметі болып шығады. Сондықтан да, философия тарихындағы философ-педагогтар адам бойында ізгілікті қалыптастырудың бағдарларын зерделеп, оны жеке адамдық және әлеуметтік тұрғыдан қарастырады. Яғни, қоғамның әділеттілігі, қайырымдылығы, ізгілікті болуы мен жеке адам бойындағы сапаға қатысты индивидуалистік тұрғы. Ізгілікті тәрбиенің

тұғырлы атрибуттары: дін, моральдік заңдылық, кей сәттерде мемлекеттік заң және арнайы, ресми тәрбие институттары болып құрылымданған.

Осыған орай, философия және педагогика тарихындағы руханияттық-ізгіліктік тәрбиенің мәні мен мазмұнын былайша жинақтап көрсетуімізге болады:

1. Жалпылама бағдарлық ерекшелік. Философия мен педагогика тарихындағы рухани-ізгіліктік тәрбиенің идеясы мен идеологиясы адамзат танымы мен рухани кемелденуі үшін жеткілікті және қолжетімді болғанмен, нақты технологияларының тек кей сәттерде діни уағыз, кей жағдайларда дидактика, ал кейбір форматтарда теориялық деңгейде қалуында болып отыр. Философияда этика, адамгершілік, рухани-ізгілікті тәрбие теориялық деңгейде қарастырылса, педагогикада оның тәжірибелік қырларына басымдылық беріледі.

Демек, педагогикадағы рухани-ізгілікті тәрбие ортақ, маңызды ұстанымды қалайды, ол – тәрбиенің мақсатына жетуі. Тәрбие бастапқыда арнайы педагогикалық ілім болып қалыптаспаған кезеңде де адамзат руханиятының маңызды құбылысы, тіпті адамзат тіршілігінің мәні болып тағайындалған еді.

Өйткені, адамзат тіршілігінің болмысы – бірте-бірте құрылымданған мораль, арнайы ілім ретінде қалыптасқан этика, тіпті заңдық-құқық негізде канондалған ұстанымдар, діни қағидаттардың басты қызметі тағы басқатүрінде өздігінен қажеттілік ретінде жетіле берді. Бірақ тұтас руханият (мораль) пен оны сақтау қажеттігі екі бөлек дүние екендігі анық байқалды, яғни, теориялық этика мен эмпирикалық этика, сайып келгенде, философия мен педагогика арнасында дамыды. Философия тарихындағы рухани-ізгіліктік тәрбиенің мазмұнының қысқаша конструкциясы осыған келіп саяды.

2. Аймақтық дүниетаным. Рухани-ізгіліктік тәрбиенің бастаулар мен философиялық мазмұны да әрқилы бағытта, әртарапты параметрлерде қарастырылғандықтан, әрбір кезең мен дәуірдің құндылықтық бағдарларына орайластырылды. Ізгілікке баулу, адамгершілік құндылықтары жалпыадамзаттық болғанмен, дегенмен, батыс пен шығыстық аймақтарды дүниетаным парадигмаларының ерекшеліктерін байланысты екі түрлі бағдарды да қарастыруға болады.

Батыстық руханияттық тәрбие көне замандарда кей сәттерде мистикалық, космологиялық сипат алғанмен, көп жағдайда білім берумен байланыста қарастырылған. Білім мен тәрбие тұтастығы сақталған, бұл бірлікті киниктер мектебі ажыратқанмен, бүгінгі күнге дейін екеуінің дуализмі қатар жүріп келеді.

Шығыста да білім тыс қалмайды, дегенмен, тәрбиеге айрықша мән беріледі және көп жағдайда ізгіліктіліктің өзі: қайырымдылық, әділеттілік, үлкенге құрмет, жақсылық жасау тағы басқасалаларға дифференциаланады. Мәселен, конфуцийшілдік сенімінде тарихилық, яғни, ата-баба дәстүрі басты орынға шығарылады. Ал Үнді философиясындағы ізгілікке баулу тәрбиесі діни сипат алғанмен, жаратушының императивтері арқылы бағындырылмайды, бұйрықтар түрінде берілмейді, адамның өзіне-өзі үңілу интроспекциясына бағдарланады.

Батыста ағартушылық тұтас зерделенеді және ол XVII-XVIII ғасырлардан бастау алатын арнайы бір дамудың кезеңі ретінде қарастырылады, сондай-ақ, орта ғасырлық діни тәрбиеге негізделген дәуір ұзақ кезеңді қамтиды, сонда, батыстық философия мен педагогикадағы ізгілікке тәрбиелеудің үш арнасын жинақтап көрсетуге болады: грек-римдік мәдениет, орта ғасырлық теология дәуірі, кейінгі ағартушылық.

Ал Шығыстық танымдағы ізгілік дәстүрлері белгілі бір кезеңдер бойынша емес, тұтас, үздіксіз өрлеп отырады. Қосөзен аралығындағы мәдениеттен бастап, көне Үнді мен Қытай руханиятында тұтас руханияттық және оның айнымастығы мен барынша тұрақтылығы байқалады. Оны бірнеше мыңжылдықтарға созылған буддистік, брахмандық, конфуциандық, даосистік дәстүрлерден көруімізге болады, сондықтан да, олардың тәлім-тәрбиесінің нысандары барынша тұрақты.

3. Әр түрлілік пен технология. Ізгілік пен руханилық тәрбиенің технологиялар мен тұтас құрылымы арнайы ресми, ғылыми жүйеленген түрде қарастырылмағандықтан, онда қайталаулар мен эволюциялық өрлеу ғана байқалады. Негізінен, оның мақсаты, мазмұны, мәні, қызметі, формасы тағы басқа ортақ ұстанымы белгілі болғанмен, тұтас кумулятивтілік сақталмағандығын көре аламыз.

Бұл мораль, педагогика бастапқыда өнер, философияда абстрактілі форматта болғандықтан, тәрбие философиядан бастау алғандықтан, моральдік тәрбиенің конструкциясы, верификациясы, реконструкциясы ХХІ ғасырға дейін жеке концепциялар болмаса, тұтастанған жүйеге келтірілмегендігін аңғарамыз. Қазіргі таңда педагогика арнайы ілім, ол педагогика тарихы, әлеуметтік педагогика, дидактика, әдістеме тағы басқасалалар бойынша жүйеленгенмен, ізгіліктілік тәрбиесі тәрбие теориясындағы оның басқа да, эстетикалық, экологиялық, ақыл-ой тағы басқатүрлері сияқты «адамгершілік тәрбиесі» болып құрылымданады. Ал педагогика тарихында: руханияттық өрлеу, рухани даму, діни өнеге, моральдік құндылықтар көп жағдайда тұтас қарастырылды, қазір де адамгершілік тәрбиесінің теориясы осы арнада сақталып келеді.

4. Жалпылық пен жекелік. Философия тарихы аясындағы ізгілік тәрбиесі эволюция бойынша верификацияланбайды, сондықтан да, әрбір кезеңдегі, әрбір аймақтағы адамгершілік құндылықтардың бағдары, субстраты – жалпыадамзаттық құндылықтар, бірақ оның өзі таза абсолютті емес болғандықтан, философтар мен педагогтардың пікірлері мен әдістері де әрқилы болып келеді. Мәселен, діни технология (орта ғасырдағы христиандықта), заңдық-құқықтық (легистерде), мистификациялау (логос, әлемдік ақыл), әлеуметтендіру формасында (социологиялық), ағартушылық, зайырлылық, демократиялық, адам бостандығы тағы басқа құндылықтар аясында сараланады. Абсолютті ізгі адам үлгісі жалпылама бағдарлы болып келеді: нирванаға жеткен адам, дана тұлға, әдеби шығарма, тарихи шежіре тағы басқа кейіпкерлері тағы басқа мораль жалпылама қоғамдық сананың бір формасы болғандықтан, оның эволюциясы мен дамуының критериилері көрсетілмейді.

5. Диалектикалық сипаты. Ізгілік пен руханилық бір ізді және бағдары тұрақты болғанмен, философия тарихында кереғар немесе қайшылық құрайтын, жағымсыз мән сияқты болып қабылданатын идеялар да кездеседі: «Адам іздеп жүру» - Диоген; өте қатаң жаза – Легизм; адам адамға қасқыр – Плавт, Гоббс; қайырымдылықтағы пайдакүнемдік – Лоренцо Валла, құндылықтарды қайта бағалау – Ф. Ницше тағы басқа. Бірақ осы қайшылықтар педагогика мен философия тарихында құндылықтардың салыстырмалығы ретінде ғана қабылданады. Демек, Виндельбанд айтқандай, бір қырынан алғанда, мазмұны тұрақты болғанмен, әр түрлі формалық өзгерістер де болуы мүмкін: агапе, эрос, махаббат тағы басқа. Ал құндылықтар эволюциясы мен дамуы, тәрбие құндылықтарының дамуы бағалаулармен қарастырылмайды.

6. Идеологиялық, насихаттық, үгітшілдік, санаға сіңірушілік сипаты. Көріп отырғанымыздай, тәрбие теориясының тұтас мазмұны мен оның өн бойына сіңірілген болмысы, қайталамалы, мақсатты, үнемі, үздіксіз үгіттелуі тағы басқаарқылы бейне бір ресми емес адамзаттық идеология ретінде ұсынылған. Ол бейне бір жоба, акт немесе діни тәжірибе емес, адамзат дамуының өн бойында өздігінен сабақтасып келе жатқан игілікті құбылыс және негізгі мақсатынан мыңдаған жылдар өтсе де айнымайтын көпшілікке арналған мегаүрдіс. Ол идеологияның бір ерекшелігі – әлеуметтік қабаттарға, жыныстық, жастық, таптық ерекшеліктерге қарамастан, баршаға ортақ болып қабылданып келуінде.

7. Ізгіліктілік тәрбиенің құндылығы. Бүкіл философия мен педагогика тарихында рухани-ізгіліктілік тәрбие аксиологиялық сипатқа ие. Оны адамзат руханияты, ешқандай философ жоққа шығармайды. Бірақ құндылықтық бағдардың форматтары өзгеріп отыруы ықтимал. Өйткені, тәрбие дүниетаным, таным теориясы емес, ол алдымен, адам туралы ілім, одан соң қоғам туралы пайымдау. Сондықтан, бүкіл адамзат тарихында тек бала тәрбиесі ғана емес, ересектер тәрбиесі мен білім алуы және оның үздіксіздігі, кейіннен, арнайы сала – андрагогика болып қалыптасты, әлеуметтануда – әлеуметтендіру болып жалғасын тапты, діни танымда – өнегелік, имандылық тағы басқа адам келбетінің бейнесіне айналды және ол бүгінгі күнге дейін сол құндылықтық мағынасында сақталып отыр. Қазіргі таңда тәрбие теориясы жетілгендіктен, өзіндік технологиялар мен психологиялық тәсілдерін жаңартып отыр.

Кей сәттерде, жалпыхалықтық сипат алып, мемлекеттік идеология түрінде де өмір сүре алатын өміршеңдігін дәйектеген құндылыққа айналды. Тәрбие теориясынан гөрі тәрбиелі адам құндылығы қазіргі таңда басты прагматистік ұстанымдардың біріне өткен деп айта аламыз. Сондықтан да рухани-ізгіліктілік тәрбиенің мазмұны философиялық, формасы – әлеуметтік педагогикалық болып қала береді.

Келесі тарауларда тікелей қазақ мәдениетіндегі тәрбие мұраты мәселесіне талдау жасаймыз.

## 2 ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ ТАРИХЫ КОНТЕКСТІНДЕГІ ІЗГІЛІКТІК-ЭТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

### 2.1 Қазақ мәдениетіндегі ізгіліктік-этикалық тәрбие мәселесі: әлеуметтік-мәдени алғышарттар

Жаһандану жағдайында материалдық құндылықтардың алға шығуы, батыстандыру үрдісі жайылып бара жатқан әлемде ұлттық қайнарларға қайта оралу - диссертациялық жұмыстың басты мақсаттарының бірі. Өйткені еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде өзіндік ұлттық құндылықтарды жастардың бойына сіңдіру қажеттілігі артуда. Ежелден қалыптасқан ұлттық салт-дәстүрлерді, халықтың ізгіліктік-этикалық рухани байлығын бойына сіңірумен шектелмей, әлемдік өркениет жетістіктерімен ұштастырудың да маңызы зор. Қазіргі заманға лайық өресі жоғары, өнегелі де ізгілікті жаңа қазақстандық қоғамды орнықтыруда, ізгілікті құндылықтар мен тұжырымдамаларға негізделген қоғамдық институттарды қалыптастыру қажеттілігі туындауда. Қазақ халқының ұлттық санасы мен дүниетанымы түбірінен жаңаруда. Сондықтан рухани құндылықтар әлемін қайта зерделеуге, оның өнегелі тұстарын жаңаша түсіндіруге бағытталған еңбектердің тәрбие мәселесінде пайдаға асары сөзсіз. Адамның рухани адамгершілікті дамыуынсыз, әлемдегі кез келген іс-әрекет өзінің мағынасын жоғалтатындығы туралы жоғары моральға және терең сенімге сүйенген қазақ этикасының негізінде, адамгершілікті кез-келген мақсатқа жетудің құралы емес, әлеуметтік дамудың биік мақсаты ретінде тануға ұмтылыс бар. Мүмкін бұл бүгінгі сын-қатерлер қарсаңында Ұлы Дала данышпандарынан алатын басты адамгершілік сабағымыз болар... [50]. «Заманауи әлемде тәрбие саласындағы басым бағыттардың бірі халықтың рухани және мәдени құндылықтары мен дәстүрі арқылы тұлғаның рухани ізгіліктік негіздерін қалыптастыру болып табылады. Бұл өз кезегінде қоғамның рухани-ізгіліктік негіздерін қалайтын барлық әлеуметтік институттар қызметінің мазмұнын өзгертуді талап етті. Сондықтан қазақы дүниетанымға, мораль мен этиканың жоғары қағидаларына негізделген халықтың бай тарихи құндылықтарын, дәстүрлерін қайта жаңғырту, оларды қазіргі заман аясында дұрыс қолдана білу тәрбие саласындағы маңызды факторлардың бірі. Қазақы дүниетанымдағы ізгіліктік-этикалық тәрбие идеалдарының қалыптасуы мен даму тарихына көз жүгіртсек, жалпы рухани-ізгіліктік қалыптастыруда ұлттың бай мұрасының шешуші орын алатындығы айқын. Қазақ халқы өзінің ғасырлар бойғы даму барысында халықтың ауызекі әдебиетін өзіне арқау етіп, тұлға бойындағы ізгі қасиеттерді қалыптастырып, тәрбиелеуге үлкен мән берді. Тарихқа көз салсақ, тұлға бойында рухани-ізгіліктік құндылықтарды қалыптастыруда сонымен қатар ұлттық педагогика да маңызды орынға ие» [51].

Сабақтастықпен жалғасын тауып ділге сіңіп, ұлттық өзіндік бітім мен болмысты айқындайтын ізгі қасиеттерді қайта түлету лазым. Көне сақ

дәуірлерінен бастау алған қазақ мәдениетіндегі ізгіліктік-этикалық тәрбиелік ойлардың қайнар көздері Орхон-Енисей жазба ескерткіштерімен толықтырылды. Одан кейінгі орта ғасыр (IX -XIV ғғ.) ойшылдарының тағылымдық ойлары, қазақ хандығы (XIV-XVIII ғғ.) дәуіріндегі ақын-жыраулар мен би-шешендер шығармашылығымен ұштасты. (XIX ғ.-XX ғ. 20–жылдарына дейінгі кезең) Орыс империясына басыбайлы болған шақтардағы демократиялық бағыттағы Алаш зиялыларының ерен еңбектерімен қарқынды дамыды. XX ғасырдың 20–жылдарынан бастап ғасырдың 90-шы жылдары аралығында тәрбиелік ойлар кеңестік кезеңде өрбіді, ХХІ ғасырда тәуелсіз, әділетті Қазақстанда ұлттық ізгіліктік-этикалық тәрбие мәселесін жаңа үлгілермен толықтыру үстіндегі іс-шаралар жүріп жатыр. «Адамзат мәдениетінің ілгері дамуы тұлғаның рухани тұрғыдан дамуымен, этикалық сипаттарымен тікелей байланысты. Материалдық құндылықтарға басымдық берген батыстандыру үрдісі рухани-ізгіліктік бағыттан айырылған мәдениеттің орнығуына әкеліп соқтырды. Осындай жансыз, жалған мәдениет қоғамдағы теріс әрекеттерге ұрындырып, орынсыз заңдылықтардың орын алуына алып келіп отыр. Осы себептен де тәрбиенің жаңаша бағытта жүргізіліп, оны ізгілендіру мәселесі бүгінгі күн тәртібінің өзектілігіне ие болды. Адами құндылықтары жоғары, рухани жаңарған моральдық жүйе ғана жаһанданудың жағымсыз қырларына төтеп бере алады» [51].

М.С. Орынбековтің: «түркілер қоғамы экономикалық қатынастарды ығыстыратын жеке адамдар арасындағы қарым-қатынастардың фундаментализмімен сипатталды. Бұл қоғамда оның барлық мүшелері үшін мызғымас ортақ құндылықтар болды. Ол ерекше рухани байланыстар өзіндік қарым-қатынастар кодымен, тіл және байланыс тәсілімен, сондай ақ тек осы қоғам үшін ғана мәнді рәміздерді тасымалдаудың үлгісімен сіңірілді. Мұнда рухани өмір басымдық танытады. Сондықтан экономика мен саясатқа қарағанда мәдениет алдыңғы орынға шығады» деген пайымдауларымен толықтай келісуге болады [52, 14 б.]. Түркі халықтарының философиясы туралы ой толғаған Ә.Нысанбаев пен Н. Аюпов түркілік философияның ең басты анықтаушысы – оның биік этикалық бағдары екендігін атап көрсетеді. Барлығы бір ғана мақсатқа, яғни адам мен социумның адамгершілік өмірін жүзеге асыруға бағынады. Адамның кез-келген қызметі адамгершілік-этикалық сипатта, жасалған нормалар мен ережелерді орындау сипатында болуы тиіс [53, 67 б.].

Түркілік этикалық ойдың ерекшелігі – өмір сүрудің дұрыс, оңды жолын көрсетуші өнер, даналық. «Қазақы дүниетаным, жалпы қазақ мәдениетінің тарихын зерттеушілер келесі кезеңдер арқылы қарастырады: прототүріктер мәдениеті, ортағасырлық түркі мәдениеті, дәстүрлі мәдениет, Ресей құрамындағы қазақ мәдениеті, кеңестік кезеңдегі қазақ мәдениеті, Қазақстан Республикасының мәдениеті» [51]. Ортағасырлық түркілік мемлекеттерді, оның ішінде Қарахандар мемлекетінде кейінгі қазақтың ізгіліктік-этикасының бастауы, архетиптері қалыптасқан. «Тарихшылар мен мәдениеттанушылардың көзқарасынша, классикалық мәдениеттің жоғары түрлерін жасауға және қабылдауға деген



бейімдік болса, кейінгі көшпелі халықтарда мәдени тоқырау басталды. Оның себептерінің ішінде моңғолдардың шапқыншылығы да, Еуропада орын алған өнеркәсіптік өркениеттің жалпы әлемдік өктемдік жүргізуі де, Ресей мен Қытай сынды алып империялардың жүзеге асырған отарлау саясаты да бар. Ал дала халқы тарих пен мәдениеттің жаңа талаптарына өз ата-бабаларының рухы мен діліне сай жауап бере алмады. Алайда, мұсылмандық қайта өрлеу кезеңінен кейін Еуразия даласында тек мәдени тоқырау болды деу сыңаржақтылыққа жатады. Жаңадан қалыптасқан этникалық мәдениеттер де сол өңірдегі тіршілік тынысына сай өзіндік этникалық жүйе қалыптасуына түрткі болды» [53, 99 б.].

Қазақ мәдениеті егжей-тегжейлі зерттеген Т.Х. Ғабитов этиканы ұлттық сипаты анықталған ілімдер қатарына жатқызады. Өйткені әр халықтың орналасу аймағына, тіршілік салтына, өмір сүру дағдыларына байланысты ортақ мінез-құлық ережелері, жүріс-тұрысы, тыныс-тіршілігі қалыптасады. Қазақ этикасы өзінің көл-көсір молдығымен де, адамгершілік қуат-тегеурінімен де, тарихи айқындылығымен де халықтың рухани өмірінде ерекше орын алды [54, 100 б.].

Түркі жұртының ізгіліктік-этикалық тәрбиесінің әлеуметтік-мәдени алғышарттарын талдап көрсетсек, алдымен олар өмір сүрген аймақтың қатал табиғатымен, айналысатын күнкөріс кәсібімен байланыстылығын атап көрсету қажет. Тылсым табиғатпен етенелесе өмір сүру олардан биік моральдық-этикалық қасиеттерді талап етті. Көшпелілер мал шаруашылығы тетіктерін жете игеру жолында еңбексүйгіш, қиындыққа төзімді, жаужүрек, тапқыр, алғыр, үлкенге ізет, кішіге мейірім көрсету қатарлы қасиеттерге ие болды.

Көшпелі жұрт баласы ес білгеннен бастап табиғат құбылыстарын бажайлай қарап, жұлдыз санап өскендіктен оның қиял әлемі, ойлау көкжиегі кең, көзі қырағы, көкірегі ояу болды. Көшпелі қауымда әр адамның қадір-қасиеті оның жасына, әлеуметтік ортада орнына қарай белгіленеді. Осындай қоғамдық қатынастарды көріп өскен жағдайда адамдардың мүдделестік, көзқарас бірлігі, кісілік қарым-қатынас нормалары берік сақталуына, «психологиялық» хал-ахуалдың бірыңғай болуына мүмкіндік туғызады. Ал ол қауымдастық мүшелерінің бір кісінің баласындай болып бірігіп топтасуын, рулық салт-дәстүрлерді берік сақтауын қажет етеді. Осыдан келіп бата беру, ортақ жауға бір кісідей болып бірігіп, топтанып аттану, ата-баба, ру, аймақ намысын бірігіп қорғау, ант ішіп ақталу, жора қылу, дау-шарға төрелік айту, үйлену тойлары мен өлікті жөнелту рәсімдерін рулас ағайын-туғандардың бірлесіп атқарысуы сияқты салт-дәстүрлер дүниеге келіп орнықты [55, 6 б.].

Осы салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар ұрпақ тәрбиелеуде, халықтың дәстүрлі рухани мәдени құндылықтарын сақтап, жалғастыруда әлі күнге қызмет етуде. Түркі халықтарының ділінде осы мәдени дәстүрлерді ұстану тән. Мысалы жаңбыр жаумаған кездегі тасаттық беру, жұт кезіндегі көмек беру, асар ұйымдастырудың тәрбиелік маңызы зор. Мұндай ұйымдасулар мәдени құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыру ісінде ерекше маңызға ие, олар тәрбиелік және білім беру қызметін атқарады. Рухани мәдениеттің бұл дәстүрлі сипатының негізінде

өздерінің бойына ұрпақтарға жол көрсететін халық даналығын, өмірлік тәжірибені жинақтаған құрылтайдың идеялық символдары, ақсақалдар кеңесі, билер кеңесі, асар жатыр. Адамның қоғамдық және жеке өмірін қамтитын рухани құндылықтардың бірі – әртүрлі дәстүрлі түсініктер, мінез-құлық, тәртіп, көргенділік пен иерархиялықтың, реттілік пен дұрыстықтың ережелері. «Жаман болады» және «Ұят болады» гипотетикалық императивтері адамның мінез-құлығын реттеуде үлкен көзқарастық және рухани мазмұнға ие [56]. Қазақтың этикалық ойы тарихында Абай ғақлияттарында ұят категориясына келесідей анықтама берілген: «Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді ішіңнен өз мойныңа салып, сөгіп қылған қысымның аты. Көздің жасын, мұрныңның суын сүртіп алуға да қолың тимейді, бір ит боласың. Көзің кісі бетіне қарамақ түгіл, еш нәрсе көрмейді. Мұндайлыққа жетіп, ұялған адамға өкпесі бар кісі кешпесе, яки оның үстіне тағы аямай өртендіріп сөз айтқан кісінің өзінің де адамшылығы жоқ десе болар» [57].

Қазақтың философиялық-этикалық ойлар тарихы экзистенциалды мәселелерге арналған. Адамдарды ойлануға жетелейтін, адамгершілік пен ізгілікке баулитын даналыққа толы философия еді. Қазіргі замандағы философияның қандай болуы керек деген мәселені қозғай отырып қазақстандық философ Т.Х. Рысқалиев былай жазды: «Қазіргі заманғы философияға қойылар талап – адамдарға рухани тірек, сүйеніш болу; оларға моральдық-психологиялық, терапиялық көмек көрсету, бұл үшін философия қайтадан даналыққа бет бұрып, осы қызметін жандандыруы керек. Бізге қазір жетіспей жатқан нәрселер – басқаларды қоя тұрғанда – даналық пен түсінік» – деген ойлары қазақ даналығын, ондағы ізгіліктік-этикалық тәрбиелік мағынасы зор тұжырымдамаларды жаңғыртумен орайласады. [59, 9 б.].

Жастарды ғылым, біліммен қаруландыру қазіргі заман талабы. Дегенмен ұзақ жылдар жоғары оқу орындарында ұстаздық еткен ғалымның тәлім-тәрбие деген адамзат тарихынан бірге жасап келе жатқан және дәстүрге айналып кеткен нәрсе деген ойларымен келісеміз. Халқымыздың ежелден бері келе жатқан тәлімдік ойлары тәжірибелік құралдары жетерлік. Олардан ғибрат алуға, тағылым үйренуге халқымыздың әдет-ғұрыптары, салттары мен рәсімдері зор рөл атқарары сөзсіз.

Қазіргі кездегі әлемдегі рухани дағдарыстарды ауыздықтауда түркілердің философиялық-этикалық, өнегелі-моральдік тұжырымдамаларын қайта жаңғыртудың маңызы зор. Түркілер ұстанған қағидаттар – адам өмірінің адамшылық мазмұнының категориялық императиві ретіндегі «адалдық» концептісі. Адалдық концептісі әлеммен, қоршаған табиғи ортамен, адам аралық қатынастардың парқы. Олар табиғи әлемнің бұзылуына, ластануына апаратын әрекеттерге тыйым салып отырған. Өздері тіршілік етіп отырған табиғи ортасына деген ерекше құрмет пен сүйіспеншіліктен олардың қиялында алдымен «Қара Жер – Көк Аспан» деп ұғынылған Әлемнің тұтас бейнесі, одан соң құдайланып «Ұмай Ана – Көк Тәңірі» деп рухтандырылған. С. Ақатайдың пайымдауында:

«Қазақтың халықтың этикалық салауаттары мен дәстүрлі педагогикалық бабтарының мыңдаған жылдар аясында мимезис теориясына (табиғатқа еліктеу) сәйкес қалыпқа түскені байқалады» [59, 39 б.]. Қазіргі уақытта жердің Тәңір иесі деп есептелген «Ұмай Ана» түсінігі «Табиғат Ана» деп аталатын этикалық-экологиялық үлгіге айналды. Табиғатпен етене, үйлесімді қарым қатынаста өмір сүрген түркілердің экологиялық санасы жоғары деңгейде дамыды. «Қазақ халқы түркі этностарының бірі ретінде өзіндік құндылықтар жүйесін қалыптастырды. Құндылықтық қатынастар дамуының тарихи тармақтарын ғасырлар бойғы ұрпақтардың тәрбиелік тәжірибесіне негізделген тарихи жәдігерлерден аңғарамыз, ал ұлтымыз мыңдаған жылдар бойы ұрпақ тәрбиесіне қажет білімдерін содан алып отырады. Көне түркі руникалық жазба ескерткіштерінен бастап, қазіргіге дейін қазақ халқы ізгілік тәрбиесіне үлкен назар аударып келеді. Бұл тек адам, өмір, қоғам, еңбек сынды емес, сонымен қатар ар-ұждан, еркіндік, әділдік сияқты мәдени қатынастардан туындаған жоғары құндылықтарға да байланысты, бұл жерде қарым-қатынастың өз құндылық ретінде жүрсе, иерархиялық пирамиданың басында адам тұрады, себебі барлық заттың өлшемі адаммен тікелей байланысты. Түркілер дәуіріндегі тәрбие мәдениетінің қайнар көзі Орхон-Енисейден басталып көне түркі ескерткіштерінен, тарихи жазба мұралар мен көшпенділердің өмір салтымен жалғасып келеді. Жазбалардың жалпы мазмұны жалпы кезекте ұрпаққа мықты, бай, егеменді мемлекетті мұра ету; елі мен жерін сыртқы жаудан қорғап қалу үшін мыңдаған әскерді басқару шеберлігін, соғыс стратегиясы мен тактикасын жеткізу; келер ұрпағын әскери-патриоттық және саяси бағытта тәрбиелеу болды» [51].

Ұлан ғайыр сахара төсінде түркілер төлтума мәдениетін тудырып, көшпенділер өркениетін құрған халық. Олар Шығыс пен Батыс елдері арасындағы адам аралық және халықаралық қарым-қатынастар, тауар алмасу, көлікпен қамтамасыз ету, қонақ күту мен қызмет көрсету мәдениетінің ережесін жасады. Бұған олар өздерінің әлемге ашықтығымен, адал, қонақжай, жомарт қатарлы адами қасиеттерімен қол жеткізді. Түркілер менталитетіне сыпайылық, инабаттылық, қырмызылық, бекзаттық, батырлық тән. Демек түркілердің өмір мәнді дүниетанымы мен дүние түсінігі негізінде қалыптасқан этикалық және эстетикалық тағылымы болды. Осындай түркілік дәстүрлер, ізгілікті, ұлағатты тұғырлар қазіргі ұрпақтар жадында сақталып, сабақтастығымен жалғасуда. Болашақта ізгілікті-этикалық тәрбиенің оңтайлы қалыптарын түзуде, жаңа үлгідегі адами қатынастарды орнықтыру мәдениетін қалыптастыруда түркілік қайнарлардан алар үлгі, үйренер тәлімдер жеткілікті.

Дегенмен қазіргі әлеуметтік қатынастар аясында іскерлік, жекешілдік, белсенділік сияқты қасиеттерді алға шығуы байқалады. Нарықтың қатал заңдылығы бизнесте достыққа жол жоқ дейді. Бизнесте достар мен әріптестер бірімен бірі бәсекеге түседі. Прагматизм – адамды әрдайым ғылым мен білімді игеруін, өзін-өзі үнемі қадағалап отыруын, ысырапшыл, даңғой, кердендіктен аулақ болуын талап етеді [60]. Сондықтан табысқа жету жолында білім алу

жастардың ең алдымен көздеген межесі болуға тиіс деген қағидатты алға шығарады.

Түркі халықтарының мәдени өмірін зерттеген шетелдік саяхатшы-ғалымдар олардың адамгершілік шарттары мен ұстанымдары, моральдік-этикалық қағидаттары жоғары деңгейде екендігін ерекше атап көрсетеді. Қазақтар арасында болған еуропа саяхатшыларының Платано Карпини мен Гильома де Рубруктың жазбаларынан: «Оларда әділеттілік пен ізгілік туралы заң болмағанымен, жақсы мен жаманды, ізгілік пен дөрекілікті жақсы ажыратады. Отқа пышақ тигізу, етті қазаннан пышақтың ұшымен алу, оттың маңында балтамен ағаш шабу күнә болып саналады. Өйткені олардың түсінуінше отқа қару тисе, оттың басына жарақат түсуі мүмкін деп жорамалдайды. Осындай ұғымнан мал айдайтын таяққа, қамшыға тыйым салынады. Қамшы сабын садақтың жебесіне тигізу де үлкен күнә болып саналады. Құсты және оның балапандарын өлтіруге, атты ауыздығымен соғуға, сүйекті сүйекпен шағуға, сүтті әлде басқа тағамды жерге төгуге, үйде дәрет сындыруға тыйым салынады. Ал егер кімде-кім осы шартты орындамаса, ондай адамды не өлім жазасына кеседі, не ол адам бақсыға өз күнәсін аластау үшін көп ақы төлеп барып құтылуы тиіс» [61, 19-74 бб.]. Тыйым салатын үлкендер, қауым басқарушылары мен жеке адамның адамгершілікке негізделген тәртібі арасындағы осындай түзетулер қауым ішіндегі тәртіпті сақтайды.

Ұлттық тәрбие тарихында тағылымдық мәнге толы түркілердің тұңғыш батырлар жыры «Күлтегін» және «Тоныкөк». Бұл тас ескерткішінен VI–VIII ғасырлардағы түркілер мемлекетін қалыптастыру тарихы мен тағдыры туралы мәліметпен танысуға болады. Жырдағы Иоллығ-тегіннің: «Биікте көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған, адам баласы үстіне ата тегім Бумын Қаған, Істеми қаған отырған, отырып, түрік халқының ел жұртын қалыптастырған, иелік еткен. Басы барды идірдік, тізесі барды бүктірдік» [61, 43,46 бб.], – өктем үнінен VI ғасырдың өзінде түріктердің халықтық рухы асқақтап тұрған кезеңін көз алдымызға елестетеді. Түркілерде халық, сол халыққа ие болатын қаған, жер қастерлі ұғымдар болды. Тасқа қашалған бұл жазулардан түріктердің империялар құрып, өздерін айналасындағы елдерге мойындатқанын көруге болады. Түріктердің түсінігінде қағанды Тәңір жарылқаса ғана және оның «құты» болса ғана ел билей алады. Түркілер дүниетанымында Тәңірі, Ұмай, қасиетті жер-су олардың іс-әрекеттерін қолдаушы, солардан демеу болса олар жеңіске жететініне сенген. Көктегі (Аспанда) түрік Тәңірісіне сыйынды. Өздерін Көктүріктер деп атады. Түріктің қасиетті жері, суын көзінің қарашығындай сақтай білді. Жас ұландарды отансүйгіштікке, ержүректікке, батырлыққа үндеген көне ерлік дастаны патриоттық сана-сезімді оятуда бабалар қалдырған өсиет.

Көне түрік жазуындағы тасқа қашалған Білге қағанның үнінен байырғы түркілердің дүние жайлы түсінігі айқын көрінеді. Тасқа қашалған түркі бабалар сөзінің көздеген мақсаты өздері құрған алып империяны сыртқы жаулардан қорғау. Ол үшін ең алдымен халықтың тұтастығы мен бірлігін сақтау қажеттілігін

жырда Тонькөк: «Түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Қызыл қанымды төктім, қара терімді ағыздым, күш-қуатымды аямадым» [62, 66 б.], Түрік қағандарының өз халқына қалтқысыз адал қызмет етудің үлгісін осы жолдар арқылы қалдырды. Ер түріктерді билеген патшаларды қытай жазба деректерінде: «Түстікте Алып хан (қытай), Терістікте құдіретті Ху бар» дейді. Мұнда «Ху» сөзі «Тәңірінің ерке перзенті» деген мағынаны білдіреді. Баба түрік әулетін қандай қиын-қысталаң, өмір-өлім арпалысында өлтірмей, елдігін сақтап, мемлекеттігін жоғалтпауға күш-жігер беріп келген тәңірлік наным-сенімі, аспан мен жерден жаралғанына кәміл сенімі еді [63]. Түркілер Көк Тәңірге сенімнің негізгі қағидалары мен нанымдарына берік болды. Л.Н. Гумилев көне түркілердің этногенезін жайлы: «Түрік қағанаты өзінің тұрақты, қатаң саяси идеологиялық жүйесімен, басқа жердің дінін мойынсұнатын ұлт емес еді», – деп жазды [64, 247 б.]. Тәңірден медет етіп көмек тілеген көктүріктің «мың өліп, мың тірілген» ұрпақтары арасында кейбір наным-сенімдері қазіргі кезде саналы да, бейсаналы түрде де сақталып отырғанын көруге болады. Жарты әлемді жаулаған кезінде де түркілер қол астына қараған жұрттың дінін өзгертуге мәжбүрлемеген. Бұдан түркі халықтарының гуманды қасиетінің көрінісі. Белгілі ғалым А. Сейдімбек: «Түркілік біртұтастық пен тәлім-тәрбие, яғни сол мәндегі түркілік дәстүрдің өзара шендескен бастауларынан нәр алуға тиіс. Біріншісі – қазақ халқының тарихи тағдыры қалыптастырған мейірім, шапағат, парасат, жарасым, бақыт туралы арманы мен мұраты. Яғни, кең мағынасында, ондай мұраттың түркілік мәдениет пен өнер, тіл мен діл, салт пен дәстүр кейпіндегі өмірлік бейнелері. Екіншісі – қазіргі тарихи кезең аясындағы нақты бастан кешіп отырған ахуал», – деп, түркілік дәуірдегі тәрбиенің рөлін маңыздылайды [65].

Түркілерді билеуші қағандардың өмірлік принциптері, сенімдері, көзқарастары айшықталған бұл тас ескерткіш түркілік ізгілікті тәрбиенің үлгісі. Қағанның өз жеке басына жоғары талап қоя білуі, өз лауазымына деген құрметі, әлеуметтік рөлді игеруі қазіргі ел тізгінін ұстаған мемлекет басшылары ұстануы тиіс ізгілікті құндылықтар қатарына жатады деп ойлаймыз.

Ежелгі түріктердің үнемі орнықтыруға ұмтылатын нәрсесі қауымдық, халықтық бірлік. Қауымдық құрылысты көбінесе дәстүрлі қоғам дейді. Оның негізі – ол дәуірде адамдар өмірі түгелімен дерлік дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен реттеледі. Дәстүрлер әрбір өмірлік жағдайда, әр істі адамдардың қалай ұйымдастыруын, не атқаратынын бүге-шігесіне дейін тәптіштеп белгілеп қоюға тырысады. Бүкіл әлемнің құрылу принципін де ол дәуірдегі адам туыстық принциптен көреді. Әлем – қауымдық құрылыс. Сондықтан да Аспан (Тәңірі) – әке, ата, ал Жер (Ұмай) – ана. Әрбір ұрпақ үшін аталардың орнатқан тәртіп-нормалары қасиетті. Оларды кейінгі ұрпақ сол қалпында, нығайтып, қайталап отыруы тиіс. Олардың жан әлеміндегі ұмтылыстары тұрғысынан қарасақ, мұндай қоғам жаңа нәрселерге, өзгерістерге бағытталмаған. Оның бағыты ілгерілеу емес, қайта оралу, соған күш салу. Өткен дәуір, яғни аталар, ол – алтын ғасыр, ол өмірдің эталоны, үлгісі. Жетілгендіктің, жақсылықтың бәрі өткенде қалды [66].

Түркі қағанының негізгі мұраты түрік халықтарының басын біріктіріп, мемлекеттігін сақтау болды. Осы жолда олар тек түркілік құндылықтарды сақтауға ұмтылды.

«Оның (Күлтегіннің) туыстарына деген ізеттілігі, баршаға деген достық пейілі шалғай елдерге мәлім болды, оның ұлылығы мен рақымшылдығы оны өзінің әдет-ғұрпын өзгертуден қорқытты» [67].

Көне түркілер тарихының білгірі Н.Л. Гумилев байқағанындай, бөтен мәдениеттен саналы түрде бас тартып, өзінің ежелден келе жатқан әдет-ғұрпын сақтауды жөн көрген түркі қағандарының іс-әрекетінің қазіргі түркі халықтарының ұлттық ізгілікті құндылықтарын сақтап қалуда маңызы зор болғандығын атап өту қажет. Осы тұсының төтенше маңызды болатын себебі: мұнда тек мемлекеттердің күресі ғана емес, сонымен бірге мәдениеттердің де күресі, екі дүниетаным мен дүние түсініктердің күресі бар. Ұлы Дала өз манифесімен қытай болмау, ол тек өзінше болу құқын мәлімдеді. Мұндай күрес тіпті хундық Модэ-шанью уақытынан бері қарай созылып келеді, бірақ мұнда ол құжатта қисынды мазмұндалып жазылып қойылған. Қытайдың ырқына берілмеу үшін орасан зор күш-жігер жұмсау керек болды, әне соны Құтлұғ, Тонькөк, Күлтегін және Иолығ-тегін сықылды көк түріктер жүзеге асырды [68, 338-339 бб.].

Ежелгі түркі империяларының тәуелсіздігінен айрылған тұстары да аз болмаған. «Бектердің халқының ымырасыздығынан, тәбғаш халқының тепкісіне көнгендігінен, іні-ағалының дауласқандығынан, бекті халқының жауласқандығынан түрік халқы елдігін жойды, қағандығынан айрылды. Тәбғаш халқына бек ұлдары құл болды, пәк қыздары күң болды. Түрік бектері түрік атын жоғалтып, тәбғаш бектердің тәбғаш атын тұтынып, Тәбғаш қағанына бағынды» [62, 48 б.]. Халықтың бодандыққа түсуі: ынтымағының жоқтығы, ағайын арасының даулы, жанжалды, бектерінің құлқынның құлы болу себебінен көреді. Тәбғаштар тәтті сөздерімен, асыл тастарымен, жібек матасымен қызықтырды. Олар өздерінің әртүрлі еліктіргіш сиқырлы заттары арқылы арбап, азғындыққа жол ашты. Осы тәтті сөздер мен асыл бұйымдарға еліккен түркі халқы көп қырылды. Түркілік кезеңдегі этикалық құндылықтарға дүниенің материалдық жағынан көрі руханилық жағына басым болғандығын байқатады. Адам жанын аздыруға бағытталған айла, тәсілдер сонау ежелден көрші қытай елінен төнетін ең басты қауіп. Бұл үрдіс қазірге кезеңге дейін жалғасуда. Қазіргі кезде әділетті қазақстандық қоғам құруда түркі қағандарының тасқа қашап жаздырған өсиетнамасынан алар тәлім жетерлік. Адамгершілікке негізделген түркі этикасының құндылығы сақталғанда ғана түркі халықтарының бірлігі, мәңгілігі мызғымайды. Түркілердің ізгілікті-этикалық тәрбиесі дәстүр тереңдігімен, алуан қырлылығымен, көп деңгейлігімен ерекшеленеді. Олар ұстанған қағидаттар: борыш, жауапкершілік, ерлік, батырлық, обал, сауап сияқты императивтерді басты бағдар еткені анық байқалады. Түркілік мәдениеттің қайталанбас рухани тәжірибесінің дүниетанымдық синтезінің көрінісін осы құлпы тастарда

баяндалған. VIII ғасырдың соңғы кезеңдеріндегі осы жазбаларда түркілік әлемнің рухани құндылықтары, ұрпақтарына қалдырған өсиеті бүгінгі түркі халықтарының жадында мәңгілікке сақталады.

Түркі халықтарының өнегеге толы этикалық мұрасы «Қорқыт ата кітабы» – адам өмірінің мәні, мақсаты мен мұраты мәселелері жайлы тәрбиелік-тағылымдық қағидалар және нақыл сөздерден құралған. Ал кітап авторы аты аңызға айналған Қорқыт Ата – жырау, сазгер, қоғам қайраткері, сәуегей, бақсы. Қорқыт шығармаларының ізгілікті-этикалық мазмұнында өмірдің мәңгілік мәселелері айшықталды. Ізгілік пен зұлымдық күресі арқылы әділдік пен әділетсіздік, жақсылық пен жамандық ұғымдарының қарама-қарсы мағыналары ашылып көрсетіледі. Қорқыт жырлары түркілердің ержүрек батыр ұлдарының елін қорғаудағы ерлігін сомдап, опасыз, қорқақ, сараң кейіпкерлер арқылы жаман қасиеттерден жирендірді.

Қорқыт этикалық ұғымдарды адам игілігіне жарамды (ізгілікті) немесе жарамсыз (кесірлі) тұрғысынан зерделейді: «Ат жемейтін ащы шөптің шыққаннан шықпағаны игі, адам ішпес ащы судың аққанынан ақпағаны игі, атасының атын шығармаған жігерсіз ұлдың – туғанынан тумағаны игі. Көп қорқытады, терең батырады» [62]. Көріпкел әулиенің осы ойлары қазіргі кезде мақалға айналды. Қорқыт тек қана игі қасиетке ие заттар өмір сүргенін қалайды. Дегенмен жаман болмаса жақсының қасиетін немен салыстырамыз.

Қорқыт туындыларының дені өсиетнама түрінде болып келеді. Мысалы: «Қара есектің басына жүген таққанмен – тұлпар болмас. Күнге сары пай шапан жапқанмен – бәйбіше болмас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамайды. Ананың көңілі балада болар. Жақсы ана үшін бала – екі көзің сыңары. Ұлың өсіп жетілсе ол отбасының мерейі, бас-көзі. Ақылсыз балаға, ата дәулетінен қайран жоқ. Қонағы жоқ қараша үйден, құлазыған түз артық» [62]. Бұл жерде Қорқыттың моральдік ілімі бақылаушы-сынаушы. Адамгершілік тұрғысынан болып жатқан істерді талдау, бақыланып жатқан жеке адамдарға қойылатын талап, сыналып жатқан объектіге тәрбиелік ықпалдың қажеттілігі маңызды.

Түркілер отбасы құндылықтарын бәрінен жоғары қойған. Мемлекеттер құлап, жаңасы құрылып жата береді. Ал мызғымай жалғаса берері түрік ұлты мен түрік қауымдары және олардың санасында сақталар қастерлі ұғым-түсініктері болса керек. Түрік мемлекетінің ұйытқысы «отбасы – шаңырақ», шаңырақ шайқалып бұзылмаса, бұл ұғым-түсінікте одан әрі жалғасып отырады [69]. Отбасы тәрбиесі туралы қазақ мақалы: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген тобықтай түйін түйген. Қара шаңырақ ішіндегі өзара махаббатқа негізделген қарым-қатынастар ру мен тайпа арасындағы өнегелі өмірге ұласады.

Түркілерде қыз бала, ару, әйел, ана идеалы адалдық, инабаттылық, биязылық, көркемдік пен сұлулық символы. Ежелгі түркілер қыздарын, әйелдерін, аналарын ерекше құрметтеп қастерлеген. Бала үйге кірген кезде алдымен анасына, одан кейін әкесіне сәлемдеседі. Қорқыт әйелдер жөнінде сыни пікірін:

«Әйелдің өзі түрлі болады. Оның бірі ниеті қураған әйел, екіншісі – ынсапсыз әйел, үшіншісі – үйдің құты болған әйел, төртіншісі – кесір әйел. Әйел біткеннің ең жаманы сол» - деп түйіндейді [69, 300-301 бб.]. Көшпелі түркі жұртының ер азаматтары тіршілік қамымен өмірлерін түзе өткізетін. Отбасындағы қартайған ата-аналары, бала-шағасының күтімін әйелдері атқарды. Құтты әйел қонақ келсе, үйінде ері болмаса да, оған сусын беріп, дәм-тұзын алдына қойып аттандырған. Түркілер қыз бала тәрбиесіне өте қатты көңіл бөлген. Қорқыт қауымдағы әйел тұлғасының тәртібіне қатысты талап қойды. Ол талаптар болашақ түркі әйелдерін, қыз балаларын тәрбиелеуде қатал ұстанатын қағидаларға айналған.

Күй атасы Қорқыттың «Башпай» күйінің шығу тарихы бұған дәлел. Сырдың суы үстінде ажалды аластап қобызын сарнатып отырған Қорқытқа қарындасы Ақтамақ азық тасиды екен. Бір күні тамақ ішіп отырған кезде дауыл соғып аласапыран сәтте Қорқыттың башпайы қарындасына тиіп кетеді. Қыз баланың абыройын, пәктігін сақтауда ерекше тәртіп жүйесін орнатқан қауым өкілі үшін байқаусызда болған осы жағдайдың өзі ойшылды толғандырып қобыз үнімен өзінің тебіреністерін жария етті. Белгілі мәдениеттанушы А. Сейдімбек: «Еуразияның Ұлы Даласында - көшпелі өмір салттың болмысымен үндес шаруашылық-мәдени типі өз кезегінде дүниеге қайталанбас төлтума (самобытный) мәдениет әкелді. Көшпелілердің төлтума мәдениеті өмір шындығын өзіндік талғам-таныммен игерді, өмір құбылыстарын өзіндік тілмен жорыды, сол жолда өзіндік әдістер мен тәсілдерді, қалыптар (форма) мен түрлерді дүниеге әкелді, сөйтіп алапат-асқақ идеяларды адам өмірінің ең биік мұраттары ретінде ұсына білді.

Тіршілік диалектикасын бейнелейтін даналық өрнектер (звериный стиль), әлемнің шағын үлгісіне баланған киіз үйлер, Тәңірдің тұрағы іспеттес қорғандар, бақидың фәниге өсиеті сияқты адам сапасын идеал еткен тасқашау (рун) эпостар, қарапайым тұрмыс-тіршілікті өнер деңгейіне көтерген қолданбалы-кәделік (утилитарно-прикладной) зат-бұйымдар, Тәңірдің тілі ретінде бағаланатын күйлер, міне мұның қай-қайсысы да көшпелі өмірдің төл болмысы туындатқан қайталанбас рухани құндылықтар [70, 13 б.], - деп жазды. Өнегелілік тұрғыдан жетілген қоғамның басты көрсеткіші сапалы адам десе, бұл тұрғыда түркілік кезеңнің этикалық-философиялық ізгілікті ой толғаулары адам сапасын арттыруға зор үлес қосты деп айтуға толықтай дәлеліміз бар.

Жаңа философиялық-этикалық жүйелерді гуманизмнің адамзаттық идеяларымен ұштастырған Екінші Ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат», «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» атты шығармалары адамның мінез-құлық ережелері туралы жазылған еңбек. Әл-Фараби этикалық еңбектерінде адамды тәрбиелеу арқылы ізгілікті азаматтар өмір сүретін қайырымды мемлекет, кемелденген қоғам құру, және бақытқа жету тетіктері жөнінде тұжырымдар жасайды. «Ұлы ғұлама Әл-Фараби өз шығармашылығында қайырымдылық, ізгілік, әділдік сынды этикалық мәселелерді зерделей отырып, адамның рухани жетілуін оның



бойындағы қайырымдылық қабілетінің қалыптасуы арқылы қарастырады, себебі қайырымдылық адамды ізгілендірудің үздік құралы, адамды ізгілік пен бақытқа жетелеудің жолы болып табылады. Әл-Фарабидің пікірінше, бақыт жанның рухани байлығына, адамгершілік қасиеттеріне негізделеді дей келе, жақсы мінез-құлық пен ақылдың күші біріккеннен кейін, адамгершілік қасиеттерге айналады. Ақыл мен парасаттылықтың қауқары адамның ойлау деңгейі мен пайымдауына, ғылым мен өнерді терең ұғынуына, сонымен қатар көркем мінезден жаман қылықты ажырата алуына ықпал етеді. Сонымен қатар ол, оқу, білімге ұмтылып, түрлі өнерді игеру, соларға сәйкес әрекет етіп, қайырымды істерге қол жеткізуді бақытқа балайтындығын жеткізіп, саралайды. Адамның бойында қалыптасатын ізгілікті қасиеттердің барлығы игі қылықтары, адамгершілігі, мінез-құлқы арқылы жүзеге асады. Аталмыш қасиеттердің тұптамасы тәрбиеде жатыр. «Ең күшті ой ізгілігі мен этикалық ізгілік бір-бірінен айырғысыз» деу арқылы ұлы ойшыл ғылым мен білімнен де бұрын, тәрбиенің рөлін маңыздылай түсті. Оның еңбектеріндегі адамның қоғамдағы орны, рухани болмысы, тәрбиесі сынды этикалық қағидалар қазақ дүниетанымындағы ізгілік мәселелерімен үйлесімді астаса білді» [51].

Әл-Фараби Платон мен Аристотель сынды екі алып философтың адам мінезі жайлы пікірлері қайшылықсыз деп түйіндейді. Аристотель, өзінің «Никомах этикасы» кітабында, барлық өнегелі қасиеттер өзгеріп отырады және бұлардың барлығы адамның табиғатынан емес, яғни адам өзінің әдетінің, дағдысының арқасында бұлардың бірінен екіншісіне өте алады деп жазды. Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Әл-Фарабидің пайымдауында бұл қасиеттер игілікті, абзал, жетілген болуы керек. Сонда ғана біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады дейді [71, 55-56 бб.]. Адам мінезі жақсы не жаман екендігін шама, мөлшер, тең орта деген өлшемдермен ажыратады. Адамның ізгілікті сапалары болып табылатын мінез-құлық нормаларына зерделеуде ер жүректілік адамның жақсы қасиеттерінің бірі. Ал қатерлі істердің тұсындағы шектен шыққан батылдық көзсіз батырлыққа соқтырса, батылдықтың жетіспеуі қорқаққа айналдырады. Фараби түсінігінде барлық істе байыппен, ақылмен әрекет еткен жөн. Фарабидің ойынша мөлшер мен шама адамнан тәртіптілікті және өзіне-өзі шектеу қою. Ғұлама ойшыл «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты трактатында тәрбие мәселесін келесідей жүйелеп көрсетті:

- «Тәрбиелеу дегеніміз адамның бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз»;
- «Тәрбие кезінде адамдар мен халыққа білімге негізделген қасиеттерден шығатын әрекеттерді жасауды дағдыға айналдыру арқылы үйретіледі»;
- «Тәрбиені жүзеге асыру барысында халықтар мен қала тұрғындарының бойына білімге негізделген қасиеттерден тұратын іс-әрекеттер дағдысы сіңіріледі»;

- «Этикалық ізгіліктерді – білім мен тәрбие арқылы дарыту керек, сол арқылы адам игілікті істерге талпынады;
- Адамға ең әуелі білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың – қас жауы» [72, 251 б.].

«Ғұлама тәрбие мен этика аясындағы тұжырымдарында жақсылық, мейірімділік, қайырымдылық категорияларына үлкен назар аударып, бұл бірлестіктер ізгілік идеяларының бастауы бола отырып, адамның ақыл-ойының, білім мен тәрбие деңгейін көтеретіндігін дәріптеді. Сонымен қатар ойшыл адамдардың өзара мәмілеге келіп, тіл табысып, әділдік танытуын маңызды санады. Себебі қоғамдағы заңның өзі де түбінде – тәрбие, соның ішінде еңбек тәрбиесі арқылы жүзеге асады. Ал еңбексіз қоғам дамусыз, тежеліп қалатыны анық. Осы тұста әл-Фарабидің тұжырымдары қоғамдық келісім идеясының бастамасы екенін аңғаруға болады. Утопиялық социализмнің негізін қалаушы ағылшындық гуманист-жазушы Томас Мор өзінің утопиялық шығармаларындағы еңбек тәрбиесінің жүйесін әл-Фарабидің іліміне сүйене отырып қалыптастырған. Ол еңбекті тәрбиенің алғышарты ретінде көрсетті» [51].

Адамның мінез-құлқының қалыптасуы, дамуы мен жетілуі, көркеюі оның тәлім-тәрбиесі мен өнегесіне байланысты болып келеді. Ол жүректегі ізгілік, мейірім мен таза ой арқылы көрініс береді. Осыған байланысты Фараби өзінің «Бақытқа жол сілтеу» трактатында жақсы мінез-құлық пен ақыл – адамгершілік қасиеттер болып табылады [73]. Егер осы екеуі теңдей болып келсе, біз өз бойымыз бен іс-әрекетімізден абырой мен абзалдықты, кемелдікті паш етеміз. Осы екеуінің арқасында ізгілікті және қайырымды адам болып шығамыз. Біздің тұла бойымыз қайырымды, ал мінез-құлқымыз да көркемделе түседі. Адам бойындағы абзал да, көркем мінез де, сұмпайылығы да жүре пайда болады деп жатамыз. Адамның бойындағы қалыптасқан мінезі болмаса, өмірінде жақсы немесе жаман әрекеттермен бетпе-бет келгенде, керісінше, қарама-қайшы мінезге өтіп кетуі абзал. «Әдет» кейде адам мінезінің құбылуына себепші болып жатады. Мінез-құлықтың қалыптасуы өнерді үйренудің жолдарына ұқсайды» дейді.

«Ең күшті ой ізгілігі мен ең күшті этикалық ізгілік бір бірінен айырғысыз» деу арқылы әл-Фараби ғылым мен білім қарқынды дамыған Орта ғасыр дәуіріндегі тәрбиенің орнын маңыздылай түсті [74, 48 б.].

Қазақ дүниетанымдағы ізгіліктік-этикалық тәрбие мұраты өзінің кең ауқымдылығымен, адамгершілік қуат-тегеурінімен де, тарихи айқындылығымен де халықтың рухани өмірінде ерекше орын алды.

Қанағатшылдық жалпы түркілердің негізгі ұстанымдарына жатады. Ұлттық әдептің мәйегі болған «қанағат» концептісінің әлеуметтік кеңістіктегі адами болмысын ашу барысында Д.С. Раев: қанағат – адамзаттың ғана болмысына бітетін ішкі интенциялық қуаты, имманентті субстанциясы деп тұжырымдайды. Қазақ халқы қанағатты – жоқтықтың, кедейшіліктің белгісі деп есептемеген. Керісінше ол зерделілік пен сабырлылық, тоқтамдылық пен ұстамдылық мінездің, абзал моральдық қасиеттердің үлгі-өнегесі ретінде танылатын этикалық

құндылық деп біледі. Өйткені ол адамшылық жолдан тайдырмайды, ашкөздікке жібермейді, басқаның дүниесіне сұқтанудан арылтады, сұғанақтық жасатпайды, қызғану мінезін тежейді [75].

Түркілік рухани кеңістікте орта ғасырларда дәстүрлі дүниетанымдық негізде қалыптасқан жыр-дастандар өзгеше ренде түрленіп, сопылық ағымдағы философиялық-этикалық шығармалар жазылды. Жаңа туындылар терең дүниетанымдық түсініктерді қалыптастырды. Ислам діні ізгілікті тұғырлардың биіктеуіне, мәдени дамуға ықпал жасады. Ислам діні сахара жұртшылығына араб жазуы арқылы араб, парсы классикалық туындыларымен танысуға жол ашты. Түрік тілінде этикалық-дидактикалық, ғылыми-танымдық еңбектер пайда болды. Мұсылман мәдениеті түркілер елінің сәулеті мен қала құрылысы өнеріне жаңа реңк әкелді. Мәдени өмірдегі қайта құрулар түркілердің әдебиетін, ғылымын, музыкасын өзгерістерге ұшыратты. Ислам ілімі түркілер арасында игілікті істерді атқаруы нәтижесінде кеңінен жайылды. Қазақстан аумағында сәулет өнерінің ғажайып ескерткіштері Айша бии, Алаша хан Күмбезі, Әулие Ата салынып бүгінгі күнге дейін сақталып отыр. Мешіт, медресе, мектептер бой көтерді. Ғылым, білімді игерген жастар өнегелілік тұрғыдан толыса түсті. Ислам діні адамдардың діни санасын оятып, ақыл-ойына зор әсер етті. Мұсылман дінін қабылдаған адам өнегелі өмірі мен ізгілікті қасиеті арқылы қоғамда ерекше сый-құрметті ие болды.

Түркі тілінде жазылған алғашқы энциклопедиялық «Құтадғу білік» атты шығарманың авторы Жүсіп Баласағұн XI ғасырда өмір сүрген аса ірі мемлекет қайраткері, көрнекті ақын, әрі дарынды философ. Бұл еңбек Қараханидтер династиясының өркен жайған кездерінде жарық көрді. Сол кезде билік басында отырған Қара-Бограхан әділ, адал, батыр болуымен қатар жоғары адамгершілігі мен білімділігі арқасында ел ішінде зор беделге ие болған еді. Ж. Баласағұн осы еңбегін Қара-Бограханға тарту етеді. Хан бұл еңбекті жоғары бағалап, Жүсіпті «Ұлы Хас Хажыб» – хан сарайының бас кеңесшісі қызметіне тағайындайды. Осы лауазым бойынша – мемлекет заңдары мен елдің әдет-ғұрпының дұрыс орындалуын қадағалау, сонымен қатар сарайда қызмет ететін хат көшірушілер мен қолөнершілерге патша атынан әмір беру, елшілерді қабылдау, оларды шығарып салу, ресми түрдегі жиындардың өтуін қадағалау сияқты қызметтер атқарылды. Кедей адамдар мен жетім-жесірлердің арызын ханға жеткізу де мойнында болды. «Құтты білікті» этикалық тұрғыдан қарастырсақ, оның пәндік сұхбаттан айырмашылығы – мұнда қызмет етуші адамның қиналысы мен адамгершілігінен және парасаттылығынан бастау алатын ар-ождан басты нәрсе болып табылады. Этиканың онтологиядан және метафизикадан айырмашылығының өзі адамның қайғы-қасіретке тап болған жан дүниесіне бойлауында жатыр. Баласағұн сондықтан да көбінесе кедейліктің, қайғы-қасіреттің тауқыметін тартқан адамдардың жан айғайын тақырыпқа арқау еткен. Сондықтан да гносеология мен ғылымдағы орталық ұғым ретіндегі ақиқаттың орнын этикада қасірет иеленген [76, 66 б.].

Дастанды зерттеуші-ғалымдар Қарахан мемлекетінің Ата Заңы қызметін атқарған құжат деп де анықтап жүр. Ж.Баласағұн әділетті қоғам орнатуда ел билігін тізгіндеген адамның бойында болуы тиіс қасиеттерге: ақыл-парасатының мол болуы, таза ниетті, білімді, өнерлі, шешен, жомарт, кең пейілді, жарқын жүзді, кек сақтамау сияқты ізгілікті этикалық құндылықтарды тізбектейді. Түрік ойшылдары адам бақыты туралы мәселені айналып өтпеген. «Құтты білікте»: «Кім бақытты? Жомарт бақытты, Мәрт бақытты, Басқаларға бақыт берген адамның өзіне де бақыт тиесі. Құлқы пәк, қылығы ізгі бектердің көрген күні де сүйінішті, рахымды. Жаратушы кімге ізгі құлық берсе, сол құлқымен жөн-жосық келер, сол құлқымен көгеріп, көктер. Бақ адамның құлқына бұйырар», «кісіге екі дүниедегі пайдалы [нәрсе]., ізгі іс немесе мінезі түзулік, екіншісі – ұят, үшіншісі – әділдік, бұл үшеуі арқылы адам шын бақыт табады, үшеуі біріксе сүйініш болды ...» [77]. Ашкөз, сұғанақ, мешкейлер жаһанды жеп тояр ма деп орта ғасыр ақыны әйгілеген жаман әдеттер қазіргі замандағы жемқорлық жайлаған қоғамда жиренетін қылықтар. Қазіргі жағдайда болашақ ұрпақты ізгілікке тәрбиелеуде идеялық негіз, сонымен қатар рухани мәдениетті қалыптастырудың теориялық іргетасы болуға лайықты ілім.

XI ғасыр білімді де талантты түркі ұлдарының тамаша туындыларын жариялаған жемісті жылдарымен әйгіленді. Түркі, иран тілдері қолданылған қос тіл орныққан ортада түркітанушы Махмут Қашқари «Диуан-и лұғат-ат-түрк» («Түркі тілдерінің сөздігі») атты энциклопедиялық еңбегін жазды. Мақсаты түркі халықтарының ежелден айтып келген бәйіт-жырлары, мақал-мәтелдерін жинақтау болды. Сөздікте түркілер дүниетанымы, дүние түсінігі, ізгілікті-этикалық тәрбие жөнінде қағидаттары мазмұндалған. «Мен тәңірінің дәулет ұясын түріктер жұлдызына жаратқандығын және ғарышты солардың заманы үстінде айналдырып қойғанын көрдім. Тәңірі оларды «түрік» деп атады. Әрі оларды мемлекетке еге қылды. Заманымыздың хақандарын түріктерден шығарып, дәуір, ақыл-ерік тізгінін солардың қолына ұстатты; оларды адамдарға бас қылды; хақ істерде соларды қолдады; олармен бірге күрескендерді әзіз қылды, әрі түріктер ішінен соларды барша тілектеріне жеткізіп, жамандардан, зұлымдардан қорғады. ... Оның үстіне түріктер көркемдік, сүйкімділік, жарқын жүзділік, әдептілік, жүректілік, үлкендерді, қарияларды құрметтеу, сөзінде тұру, мәрттік, кішіктік тағы сондай сансыз көп мақтаулы қасиеттерге ие» [78, 30 б.].

Сөздік ежелгі түркілер этикасын, қоғамның моральдық келбетін бейнелейтін тәрбиелік ұғымдар жүйесін талдап тарқатады Махмұт Қашқари адами қатынастарда қатыгез болмауға, әрқашан келісіммен, ынтымақта болуға үндейді. Жанжалдарды бейбіт түрде, қантөгіссіз шешуді ұсынды. Өмірдің мәні адал еңбек ету деп түсінеді. Әйгілі лингвист-этик-философтың адамның сөйлеу мәдениетінде, сөз саптау мәнері сыпайы, жылы лебізді болғаны білімділігін көрсетеді деген түйіндеулері нағыз түркі адамдарының үлгісін қалыптастыратын құндылықтар.

М. Қашқари бақытты болудың шарты білім. Алайда білімді игеру жолы «инемен құдық қазғандай».

Парасатпен жалықпастан үйренсең зор білімді,  
Көрсетесің дандайсымай сынақта асыл сырыңды.  
Білімдінің қасына бар күнде, балам, ерінбей,  
Төмен тұрып үйрен толық тәкаппар боп көрінбей...  
Махаббаттың мейіріне нәзік жаның иеді,  
Оның ыстық теңізіне бойың балқып күйеді.  
Білім деген мәуелі ағаш өз жемісін береді [79, 55 бб.]

Білім алуда ең бастысы еріншектік, жалқаулық пен тәкаппарлықтан ада болуға шақырады. М.Қашқари пайымдауында, тұлғалық жетілу білім алу арқылы болмақ. Білімсіз адам надан болары сөзсіз. Ал надандық тәкаппарлыққа, дандайсуға жетелейді. Сондықтан ілімді адамдармен дос болуға шақырады.

XII ғасырдағы түркілік-мұсылмандық философиялық ойы дамыған кезеңнің ірі ойшылы Ахмет Іүгінеки. Ол артына атақты «Ғибат-ул-хақайиқ» («Ақиқат сыйы») атты шығармасын жазып қалдырды. Бұл еңбекте Қарахан мемлекетінің саяси-қоғамдық өмірінің моральдық қағидалары, түркі тілінің байлығы, әдет-ғұрыптары поэтикалық-философиялық түрде көрініс тапты. Дастан сол кезеңдегі көкейтесті мәселелерге жауап іздейді. Парасаттылық, білімділік, қарапайымдылық, кішіпейілділік, сабырлылық, әдептілік жөніндегі этикалық-дидактикалық сарынмен жазылған туынды. Түркі халқы ділмар, шешен адамдарға кенде болмаған. Бірақ олар айтар ойларын астарлап, бейнелі түрде жеткізудің шебері еді. Дала жұрты сөз қадірін, өз қадірім деп білген. Көпшілік көзінше бейсауат сөйлемеген. Кейде айтатын ойын ым, ишара арқылы білдірген. Ахмет Іүгенки поэтикасында сөйлеу әдебі нұсқаулар түрінде өрнек тапты:

Білімдіден қалған бір сөз тағы бар:  
Әдептіге «үндемес» ат тағылар, –  
Бақ тіліңді, аздап сөйле, мұра – сол  
Сонда аман-сау, тек жүресің, рас – ол.  
«Адамды отқа күйдіретін тіл екен,  
Өзіңді оттан сақта» – деген Расул [80,74 б.].

Мұсылман діннің өкілі ретінде Мұхаммед пайғамбардың Хадистеріндегі тыйымдарды да ұтымды жерде үйлестіреді. Екі дүниеде адам атқан сөздері үшін жауап беретіндігін ескертеді. Орта ғасыр ойшылының осы ойларын біздің заманымызда қазақ менталитеті мәселелерін зерделеген қазақ философы Д. Кішібековтің зерттеулері былай деп өрбітеді: «Әрине қазақ халқы сөзшең екені белгілі. Бірақ бұл оның мылжындығы емес. Қазақ сөйлегенде әр сөзге мән беріп, ойлап сөйлеген. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні болу керек» деп түсінген, әйтпесе сөз мылжынға айналады. Қазақ көп жағдайда қойылған сұраққа тез жауап қайтармаған. Түсінбеген, естімеген адамдай үнсіз қала берген. Сырын білмейтін адам оның бұл мінезін естімеді, тыңдамады деп те ойлаған. Шынында олай емес. Әрбір айтылған сөзді талдап, пайымдап барып жауап қайтаратын болған» [81].

Бұл түркілік мәдени-әлеуметтік ортада сөйлеу мәдениеті ежелден қалыптасып шарықтау шегіне жеткен өнер екендігінің дәлелі. Тіл жоғары реттеушілік рөлге атқарған. Білім адамның өзін-өзі тануында, өз ішкі әлеміне үңілуде, сол арқылы шындалуына тигізер септігі зор. Ойшыл білімді адамды – азаматқа теңейді, білімсізді – ез деп атаған. Білімді болу үшін алдымен құнтты болуы керектігі жөніндегі Иүгінекидің этикалық ойлары «болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз, ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз» – деген Абайдың өнегелілік туралы ғибратты ойларымен астасып жатыр [82].

Адамдар арасындағы сыйластықты өмірдің мәні ретінде түсінген данагөй, бір-біріне сый-сияпат көрсетуде жомарттық танытуды жөн санайды. Мейірімділік пен жомарттық бар жерде сараңдыққа жол жоқ. Жомарт адам кеңпейілді, меймандос, аңғал болып келеді. Біздің замандастарымыздың арасында Атымтай жомарт атанған меценаттар мен кәсіпкерлер, бизнесмендер әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына баспана, студенттер мен оқушыларға шәкіртақы тағайындап көмек беруде.

Орта ғасырлардағы моральдық-этикалық парадигмаларды жаңғырту жас ұрпақ бойына сіңіру біздің борышымыз. Өйткені түркілік кезең ойшылдарының этикалық тұжырымдамалары ұлттық мәдениет ауқымында ғана қалып қойған жоқ. Олар адамзаттық деңгейдегі әлемдік этикаға өз үлестерін қосты. Түркі әлемінің тұтастығы мен өр рухы ізгіліктік-этикалық тәрбиелік мәні зор поэтикалық мұралары мен музыкасы арқылы бізге жетті.

Қазақтың тәрбиелік этикасының оңтайлы үлгілері түркі этик-ойшылдары мұраларына қайта оралу, жаңа әдіснамалар арқылы талдау арқылы жасай аламыз. Ол ұлттық өзіндік сана мен қазақстандық мәдени ортада жаңа үлгідегі адами қатынастарды орнықтырудың тұғырларын қалыптастырады. Диссертациялық жұмыста түркілік ізгіліктік-этикалық тәрбие мәселесін зерделеуге жаңа көзқарастар мен әдіснама негіздемелерін ғылыми айналымға енгізуге талпыныстар жасалады. Болашақтағы өркениетті, әділетті қазақстандық қоғам орнатуда адам сапасын ізгілендіруде түркі ойшылдарының даналыққа толы шығармаларының маңызы зор. Демек түркілік кезеңнің этикалық ой-толғаулары өнегелі ұлт, ізгілікті адам тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратындығы дәйектеледі.

Қазақтардың рухани өмірінің негізгі қайнар көздері ретіндегі ғибратты тағылымдық-тәлімгерлік үлгілер, құқтық ережелер далалық билер қызметінің жемісі. Шешендік пен билік өнері қазақ халқының арасында ежелден қалыптасқан дәстүр. Би сөзінің мағынасы – ел билеуші, төреші, батагөй, шешен, мәмлегер деген лауазымды білдіреді.

Қазақтың дәстүрлі билерін көзбен көріп, олардың кесімдері мен үкімдеріне куә болған орыс әкімшілігі өкілдері мен зерттеуші ғалымдары А.И. Левшин, Л.Ф. Баллюзек, И.А.Козлов, А. Зуев, Д. Самоквасов, В.В. Григорьев, Л.А. Словохатов, Г. Загряжский, С. Масимовтар олардың әділеттілігін, шешендігін, адалдығын байқаған. Өз-Тәуке хан (1680–1718 – хандық құрған жылдары) Құрылтай шақырылады. «Жеті жарғы» деп аталған қазақ әдет-ғұрып заңдарына өзгерістер

мен түзетулер енгізіледі. Аталған заң жобасы жеті бөлімнен құралды: мүлік заңы, қылмыс заңы, әскери заң, елшілік жоралары, жұртшылық заңы, жесір дауы, құн дауы. А.И. Левшин өз зерттеулерінде: «Қазақтар аңсап еске алатын сол «Алтын ғасыр» Тәуке хан билік құраған заманда болған сияқты. Ол талай жылдар бойы алауыз болған елді сабаға түсіріп, рулар арасындағы айтыс-тартысты тоқтатты. Тәртіп орнатты және заңдар шығарды» – деп жазды [83].

Қазақ қоғамында демократия, сөз бостандығы билер иеленген шексіз еркіндікпен айшықталды. Ш.Уәлиханов: «Қазақтарда құрметті би атағы халық тарапынан қандай да сайлау жолымен немесе халықты билеп отырған өкіметтің бекітуімен емес, тек сот рәсімін терең білетін, оған қоса шешендік өнерін меңгерген қазаққа ғана берілген. Би атану үшін халық алдында әлденеше шешендік сайысқа түсіп, өзінің заң жораны білетіндігін, шешендігін танытатын болған. Мұндай адамдардың есімі желдей есіп, әлейім жұртқа таралып, біріне емес, бәріне де танылған», – деп жазды [84, 135 б.] Атақтары бүкіл үш жүзге тараған – Төле, Әйтеке, Қазыбек билер кеңес құрып үш жүздің арасындағы жер дауы, еларалық шиеленісті жанжалды реттеп әділ қазылық еткен. Билер үкімдері арқылы жазалаушы ораганның міндетін атқарумен шектелмеді. Тәрбиелеуші мекеменің де қызметін қоса атқарып отырды. Қазақ билерінің символы іспетгі үш бидің ізгілікті тұлғасы жастарға үлгі.

Билердің көрші мемлекеттер арасындағы даулы мәселелерді реттеудегі рөлін А.Х. Қасымжанов: «Билер өткір тілді, ұшқыр ойлы, тез арада уәж айту, сөзге сөз қайтара білу батырлардың жекпе-жектегі жеңісіне пара-пар болатын қолма-қол жеңіс сипаты мен қорытындысын анықтайтын халықаралық саясаттың маңызды бөлігі», – атап көрсетеді [85]. Қазыбек бидің батылдығы, ақыл-парасатты, сөз саптау мәнері қалмақ ханын мойындатып «Қаздауысты Қазбек» атануы оның даңқын іскер мәмлегер дәрежесіне дейін көтергені тарихтан белгілі. Билерге қырағылық, қағлездік, үлкенге құрмет, кішіге ізет таныту, сонымен қатар ханға да, қараға да ойын нақты, батыл жеткізу үшін жүректілік, намыстылық, айбарлылық сияқты этикалық сапалар қажет. Қазбектің: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Басымыздан сөзді асырмаған елміз, досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз... Сен қабылан да, біз арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар, жарысқалы келгенбіз. Тұтқыр сары желімбіз, жабысқалы келгенбіз, берсең жөндеп бітіміңді айт, бермесең дірілдемей жөніңді айт, не тұрысатын жеріңді айт» [86]. Қазбек өз іс-әрекетімен ұлттық намыстың, батылдық пен жігердің тайсалмайтын рухын асқақтатты. Елшілердің осы сапары іскерлік пен майталмандықтың үлгісіне айналды.

Егер, би жаңылысып немесе адамшылық жолынан жаза басса, ел-жұрт алдында беделден айрылады. Халықтың көзі қырағы. Жұрттың қатал сынынан өткен осындай би қазылар күнделікті өмірдегі талас-тартысты, даулы мәселелерді шешуде ар-ұждан тазалығын биікке көтерді. Қазақ даласында түрме мен зындан

атаулы болған жоқ. Тайпалар мен рулар арасындағы дауларды күн төлеткізіп, айып салғызып бітім жасалған. Қоғамның рухани дамуына билер қалыптастырған дала заңдарының оңды ықпалын Ш. Уәлиханов «Ежелгі халықтық үлгідегі билер соты» атты зерттеуінде: «Қазақ заңдарында, ең жаңа еуропалық кодекстерде көп кездесетін алдын алу және қорқытып-үркіту шаралары жоқ. Қырғыздарда етке таңба салу жазаларын ешқашан қолданбаған. Ру заңы бойынша, туыстардың бірінің ісіне бірі жауап беретін руластық жағдай ру қатынасында іс жүзінде көп пайда келтіріп отыр», – деген қортындыларын [87, 94 б.] далалық реформалар қабылдау барысында ескеруді ұсынды. Шоқан Уәлиханов ұлттық өзіндік ерекшеліктерге сырттан енгізілген жаңалық зиян келтіретінін көре білді. Сахарада қабылданатын азаматтық заңдарды түзуде және соттарды сайлауда халықтың дәстүрлі билер институтын жаңғырта пайдалануды талап етті. Үкіметке ұсынған жазбалары болашақ қазақ қоғамындағы келеңсіздіктерді алдын ала сезіп жасаған қорытындылары еді. Орыс әкімшілігінің басқару жүйесіне дәстүрлі қоғам билері қолданған әдіс-тәсілдер ұнамады. Олар қолданыстан әділ билермен қоса ығыстырылды. Жаңадан сайланып тағайындалатын судьялар жергілікті халықпен тілмаш арқылы жұмыс жасады. Қазақтардың қастерлі құндылықтары әділеттілік, адалдық, ағайыншылдық ақырындап жылыстай бастады. Ресей Империясына басыбайлы күйге түскен кезден бастап пара беру, бірінің үстінен бірі арыз жазу, жағымпаздану, Патша әкімшілігі қызметкерлері ұсынған әртүрлі сый-сияпатқа сатылу сияқты кесірлі қылықтар қазақтар арасында жаппай жайыла бастады.

Алаш көшбасшысы Ә. Бөкейханов та осы құбылыс жөнінде: «Қазақ орысқа қараған соң бәйге аттай, жақсы жорғадай туысынан болатын шешен озған би жоғалды. Кім орысқа жағымтал болса, сол жұртты бір қамшымен айдайтын болды. Бұрынғы жүйрік шешен билерден келе жатқан өз, әділ билік жорасы жаман қарапайым тұғыр би парасына аяқ асты болды. Пара беріп ақты қара, қараны ақ қылатын күн туды» - деп жазды [88, 167-168 бб.]. Халықтың ежелден қалыптасып, оңды нәтижелер берген әдет-құқығы және билік құрудың озық үлгісін ауыстыруға қарсы екендігін ашық жариялады.

А. Байтұрсынов қазақ билерінің соңғы өкілі Абай Құнанбайұлының ең іргелі би болғандығын: «Абай біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, таспен би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы тұрған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған... «Білімнен мал артық болушы ма еді?» – деп Абай жұрттың онысына көнбей таласқан», – деп би сайлау кезіндегі ахуалды дәйектеген [89].

Қазақ қоғамында кесірлі әдеттердің бастысы барымта. Қазақтар салты бойынша барымта деп қарсы жақтың малын рұқсатсыз тартып әкетуді атайды. Бөгде жұрттарда барымта зорлық-зомбылық деп есептеледі. Жаугершілік заманда жылқы малы ортақ ағайындыкі болғандықтан, егер бай ағайынның айғырын ұстап соғымға сойса, тұяққа тұяқ деп құлын, тай төлейді екен. Ағайынның құр семіз атын ұстап мінсе ол күнә емес. Осы рәсімдер жылқы бір рулы елге ортақ уақыттан



қалған. Қазақ рәсіміне салса жылқы ұрлығы зор айып емес. Біздің қазақ мұсылманмын дегенмен, құранды ұстағанмен, рәсімнен шыға алмай, ұрлыққа бата беріп отыр. Ғұмыр өзгерілді. Ат ұрлаған адамды тышқандай өлтіретін орыс мұжығымен ауылдас болдық... Қазақ рәсімі қанша ұрлыққа жылы-кешірім болғанмен мұжық рәсімін, үкімет заңын жүргізбей қоймайды. Енді ғұмырдың өзгерілгеніне қарай ұрлыққа әдіс қылмаса болмайды. Бұл тәмәм қазақ атына зор кемшілік, таңба, ұят [88, 133–134 бб.]. Ә. Бөкейханның осындай ұлттық құндылықтарға нұқсан келтіретін жаман әдеттерден арылу қажеттігі жөніндегі пікірі ұлтты ізгілікті-этикалық тәрбиелеуге жетелеудің бірден-бір жолы деген пікірдеміз. Барымта ағайын арасына іріткі салып, ел бірлігі мен ынтымағын бұзатын кесірлі рәсім.

Болашақ би болатын баланы алдымен ата-анасы байқаған. Қазақи орта сыншы келеді. Үлкендер ол баланы жастайынан тәрбиелеп қанаттандырып, ақсақалдар мен билер жиынына қатыстырып, ел аралатып, билік өнеріне баулыған. Алғашқы сынақтардан кейін талапкерді дуалы ауызды абыз ақсақалдар, би-шешендердің алдына әкеліп бата сұратады. Баланы ол сөздер қанаттандырып, марқайтады. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде үлкендерден бата сұрау міндет. Батаның тылсым күшіне сенген. Халқымызда: «Батамен ел көгереді», «Баталы құл – арымас, батасыз құл – жарымас» деген мақал бекер айтылмаған. Бұл салт-дәстүр мен рәсім болып қалыптасып кеткен тұрақты игі құндылықтар қатарына жатады. Батаның түрлері әртүрлі. Бата беру, батасын алу әлі күнге желісі үзілмеген дәстүр. Халқымыздың ізгілікті тәрбие берудегі болашақ ұрпағына тілеген ыстық ықыласқа деген сенімі олардың алға ұмтылуға деген шабытын оятатын тетік.

Билер өз туындылары арқылы адамның ішкі жетілуінің шамшырағы, ізгілікті істерге жетелейтін тәлімгерлік түріндегі этикалық ілімнің негізін салды. Олардың даралық, тұлғалық келбеттері адамға деген махаббаттан, оларға үнемі жақсылық жасау тілегінен, кешірімшілдік, мейірбандық қасиеттерімен көмкерілген. Қазақ билері осындай тұғырлы да, ізгілікті түрдегі әлеуметтік әділеттілікті іс жүзінде өз заманы тұсында жүзеге асырған-ды. Билер ұстанған осы қағидат қазақ менталдығының мазмұнына айналуда. Ұлы Дала билері өздерінің бітім-болмысымен, атқарған қызметімен шынайы жоғары адамгершілік пен өнегеліліктің үлгісін салды [90].

Заманалар бойы қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтармен шендескен ақын-жыраулар мен би-шешендер толғауларындағы ұлттық ізгілікті-этикалық құндылықтарды талдаудың әлеуметтік-мәдени контекстер арқылы философиялық тұжырымдамаларды уақыт талабына жауап ретінде өзектендірудің маңызы зор.

Ақын-жыраулар этикалық-философиялық ойы арқылы ойында жақсылық, ар, ұят, әділеттілік, ізгілік, қайырымдылық, үлкенге құрмет, кішіге ізет сияқты ұғым-түсініктермен қатар жамандық, өшпенділік, қызғаншақтық, іштарлық, жалқаулық және тағы басқа категориялардың мән мен мағынасы ашылып көрсетілді. Жыраулардың дүниетаным ерекшелігі жөнінде, олардың ұрпақ

тәрбиесі туралы этикалық пайымдаулар қазіргі кезде де өзекті. Жыраулар дүниетанымының әмбебаптарын зерттеген Ж.Б. Ошақбаева қазақ жырауларының елді ерлікке, бірлікке шақырған жалынды жырлары, отты толғаулары бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне, ұлтты рухани қалыптастыру ісіне атсалысатыны анық екендігін айшықтайды [91].

Өмірдің мәні адамдардың сыйластықта жарасымды, салтанатты бірлік пен татулықта болуы деп білген Бұқар жырау толғаулары тағылымдық ойларға толы. Солардың ішінде данагөйдің «Тілек тілеңіз» халқына айтқан өсиетнамасы. Ұстанымдар мен қағидаттардан тұрады. Этикалық императиві негізінен ұлтты ұйыстыру, халықты ынтымаққа шақыру мен қоса мемлекеттілікті нығайтуда хандық билік айналасына топтасуға үндеді. Билікті үнемі мақтап, мадақтаудан шектеліп биліктің сыншысы да бола білді. Жүз жасаған абыз жырау ел тыныштығын, халқының амандығы жолында жалынды күрескер, қайраткер де болды. Абылай ханды тоқтатуы:

Өкпеңменен қабынба,  
Өтіңменен жарылма,  
Орыспенен соғысып,  
Басына мұнша көтерген,

Жұртыңа жаулық сағынба [86, 51 б.]. Жұртының аман сақталуы жолында ханға қатал ескерту жасайды. Бұл Бұқар жыраудың саяси көрегендігінің айғағы. Ханға жауап айтпасам, ханның көңілі қалады, қандыра жауап айтпасам, халқым не деп айтады деп өзінің тарихи рөлін орнықтыра түседі. Қазақ батырларын дәріптеген жырлары халық фольклорының өлген адамды жоқтау, естірту салттық өлең түрінде айтылған. Бөгенбай батыр өлімін Абылай ханға былай деп естірткен екен:

Қиядан қиқу төгілсе, аттың басын тартпаған.  
Қисапсыз қол көрінсе, қорқып жаудан қайтпаған.  
Қазақ деген халқынан, батыр шыққан даңқынан.  
Қарсыласқан асылдар, қорғасындай балқыған,  
Батырың өтті Бөгенбай [86, 51 б.].

Қазақ дәстүрлі этикалық құндылықтарының қатарын өлген адамды жоқтау, естірту мәдениеті өнегелі салттар қатарына жатқызылады. Қазақтар дүниеге келген сәбиді өлеңмен қарсы алып, дүниеден өткен адамды өлеңмен шығарып салған дана халық.

Жаугершілікті бастарынан өткізген Шалкиіз жыраудың жырлары елді жаудан қорғау жолындағы батырлар рөлін, халықты жинақылыққа, ұйымшылдыққа үндеу сарынында болып келеді. Ал Ақтамберді жыраудың «Күлдір де күлдір кісінетіп» атты өміршең жырлары көшпелі тұрмыстың сәнді-салтанатты тірлігін көз алдымызға елестетеді. Онда өмір мәні, ізгілікті-этикалық тәлімдік ойлар түзілген. Үмбетей жыраудың шығармашылығының негізгі арқауы адамгершілік жайлы толғаулар. Адамды жетілдіруде өз өзіңді тәрбиелеу деп түсінеді.

Этикалық категориялардың негізгілері болып саналатын жақсылық пен жамандық ақын-жыраулар шығармашылығында арнайы талданып тарқатылған. Шал ақынның байыптауындағы жақсы адам мен жаман адам парқын: Бір жақсымен дос болсаң, азбас, тозбас мүлік етер. Бір жаманмен дос болсаң, күндердің күні болғанда, жұмыла ғаламға күлкі етер [92]. Жастарға дос таңдауда абай болуға шақырады. Жақсыдан шарапат, жаманнан кесапат деген халық даналығымен астасып жатқан өсиет түріндегі жыр жолдарының тәрбиелік мәні мәңгілік. Ақынның поэтикалық толғаулары этикалық ұғым-түсініктерді айшықтауда шебер өрнек тапқан. Мысалы жақсы адамды айға балаған ақын:

Жомарт жігіт баймен тең,

Шешен жігіт дүрмен тең.

Ақылы жоқ надандар,

Іс бітірмес жамандар,

Жүз болса да бірмен тең [92, 56 б.]. Ойшыл ақылды адамдар мен надан адамдардың өзгешелігін, жалқаулық пен әрекетсіздік неге соқтыратынын, жомарт адам мен шешен адамды шендестіре көрсетеді.

Қазақтың ақын-жыраулары шығармашылығынан жеке тұлғаның бойынан табылуы қажет ізгі қасиеттерді сіңіру жөніндегі ойларын болашақ ұрпақ тәрбиелеуде қолданудың маңызы зор. Жыраулық мәдени дәстүрден үлгі, өнеге, ақыл, парасат, білім көздерін табамыз. Жыраулардың жалынды жырларынан ұлттық идеяны, ұлттық рухты, ел-жұртына деген махаббатты, ұрпағына деген қамқорлықты, ұлағатты тәрбиелік сөздерді кездестіреміз.

Қазақ философиясының ерекшелігін талдаған І. Ерғалиев онда абстракт ойдан гөрі өмірлік тәжірибе басым болатындығын алға тартады. Дала ойшылдарының сөзі мен ісінде, адамшылығы мен өмір салтында алшақтық болмайтын тұтас, кесек тұлғалар [93] Ежелгі ауызша мәдениет туындыларының адамға жоғары деңгейде әсер беруші күші, оның біздің заманымыздағы және болашақ ұрпақтардың рухын оятатын әлеуетінің зор екендігінің дәлелі.

## **2.2 Изгіліктік-этикалық тәрбие идеалы мен діни тәрбиенің байланысы**

Қазіргі әлемде рухани-ізгілікті тұрғыдан даму мен тәрбие алу жалпыадамзаттық және негізгі ұлттық құндылықтарсыз, дін мен мәдениетсіз, сонымен қатар қоғамның өзге де институттарынсыз мүмкін емес. Рухани-ізгіліктік тәрбиені дәстүрлі тарих пен мәдениетке сүйене жүзеге асырылу қажеттілігі айқын мәселе. Материалдық құндылықтардың руханияттан басым түсуі зорлық-зомбылық, жемқорлық, ізгіліктің тапшылығы, мәдениеттің төмен деңгейі, агрессия, қатыгездік секілді қасиеттердің орын алуына алып келді. Қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтыған рухани дағдарыстан шығудың жолы ретінде бұқара санасына ұлтымыздың рухани-ізгілікті әлеуетіне бет бұрып, ізгілікті құндылықтар бастауына оралу мәселесі қашан да тілге тиек етіліп жүрген өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Бүгінгі таңда барлық деңгейде және теориялық – әдіснамалық, ғылыми-теоретикалық, педагогикалық, құқықтық, мазмұндық, ғылыми-әдістемелік аспектіде рухани тәрбиені қалыптастыру үлгісіне теориялық ізденіс жүргізілуде. Дін, наным- сенім этика, идеология, мәдениеттің рухани өлшемі мен адамның өзін-өзі дүниетанымдық тұрғыдан анықтау тәжірибесімен қатар, рухани-ізгілікті мәдениеттің ажырамас бөлігіне айналды. Дін әрқашан да өзге де әлеуметтік институттармен қатар қоғамдағы идеологиялық, рухани-ізгіліктік вакуумды толтыруға талпынды. Діннің рухани әлеуеті ретінде адамзатқа ортақ қағидалар шеңберіндегі адамның тәртібін анықтайтын және реттейтін діни ілімдегі қағидалар мен құндылықтар ережесін қарастыруға болады. Ал құндылықтар, қазақстандық ойшыл Қ. Әбішевтың пікірінше әрбір жеке адам белгілі бір дүниені өзі үшін құндылық ретінде қабылдаған болса, сол қабылданған нәрсесі оның барлық пиғылдарының, мақсаттарының, тілектерінің бағыты, сәйкес істерінің, әрекеттерінің не үшін жүзеге асатындығы, ол сол адам үшін адамдықтың, кісіліктің өлшемі, оны жүзеге асырғанда ол өзін адам ретінде сезінеді, ал саналы түрде болса, өзін шын мағынасындағы адам, тұлға деп есептейді. Ал ол өлшемнің дұрыс-бұрыстығы – басқа мәселе. Объективті тұрғысынан, қоғамдық әділеттілік тұрғысынан дұрыс та, теріс те болуы мүмкін. Тек тап сол адамның ұстанған құндылық өлшемі бойынша ол дұрыс [94, 15 б.]. Ендеше, құндылық қандай да болмасын, оны ұстанған адам үшін оның осы өмірдегі мәні, негізгі бағыты, өлшемі. Бірақ әр адам белгілі бір нәрсені құндылық деп ұстануы да және қандай да болса ұстанымнан бас тартып, ешнәрсені мойындамауы да мүмкін. Әр күннің, әр сәттің құбылуына қарай өмір толқынының әсеріне ілесіп кетуі де ғажап емес. Қаншалықты оны төмен бағаласақ та, ол өз таңдауы, өз еркі. Яғни адамды барлық тірі тіршілік иелерінен ерекшелеп тұратын оның түпкі табиғаты – еркіндіктің бір көрінісі.

Қазақ халқының рухани болмысындағы тәлім-тәрбиенің діни сенімдермен байланысын талдауға келсек, оның ұлттық дәстүрлерінің рухани өзегіне айналған ислам діні, қазақ философиясының негізгі құрамдас бөлігі болып табылатын этиканы, ағартушылық пен идеологияны қалыптастыра білді. Исламның мәдениетті қалыптастырушы рөлі авраамдық монотеизм дәстүріне ұштасатын діни-дүниетанымдық жүйе ретінде маңызды бола отырып, тұлғаның Жаратушыға, Аллаға деген сенімі арқылы оның терең, трансцендентті мәнін, оның рухани негізін көрсетіп берді. Діннің рухани-ізгілікті әлеуеті діни мораль мен мәдениет, діни заңдылықтар, ережелер мен тыйымдар, адам мен қоғамға, елге деген ізгілікті қатынаспен шартталады. Өз ойларын мәдениеттің поэзиялық әдісімен жеткізуге тырысқан сопылық ағымның өкілі Қожа Ахмет Яссауи махаббатпен тәрбиеленген адам мен сүйіспеншілікті дүниенің тірегі ретінде санады. Ал, Шығыстың ең танымал ойшылы Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қаласын» сол махаббат пен сүйіспеншілік үстемдік еткен, ақылы асқан ел басы, қоғамды әділетті заңдар қадағалаған, бақытты тұрғындары басым «Гүлстаннан» іздеп табады. Ал

Гүлстанға жетудің жолын рухани ізгі қасиеттері мен адамгершілік қасиетті дәріштеп, жат әрекеттен, жамандық атаулыдан арылудан көреді.

XIX ғасырдың діни ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпеев үйлесімді және біртұтас дүниетаным аясында адам өміріне жоғары мән сыйлаудың мүмкіндігіне аса назар аударды. Мұндай дүниетанымды ұстанған ойшыл рухани даму, тұлғаның ізгілікті тұрғыдан жетілуінсіз кез-келген әрекет өз мәнін жоғалтатындығын айтты. Егер адамның жаны мейірімділік таныту мен әділеттілікті жүзеге асыруға тәрбиеленбесе, өмір сүруге маңызды болып табылатын сапалы аспектіден айырылатындығын жеткізді. Мейірім кемелділіктің басты көрсеткіші болып табылады. Кемелділік ислам дінінің басты ерекшелігі болғандықтан, ойшыл бұл ұғымды зияткерлік, ізгілік, және тәндік тұрғыдан жүзеге асыруға талпынды, дін ақыл мен ғылымның дамуына ықпал еткендіктен жаратылған әлемінің құдайлық мәнін ашуға әсер ету керектігін алға тартты. Сонымен қатар ол, адамның кемелденуінің бір әдісі ретінде таным үдерісін талдау барысында ақиқатты жүрекпен тану мәселесіне де басымдық берді. Ол «Алла» ұғымын жаңа мазмұнға толтырып, бұл ұғым белгілі бір діни ғұрыптарды жүзеге асыру арқылы емес, Аллаға, адамзатқа, барлық тіршілік иесіне деген сүйіспеншілікте екендігін жеткізеді. Алла ол үшін тек тылсым күш қана емес, таным жолындағы адамның ой-өрісін сипаттайтын ұғым еді. Мәшһүр Жүсіп, этиканың діни негізде қалыптасып, ізгіліктің іргетасына айналатындығы тезисін алға тартты. Оның пайымдауынша, дін – этиканың теңдікті қалыптастырушы, үйлесімді ететін құбылыс. Әлемге деген діни-этикалық қатынас арқылы сезімдік бастамадан арылуға болады, ал адамның мінез-құлқы адамгершілік қасиеттерді ескеріп, тәрбиелеу аясында жетілдіріле түседі. Ал бұл адамның ниеті мен пиғылы, шариғаттағы ережелерді ұстану жағдайында мүмкін болады. Адам ізгілікті өмірді жүзеге асырғаннан кейін толыққанды бақытқа қол жеткізе алады. Бақыттың негізі болып табылатын өз бойындағы қанағатшылықты тәрбиелей білу орынды. Осы орайды «Есті адам-қанағатты. Қанағатты адам тиянақты. Тиянақты адам көнтерлі. Көнтерлі адам қайғысыз. Қайғысыз адам бақытты. Ендеше есті адам бақытты болады» деп тұжырымдайды [95, 143 б.].

Рухани адамгершілік қасиеттер ар-намыс пен ұяттан, имани сенім мен парасаттылықтан басталып, осы қасиеттер арқылы толыға түседі. Иmandылықтың түптамьры мейірімділік танытып, оны жүзеге асыруда, ынтымақта, ықылас пен ниеттің тазалығында жатыр. Бұл қасиеттер адамгершілік пен сауаттылықтың мәйегі. Иmandылық моральдық өлшем. Ал оның өлшемін тек діннен іздеу бәлкім қателік болар. Адамның бойындағы қалыптасатын барлық игі қасиеттердің, оның ұстанған әдеп-ғұрыптарының негізінде иmandылық қалыптасады. Мысалы, мейірімділік таныту исламның басты қағидасы. Үлкенге құрмет пен жетім-жесірлерге қамқорлық, жомарттық танытуға баулу тұлғалық құндылықты арттыратын әдеп әліппесінің бірден-бір қағидасы. Осы бағыттағы білім мен тәрбие діни наным-сеніммен сыни көзқарастарды өрбіте түсті. Исламдық дүниетанымда өркениет жемістерімен толастай түскен сайын зайырлылық пен

ынтымақтастық рухы биіктей түсті, бақталастық пен зұлымдыққа жол берілмей, төзімшілдікке үйретіп, рухани салаларды қамтып, татулық рухын тәрбиелей түсті. Адами қасиеттің рухани құндылықтарын дұрыс бағытта пайдалана білу ұлттық тәрбиенің басты бағыты бола алады.

Ұлы Конфуцийдің этикалық ілімдерінің негізінде адам мәселесі жатыр. Ол ізгілікті адам тәртібінің басты негізі санады, сондықтан да адамдарды ең бірінші моральдық тұрғысынан бағалады. Білімге деген ынтаны адам өмірінің басты құндылығы ретінде есептеді. Білімді игеру барысында жаңа құлшыныстардың пайда болуы адамның рухани жетілуінің кепіліне айналады, өйткені білімі толастай бастаған сайын оның интеллекті артып, қасиеттері шыңдала түседі, мұнда білімнің ізгілікті болуы шарт. Игерген ілім, білім, тәлім-тәрбие қоғам тәртібі мен үйлесіміне жетелеу керек. Конфуций бойынша, гуманизм тәрбие мен білімнің мазмұнының негізгі құрамдас бөлігі, оқу-тәрбие үдерісінің басты мақсаты, ондай тәрбиенің нәтижесінде адамгершілік қасиет шыңдала түседі. Конфуцийдің этикалық іліміндегі «жэнь» (гумандылық, адамгершілік) және «ли» (тәртіп ережелері) қағидалары тәрбие және біліммен тығыз байланысты, бұл ұғымдар адамдарға деген ізгілікті анықтайтын басты категориялар. Екі жарым мың жыл тарихы бар Конфуций ілімі өміршеңдігінің басты себебі осында.

Осы орайда діни руханияттың тәрбие берудегі үлесі орасан зор. Діннің рухани – ізгілікті әлеуетін жүзеге асырудағы басты мақсаттары келесідей болып табылады: жоғары рухани мұраттың болуы, сол рухани мұратты берік ұстанып, сол жолмен жүру; адами тұлға құндылығына бағдарлану; қоғам мен ел мүддесіне қызмет ету қағидасын ұстану; өзге адамдарға қатысты гуманизм мен мейірімділік қағидасын қатаң ұстану; парызынды, жауапкершілігінді терең сезіну; өз-өзіне қоятын талаптың жоғары болуы; үнемі даму үстінде болу. Рухани-ізгілікті құндылықтар тұлғаның ішкі өзегін құрайтындықтан, адам-әлем қатынасының барлық формаларына, этикалық және эстетикалық дамуға, рухани ұстанымдарының, отбасы құндылықтарының патриотизмнің қалыптасуына тиімді ықпал ете алады. Діннің рухани-ізгілікті әлеуеті педагогикада да қолданыста жүрген әдістермен жүзеге асырылады. Жалпыға ортақ қабылданған әдістер классификациясы аясында діннің рухани-ізгілікті әлеуетін жүзеге асыру әдісін үшке бөліп қарастыруға болады: тұлға санасын қалыптастыру, өмір сүру мен өзін-өзі ұстау тәртібін ұйымдастыру, тәртіптілікке ынталандыру. Бұл әдістер қоғамның рухани өміріне тиімді ықпал ете алады. Қазіргі таңда заманауи адамның рухани әлеміне деген діннің ықпалы білім және әлеуметтік-психологиялық арналар арқылы жүзеге асады. Ал діни білім тәлім мен тәрбие берудің кешенді үдерісі болып табылады [96, 63 б.]. Белгілі дінтанушы А.Д. Құрманалиеваның пікірінше, діни тәрбие беретін мектептер рухани әлемнің орталығы болып табылады. Олардың дамуы ұлтты сапалы деңгейде рухани тәрбиелеудің негізі. Себебі дін сеніммен ғана ұштаспайды, ол сонымен қатар, қарым-қатынас әдебі, ізгілікті қағидалардың жиынтығы. Осы тұрғыда, діннің рухани әлеуетінің мәнін ашып,

оны рухани-ізгілікті тәрбие жүйесін жетілдіру құралдарының бірі ретінде пайдалану қажеттілігі өзекті мәселелер санатында [97, 10 б.].

Діннің негізі сенім, иман болып табылады. Діндар ақын, ойшыл философ Ғұмар Қараш өз шығармашылығында дін турасындағы тәлім-тәрбиеге қатысты былай дейді: «Иман өзгерсе-дінің өзгереді. Дінің өзгерсе-дүниетанымың өзгереді. Таныммен қоса сенім де, сенімге орай дәстүр де, дәстүрге сай тәрбие де өзгеріске ұшырайды. Ғылым мен өнерде өзге мұрат пен мақсатты нысанаға алса, жат арнаға түсу қауіпі арта түседі. Ал солардың ықпалымен адамдардың арасындағы қарым-қатынас, бауырмалдық сезім, тектік қасиет, сыйласым мен сыйластық та өзгеріске ұшырайды» [98, 122 б.]. Оның пікірінше, иман адамгершілікке сай тәртіптің, білімі мен мәдениеттің негізі болып табылады. Егер халықтың шынайы иманы болса, адамды азғындыратын ұрлық-қарлық, жалқаулық, надандықтан аулақ болар еді. Ал ізгілікті өмір сүру арқылы әлем алдындағы абыройды арттыруға болады. Ойшыл, тәрбие де, білім де тек дінмен шектеліп қалмау керек екендігін айтады. Мешіт пен медресе санының артқандығымен, халықтың білімі арта түспейді. Діни тәлім мен білімді алғандар молда, ишандар болады. Ал зайырлы ілім, білім алғандардың болашағы жарқын болып, білім мен тәрбиенің көкжиегін кеңейту мүмкіндігін иеленеді. Дегенмен Ғұмар Қараш адамгершілік пен ізгілік қасиеттің діни иман арқылы жүзеге асатындығын пайымдайды, діни иман жетіле түссе, адамның өмірлік бағдары да айқындала түседі. Ар-намыс пен ұяттылыққа тәрбиеленбеген адамда сенім, иман болмайды. Ал сол тәлімді игерген адам жаратушысын танып, оған иман келтіреді. Сондықтан қай қоғамды алсақ та, діни иман рухани тәрбиенің негізі. Қай халықтың педагогикасын алып қарасақ та, тәлім мен тәрбиенің құралы діни қағидалардың талаптарына сәйкес анықталып отырды.

Адамзат ғылыми-техникалық прогресстің шыңына шығып, қанша ілгері дамыса да, өмірдің мәні мен ақиқатын діннен іздейді. Кез-келген адам өзінің жаратылысын ойлау арқылы жаратушы иесін табуға талпынады, жүзін бұрып, иман келтіреді. Шынайы иманы бар адамды жамандық атаулыдан, арам пиғылдарынан алыстатып, рухани жан-дүниесін тек жақсы іс-әрекетке әуес етеді. Осы орайда Ұлы Абай «Құдай тағала ешбір нәрсені хикметсіз жаратпады, ешбір нәрсеге хикметсіз тәклиф қылмады. Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар, біздің ғалам былай тұрсын, ғылымға махаббаты барларға себеп-парыздарды білмекке ижтиһат ләзім, сіздер әрбір ғамал қылсаңыз, ізгілік деп қыласыз, ізгілікке бола қасд етіп, ниет етесіз» [99, 178 б.] деген еді. Адамның санасы қайырымдылықтың бастауына негізделу керек, иман дәл сол негіз болып табылады. Иманды «якини» және «тақлиди», яғни шынайы және жалған деп бөліп қарастыра отырып, Абай таза дін жолындағы нағыз діндар өзін діни ортодоксиямен ғана шектемей, өзге діндерді де танып, мәнін ұғынуға талпыныстар жасаған ойшыл. Адамзаттың білімі, ғылымдағы түрлі жаңалықтардың барлығы ақиқатқа деген махаббат, табиғаттың құпиясы мен мәнін ұғынуға деген талаптың арқасында қол жеткізіледі, яғни білсем, көрсем, үйренсем деген жанның құмары. Тек білім мен

тәрбиенің негізін игерген, таным іздеген адам ғана тіршілігін алаңсыз жалғастыра алады, «Ғылым - Алланың бір сипаты, ол-хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр» деп танымға, тәлімге баулуды адамдықтың, діндарлықтың белгісіне теңейді. Қателікті бастан кешірмеген адам жоқ, ал сол қателіктер дер кезінде ескеріліп, мойындалса, рационалдылықтың алғышарты болып табылады, мойындалмаса қоғамның хас жауына айналады. Сол себепті Абай дінді догматикалық тұрғыдан қабылдауға мүлде қарсы. Дұрыс тәлім, білім ғана иман ақиқатының мәнін ашып бере алады. Жаратушыға, ақиқатқа деген сенім арқылы адамның бойында тануға, тәлім алуға, білім игеруге деген талап оянады. Абайдың басты мұраты үйлесім, мұнда иман ақылды, ақыл иманды жоққа шығармайды, иманды адамгершілікке, ізгілікке үндейтін тәрбие, тәрбиенің рухани тірегі ретінде қарады.

Дінді ақылмен қабылдауды алға тартып, діннің мәнін халықтың талабы мен мұқтажыдылығына сәйкес жеткізе білген Шәкәрім Құдайбердіұлы, әр адамның өзінің кемелдену шарты болуы қажеттігін негіздейді. Өз шығармашылығы арқылы ұлттық сана, дін, тәрбие, адамгершілік, ізгілік мәселелерін белсенді көтереді. Ол өзінің «Мұсылмандық шарты» атты еңбегінде мұсылмандықтың басты шарты иман, сенім мәселесіне тоқталып, бұл ұғымдарды Құранның ақиқатын, Алланы және оның бірлігін мойындау деп анықтайды. Сенім мен иманның басты нысаны - Алла, сондықтан оның нығметіне шүкіршілік ету, адамның тәлім мен тәрбие деңгейі, олардың хақысы, таза, адал ниетпен үндесетін исламның қағидалары жайлы терең талдайды. Алланың адамды жаратудағы басты мақсаты ізгі істер мен ізге мақсатқа байланысты. «Кісіге адамшылық неге керек? Адамдық – өзге айуаннан артық демек!» деп, адамды өзге тіршілік иелерінен ажырататын оның ақыл -ойы болып табылатындықтан жүзеге асыратын әрекеттерінің барлығы ақылға сай болуы шарт екендігін пайымдайды. Ар ілімі Шәкәрімнің дүниетанымындағы басты мәселелердің бірі. Ол бүкіл халыққа ар білімі деген арнайы білім, тәлімнің қажеттігін нұсқайды, себебі жалпы «адамзат» кейпіне сай болу үшін ізгіліктің осы бір өлшемі өте қажет, жүрегі таза адам қиянатқа бармайды. Ар ілімі, жаратушы мен жанның мәңгілігі идеяларын пайымдау арқылы адамның ойы мен ісінде де ізгіліктің болуы қажеттілігін негіздейді. Адамның бойындағы болмыс әлемі, оның табиғаты мен бағыт-бағдары білім, әсіресе білім ақиқаты арқылы анықталады. Білім дегенде тек рационалды біліммен ғана шектеліп қалмай, адамгершілік бастауына еніп, мейірімділікті игеру қажет.

Ақиқатты тану түрлі ғылыми тұжырымдар мен діни ілімдерге сыни баға беру арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, ойшылға интеллектуалды икемділік тән, ол діни догматизмге қарсылық танытып, оның адамның дүниетанымын көкжиегін тарылтатындығын дәйектейді. Ол ғылымның жетістіктерін теологиямен байланыстырып, білім, ілім, тәлімді иманмен теке тірестіруге тырысады: «телеграф, телефон, граммофон дегендердің бәрі жердің бір шетіне хабар беріп, бірі адамша сөйлейді. Алла тағаланың ондай бардан барды қылады,



машинаны себеп қылмай-ақ жоқтан бар қылады. Дүние бұрын бар нәрседен жаралды десең, оны бар қылатұғын бір ие керек. Егер иесіз өзі бар болды десең, онда дәһри деген әр діннің сөзі бір теріс ақымақтық болады» [100, 9 б.]. Шәкәрімнің философиясы нағыз иман, сенім мен білімнің негізінде қалыптасқан. Ол өзінің тұжырымдарында адамзат ой-өрісінің дамуындағы екі бағытты бөліп қарастырады; біріншісі бойынша Жаратушы идеясын мойындаса, екіншісі бойынша барлық дүние өздігінен пайда болып, ешқандайда жанның мәңгілігі жоқ екендігін алға тартатын идея.

Діни саланың барлық өкілдерін, спиритуалистер, мистиктерді бірінші идеяны ұстанатындарға жатқызса, материалистерді екіншісіне жатқызады. Шәкәрім өз шығармаларының барлық беттері арқылы осы сұраққа жауап іздейді, себебі бүкіл адамзаттың тағдыры сол жауапқа байланысты. Сонымен қатар оның пайымынша, адамның есту, көру, иіс, дәм сезу қасиеттері миға жетіп, жақсы мен жаманды ажырата алатын күйде болады, дәл солай адамның ынтасы, жігер талабы да ақылға жүгінгені абзал. Еріншектік, санасыздық, мақсатсыздықтың барлығы ақылдың жоқтығынан. Терең білімі мен нағыз иманы жоқ дүмше молдалар, осы дүмшеліктің кесірінен халықты ақиқат жолына салмай, адастырады. Шәкәрім үшін ақиқат халықтың өміріне иман мен білім, тәрбие арқылы сәуле тарату. Ойшыл «Үш анық» еңбегінде танымдағы негізгі қағидаларды талдай отырып «...тексерушінің әр түрлі діндер жайынан, әр түрлі ғылым жайынан, әрбір білімділердің сол туралық айтқан сөздерінен хабары болуы керек. Және қатты керек бір шарты-өзінің тұтқан діні, оқыған – ұғынғаны, қалыптанған әдеті, құмар ісі бәлендей жақсы кісі айтты деп нанып қалған сөзіне біржола байланып қалмай, ақылын әбден шын босатып, айтқан сөздердің барлығы ноктасыз, науқассыз сау ақылмен сынау керек. Әйтпесе адам, әдет құмар нанымынан шыға алмай, арқандаулы ат сияқты болады» [100, 42 б.] деп ғылым мен дінді тек арнайы «даярланған» адамдар ғана тани алады, басқа жағдайда олардың мән-мағынасы тарылуы мүмкін екендігін жеткізеді. Бүгінде заманауи қоғамдағы белең алған экономикалық прагматизм аясында халық санасын индивидуализм билеп төстеп, адамгершілігі құлдыраған, девианттылық мінез бен пессимизм, басқыншылық белең алды. Міне осы жат әрекеттерге бірден бір тосқауыл болатын фактор Шәкәрімнің «ар ілімі», «ұждан» сынды гуманистік идеялар. Осы тұрғыда ол материалдық дүниеге де қарсы емес, керісінше сол материалдық жетістікке таза еңбекпен қол жеткізуге шақырады. Адам, оның адамгершілігі, тәрбиесі мен рухани жетілу мәселесіне аса назар аударған гуманист-ойшыл оны Алланы, Жаратушыны сүюге баулу арқылы шешуге ниеттенді. Тәрбие ақсақтаған заманда Шәкәрімнің бірқатар тұжырымдарын басшылыққа алу, «ар ілімінің» насихатталуы, оларды тәрбиенің тірегіне айналдыру арқылы, тұтынушы қоғамының құндылықтарынан арылып, рухани өркендеген қоғамға бет алуға үлкен мүмкіндік береді.

Діннің бойындағы рухани-ізгілікті әлеуетті жүзеге асыру жоғары рухани мұратқа қол жеткізу, тәрбие жолында тұлғаның құндылығына бағдарлану, қарым-

қатынаста ізгілік пен гуманистік қағдаттарды басшылыққа алу, жауапкершілік, өз ұстанымы мен әрекетін таңдау еркіндігінен тұрады. Рухани ізгілікті құндылықтар адамның ішкі өзегін қалыптастырып, Адам – әлем қатынасының барлық аспектілері мен формаларына, этикалық және эстетикалық дамуына, азаматтық ұстанымын, дүниетанымын қалыптастыруға, патриоттық және отбасылық бағдарға оң ықпалын тигізеді [101, 42 б.].

Рухани тәрбие, ізгілік, құндылықтардың ортақ тұстарын барлық әлемдік діндердің аясынан көреміз, сондықтан мұраттар мен құндылықтар адамзатқа ортақ. Мысалы исламда өзіне тілегенді өз бауыры мен жақынына тілемегенді иманды деуге болмайды десе, христиан дінінде өзіңе қандай жақсылық жасалғанын қаласаң, өзгеге де соны жасау керектігін алға тартады, буддизм жауыздық атаулыны өзгеге тілемеуді, ал индуизмде көңілге тиетін әрекетті өзгеге істемеуге, иудаизмде жиіркеніш тудыратын әрекетті басқаға жасамауға, даосизмде өз табысыңды өзгенің табысы, өзгенің шығынын, өз шығының деп санап, дін мен тәрбиенің тығыз байланысын айқындайды. Бұл қағидалар адамзат болмысы мен оның ізгілікті мұратының нағыз мағынасын ашып береді. Жалпы қоғамға діни регуляцияның түрлі формасын ендіру руханияттың барлық жүйесіне ықпал етеді. Э. Дюркгейм қоғамдық өмірді реттеу барысындағы діннің рөлін ашып көрсету барысында, оның желім сияқты әсер ететіндігін жеткізеді, яғни, ол адамдардың өздерін ортақ құндылықтар мен ортақ идеялармен біріккен моральдық қауымдастық ретінде сезінуіне мүмкіндік беретіндігін айтады.

Қазақтар арасында ғылым-білім таратуда зор еңбек сіңірген ағартушы Ы. Алтынсарин тәрбие үрдісіне аса мән берді. Қазақтардың білімге қол жеткізетін ең басты құралды – қазақ даласында орыс-қазақ мектептерінің айрықша үлгісін қалыптастырды. Ол оқыту мен тәрбиелеу жұмысын қатар алып «балаларға өнегелі тәрбие беру аса маңызды іс» дегенді басты назарда ұстады. Ы. Алтынсарин қазақ ауылдарындағы ескі діни мектептердегі үнемі жаттатып оқыту тәсілін мақұлдамады. Ол қазақ тілінде оқытатын алғашқы мектептің оқу тәрбие жұмысын алға қойды. Ағартушы-ғалымның өзі түсіндіргендей: «Қазіргі кезде қазақ арасында Мұқамбеттің діни оқу жайылып, етек алып барады... Сонымен, бірінші жағынан, халықтың өз дінін білу жөніндегі талабын, бұл талапты ешбір шарамен тоқтатуға болмайтынын еске ала келіп, екінші жағынан осылай болған соң, қазақ жастарына өзінің ана тілінде жазылған, мұсылман дінінің негізгі рухына толық сай, дін оқытуға негізгі құрал бола алатын оқу құралын жасап берудің қажет екендігін еске ала келіп, мұның үстіне мүмкін болғанша, біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін, ал екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алуына жол бермеу үшін (бұл - қазақтарды татарландырудың ең сенімді тәсілдерінің бірі ғой) мен соңғы кезде Мұқамбет шариғатын үйрене бастап, осыған қоса жіберіліп отырған оқу құралын құрастыруға кірістім» [102, 42 б.]

Осылайша жастарға дүнияуи ғылымдарды үйретумен қатар діни сауаттылықтарын ашуды да көздейді. Рухани-мәдени кеңістіктегі ұлттық

болмысты аздыратын әртүрлі ағымдар дендей енген шақтарда, бұл еңбектің маңызы зор болды.

Алаш зиялыларының бірі М. Дулатов өзінің «Қазақ халқына діни бір уағыз» атты өлең жолдарында дін және халық үшін бейнет көруге шақырып, көшпенді қоғамдағы діннің, соның ішінде исламның күш-қуатын терең түсінген еді. Ол исламның бойында халықты білімге, ағартушылыққа, тәрбиеге жетелейтін негіз бар екендігін алға тартты. Осы тұрғыда, мұсылмандықтың шарттарын берік ұстанып, жастардың санасына діннің рухын сіңіруді құптады. Себебі, оның ойынша, адамзат бойындағы асыл, ізгі қасиеттердің қалыптасуының астарында діннің тәрбиелік мәні жатыр. Мұсылманша оқытудан бас тартып, сапалы білімнің көзі деп тек орысша оқыту, тәрбиедегі олқылықтарға ұрындырып, нәтижесіз ететіндігін жеткізді, себебі атадан балаға мұра болып қалатын дүние ол тәрбие, адамгершілік, рухани қасиет. Қазақ халқы осы имандылықтың рухын, адамгершілік қасиеттің негізін тарихи өмірдің кеңістігінде барынша қалыптастыра білді. Елдің тәуелсіздігі, мәдениеті мен руханиятты елдіктің негізіне ала отырып, халық рухани өрісті тарылтатын қаншама жалған дүниелерге бөгет бола алды. Осы себептен ұлттық тәрбие, мінез, дәстүрді ұрпақ бойына дарытып отырды. Алаш зиялыларының басты идеясы аумалы төкпелі заман ағымында рухы әлсіреп, тәуелсіздіктен қол үзіп бара жатқан халықтың тағдырына араша түсу еді. Ұлттық идеяны күшейтіп, елдің рухын сақтап, тәрбиелеу үшін рухты шығармаларын ұсынды.

«Ішкен мас, жеген тоқтың заманы бұл:

Ашыққан, ашынғаның түкке жүрмес.

«Мал құмар, малдың қолы» деген ақын,

Кім қақса «жемтігінен» соған күндес.

Алашым, айтқанды алсаң, без бұлардан:

Еш нәрсе тәуіп бермес, білгенге ермес.

Қой бағып қасқыр қашан опа қылған,

Көре бер өз бетіңмен күніңді өлмес.

Қайраған қолдан келмес іске әуре боп,

Қорлыққа, тілімді алсаң, болма кездес!» [103, 132 б.] деп ең биік асыл қасиет адамгершілікке бой ұрып, ел игілігіне адалдық таныту керек, себебі, сырттан келген ықпалдар адамның болмысына, ұлттың мүддесіне аяусыз зардап тигізуі мүмкін екендігін жеткізді.

Сан ғасырлардан қазіргі күнге дейін келіп жеткен түрлі наным-сенім, ырым-тыйымдар халықтың әлеуметтік және мәдени тұрмысының көрсеткіші. Қоршаған ортаға, табиғат пен адамдардың ара-қатынасына берілген өлшем. Халықтың бойында ғасырлар қойнауынан келе жатқан сана тәрбиесінің өзіндік дәстүрі сақталған. Үлкендер қашанда өз ұрпағына «бала берсең сана бер» деп тілеп отырған. Ә. Бөкейхан ұлт пен жұртқа қызмет ету тек білімді емес, сонымен қатар мінезді де қажет ететіндігін алға тартқан еді. Адамның тек білімді болуы, ғылымды игеруі жеткіліксіз деп ұққан Алаш көшбасшысы, ендігі жерде білімнен

мақсат шықпайды деген ұйғарымға келеді. «Ғазазіл жұмақтан білімсіздіктен шыққан жоқ. Балқан соғысында екі жүден астам адам өлді, бұл соғыс білімсіздіктен емес. Мұсылманша, орысша оқыған білімді қазақтардың ішінен неше түрлі залалды мінез көріп жүрміз. Білімнен жақсы мінез шықса бұл қалай?». [104] Жастарымыздың білімділігімен қатар ізгілікті болуы шарт екендігін өсиет етті. «Адам еркіндігі, туыскандық, теңдік идеяларын көзі қарақты оқырман шарифаттан, інжілден, будда оқуынан, Л.Н.Толстой философиясынан таба алады деп жазды. Және осы үш ұраннан басқа адам баласына бақыт, махаббатына жол жоқ. Қалғаны хайуандыққа бастайтын жол» [104, 386 б.]. Ойшылдың ізгілікті-этикалық пайымдаулары адамды рухани жетілдіруге негізделді.

Ал ұлттық мінезді қалыптастыру үшін тәлім-тәрбие мен білімді, тіпті дінді де осы қазақтың ұлттық санасына сәйкес бұру қажеттілігі бүгінгі күннің өзектілігіне айналып отыр. Жан мен ар тазалығына негізделген ұлттық және рухани құндылықтарды жаңғыртумен қатар, оларды білім, ғылым жүйесіне енгізіп, барынша насихаттау арқылы бірталай жат дүниеге тосқауыл қоюға мүмкіндік береді. Әрбір жеке азамат дін арқылы қоғамды түзететіндігін емес, керісінше дін арқылы адамгершілігін шыңдап, жан дүниесін тазартамын деген ниетін білдірсе, қоғамды тұрақтандыруға теңдесі жоқ үлес қосқан болар еді.

Түркі мәдениетінде тәрбие табиғат пен рух, адам мен әлем үйлесімін жүзеге асыруға ұмтылған шаманизм мен тәңіршілдіктің аясында қалыптасты. Тылсым күштерге деген сенім арқылы шаманизм көшпенділерді қауіп-қатерден сақтап, өмірдің қиын белестерінен өтуге күш сыйлады. Олар шаман арқылы ішкі және сыртқы әлеммен үйлесімде болу тілегін қанағаттандырып, ішкі тәртіпті орнату арқылы қоғамдағы сабақтастықты жүзеге асырып отырды, күнделікті іс-әрекеттерін ішкі тәртібін орнатуға, құндылықтарын жүйелендіруге бағыттап отырды. Ал тәңіршілдік бойынша ғаламды хаос пен тәртіп заңы сияқты екі қарама-қайшы бастау үстемдік етеді. Біріншісі- Ғаламдағы өмірдің құлдырауы бағытында қызмет атқарады, екіншісі бойынша, керісінше, өмірдің формаларының әр алуандығын қолдайды. Адамның тағдыры оның табиғатқа деген қатынасымен анықталады. Ежелгі түркілер адам көктен «құт» дарып, жер бетіне Ұмай ана бар игілігін төккенде пайда болатынына сенді. Бұл сенім әлемді сезінудің типі ретінде этикацентризмнен, адамның микро ғарышпен теңестіруінен бастау алады. Тәртіп заңы адамның әрекеттері табиғат заңына қайшы келмеген күйде қызмет атқарады және адам әділетсіз, адал емес әрекеттерге бой алдырса, онда ол хаостың тасымалдаушысына айналады. Жер -анаға, Ұмайға табыну адам сенімін, туған жердің қасиеттілігін, рухтардың жебеушілігін нығайта түсті. Ал қазақы дүниетанымның тарихында орын алған зороастрлық сенім бойынша үш ұстынды - сенім бойынша үш ұстынды - ізгі ойлау, ізгі сөз, ізгі әрекетті ұстану маңызды. Жақсылық пен жамандықтың арасындағы таңдауды әркім тек өз жеке басының игілігі үшін ғана емес, бүкіл әлемнің тағдырын шешу үшін жасайды.

Дәстүрлі әлемге қатынастың тағы бір ерекшелігі ата-баба рухына сену, олармен үздіксіз байланысты орнату болып табылады. Егер адам көзі тірісінде тек

игі істерді атқарып, зұлымдық жасамаған болса, қайтыс болғаннан кейін, әруаққа айналып, Тәңірдің ыркын жердегі орындаушысы ретінде болады. Әруақтарға сеніп, ата-баба рухына құрмет тұту түркілерді ізгілікке, адамгершілікке, таза пиғылдарға бағыттады. Сонымен қатар, түркілер еңбек тәрбиесі арқылы әлемге деген танымдық қатынасты қалыптастырды. Әр отбасында балаларды түрлі еңбекке баулу арқылы олардың тек жеке басы үшін ғана емес, халық игілігі үшін еңбекті бағалауға үйретті. Мұндағы тәрбиенің басты мақсаты – адамның бойындағы бар күштер мен қабылеттерді жан-жақты әрі үйлесімді дамыту. Осылайша тәрбиені тәндік, діни-ізгілікті және ақыл тәрбиесі деп, үшке бөліп қарастырды. Ғасырлар бойы көшпенділер халық тәжірибесін, адамның өзін-өзі ұстау тәртібінің ережелері, қағидалары бар салт-дәстүрлерді қалыптастырып, тәрбиенің бай тәжірибесін жинақтады. Тұлғаның моральдық-психологиялық тұрғыдағы үздік үлгісін «сегіз қырлы, бір сырлы» тіркесімен сипаттады.

Қазақ даласына исламның таралуы аясында тұлғаның қалыптасуы білім мен тәрбиенің негізінде жүзеге асты. Оның мақсаты – әдепті игерген, рухқа бой алдырып кемелдендіру. «Адаб» (әдеп) ұғымы адамның рухани да, материалды болмысымен қатар, әлеуметтік қатынастарын да қамтиды. Білім негізінде жүзеге асырылған іс-әрекеттер даналыққа ұласып, адамды қателіктерден сақтап қалады. Исламның ізгілікті құндылықтарға негізделген идеялары мен таным қағидалары адамның ішкі қажеттіліктері мен қоғамның әлеуметтік нормаларына жауап беретін моральдық-этикалық ілім мен тәрбиенің қалыптасуында үлкен рөл атқарады.

Қазақстандық ғалым Н.Л. Сейтахметова «Модели образования в постсекулярном обществе: евразийские и европейские тренды» атты еңбегінде білім, әсіресе ислами білімнің ұлттық тәлім, санаға деген ықпалы турасында бірқатар пайымдауларын келтіреді. Ғалымның пікірінше, ислами білімнің рухани бастауының айқындығы білімді тәрбиенің рухани үдерісі ретінде жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Мұндай тәжірибені ерте және кейінгі Орта ғасырдағы исламдық университеттер мен медреселерден аңғаруға болады. Ислам біліміндегі классикалық дәстүрді ұстанушылар әлемді танудағы әралуан тәжірибенің бірлігі мен жүйелігін сақтап қалуға мүмкін екендігін алға тарта отырып, тәлім беру барысында классицизм бағытын ұстануға тырысты. Ізгілікті ой-өрісті қалыптастырушы болған білім этикалық құндылық ретінде ұсынылды. Алайда, ислами білімді тек діни өмір салтты қалыптастырумен ғана шектеу дұрыс емес. Ислами білім адам өмірі үшін бірыңғай үдеріс, ал оның құндылығы фундаменталды болып келеді. Білім адамгершіліктің, ізгіліктің, кәсіби деңгейдің өлшемі. Ал осы ислами білімдегі басты құндылық тұлғаның тәрбиесіне ықпал ететін білім болып отыр. Діни тұрғыдағы тәлім мен білімнің теориялық-әдіснамалық негізіне білім, тәрбие беру ғана емес сонымен қатар кәсіби және рухани өзегін қалыптастыратын таным да жатады [105].

Ислами білім барысында тұлға исламдық құндылықтардың ықпалымен қалыптасады, оның басты қағидасы Құдайды тану, барлық дүние мен олардың

қасиеті жайлы білімге ие болу. Қасиетті мәтіндерді игерген сайын адам әлем жайлы біртұтас әмбебап білім алады. Құран мәтіндері адамның ой -өрісін кеңейтуге үлкен мүмкіндік беріп отырды. Ибн Синаның білімді адамның рухани дамуымен қатар, қоршаған әлемін тану үшін, рухани сүйіспеншілігін жеткізу арнасы мен Құдайды қабылдауы үшін берілу қажеттілігін пайымдауы ислами білімнің философиясын айқындап береді, ал олар сол кезеңдегі тәлім алу ордасы саналатын медреселердің білім таратушы-тәрбиелік стратегиясын қалыптастырып отырды. Ислами тәлім аясында «Усулу тәәлим» мен «тарбийяту тәәлим» ұғымдары білім, даналық, тәрбие, диалектикалық ой-өріс, ақыл, іс-әрекет, амалдарды игеру ретінде түсіндірілді. Осы тұста тәрбиенің мәніне аса маңыздылық берілді. Себебі медреселер тұлғаның тәрбиесі міндетін жүзеге асыратын маңызды орта еді, оның мақсаты рухани, моральдық, шығармашылық, зияткерлік, мәдени, эстетикалық аспектілер арқылы әрқайсының біртұтас дамуына ықпал ете білу. Білімнің жоғары деңгейіне рух, жүрек, интеллект және жан сияқты адам психикасының негізгі элементтері және жалпы адамның болмысын айқын ұғынуға негізделген психологиялық және рухани тәсіл арқылы қол жеткізу мүмкін. Осы элементтердің барлығын біртұтас әрі үйлестіре білгенде тәлімгер ғылыми танымға ғана емес өзіндік тәрбие, ізгілік пен руханиятқа қол жеткізеді [105, 107 б.].

Ислам әлемінде адам әділдігімен, таза пиғылдарымен өлшенеді. Сондықтан да кемел адам - бұл жаны ақиқатқа құмар, жүрегі мейірімге толы адам, рухани тұлға. Оның өмірінің мәні исламға сай тәрбиесіне, нәпсісін тыйып, ізгілікті тұрғыдан Алланы және өзін тану арқылы кемелденуге қол жеткізуі арқылы анықталады. Үздіксіз жетілу мен тәрбиеленуге деген құлшыныс кемелдіктің шыңына жетелейтіні айқын. Бойдағы қабілеттерінің жетілдірілуіне, танымға деген талапты адамның ақылы ғана емес, рухы да қажет етеді. Кемелдену үдерісінің тек тұлғаны емес, сонымен қатар гуманистік, ізгілікті парадигмалар аясында қоғамның да өзгеруіне әсер ететін әлеуеті мол.

Қазіргі таңда, жас ұрпақтың діні мен діни тәрбиесі мәселелері қазіргі қазақстандық шынайылықтағы күрделі мәселелердің бірі. Дін жалпы адамзаттың қалыптасу тарихындағы маңызы жоғары мәдени институт ретінде рухани әлеміне, болмысына ықпал етудің ең тиімді жолдардың бірі екендігі айқын.

Қоғамдағы дағдарыс, рухани стагнация, ізгілікті вакуум, басқыншылық туындаған кезде оның рөлі арта түседі. Осы тұрғыда діни ағартушылық пен тәрбиені ұштастыру ұлттық қауіпсіздікті, мәдени қорғанысты қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар, дінді мәдени институт ретінде және біздің мәдени қауіпсіздігімізге қауіп төндіретін экспансия, отарлау құралы ретінде бір-бірінен ажырата білу маңызды. Бұл соңғы кездегі әлеуметтік желілердегі мектеп қабырғасындағы оқушылардың хиджаб киюге рұқсат беру мәселесі төңірегіндегі дау-дамайдың аясында өзектілігі терең [106, 107 б.].

Тәлім-тәрбие, білім жүйесі қоғамды рухани тұрғыдан сауықтыруға, тұлғаның ізгілігін нығайту, ұлттық дәстүрдің тамырында жатқан маңызды

ізігілікті категорияларын қалыптастыруға, дәстүрлі мәдениеттің рухани бастауына баулуға бағытталған. Қоғам үшін басты құндылық адам, ал қазіргі таңда оның сипаты жағымды да, жағымсыз сипаттың, көлденең ілімнің ықпалына ұшырап (бірінші кезекте, бұқаралық ақпарат құралдары мен коммуникация, әлеуметтік желілер) рухани-ізігілікті өзгеріске ұшыратуда. Осындай ықпалдарға қарсы тұратын ілім ретінде М. Жұмабаев насихаттағандай ақыл, құлық, сұлулық, дене тәрбиесін қатар жүзеге асырып, оларды қауіп-қатерлерге қарсы тұруға арналған ішкі қорды жұмылдыратын рухани күш ретінде ұсынуға болады. Діни наным – сенім аясындағы ізігілік-этикалық тәрбие идеалы тұлға дамуын шектемей, оның мазмұнын мәнге толтырып, рухани қалыптасуын шарттайды. Сонымен қатар, негізгі өркениеттік дәстүрлерді басшылыққа ала отырып, тұлғаның ішкі еркіндігіне, біртұтастыққа, кемелдікке, жоғары құндылықтардың танымына жетелейді.

### **3 ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДА ІЗГІЛІКТІК-ЭТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ПРИНЦИПТЕРІ**

#### **3.1 Тұлғаның рухани-ізгіліктік тұрғыдан қалыптасуындағы қазіргі білім беру саласының міндеттері**

Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде айтылғандай, білім беру адамды тәрбиелеудің ең маңызды әлеуметтік-мәдени детерминанты болып табылады. Философия тарихындағы тәрбие идеалын зерделеуде, қазақ философиясы арқылы қазақ халқының мәдениетіндегі рухани-ізгіліктік тәрбие мәселесін талдаған кезде, білім мен тәрбиенің тығыз байланысын көрсеттік. Ал XX ғасырда өркениеттің дамуы адамның, нақтырақ айтқанда, тұлғаның мүмкіндіктері мен сапалы тіршілігіне тікелей байланысты екені белгілі болды.

Бүгінгі таңда білім беру қазіргі қоғамның дамуы мен тұрақтылығының басты мәселесі және басты ресурсы екенін дәлелдеудің қажеті жоқ. Білім беру бірқатар маңызды қоғамдық функцияларды орындайды, олардың қатарына: азаматты қалыптастыру (бұл функцияны жүзеге асыру қоғамдық өмірдің саяси саласына әсер етеді); қоғамның әлеуметтік-кәсіби құрылымын қайта құру; әлеуметтік ұтқырлық пен әлеуметтік қозғалыстарды қамтамасыз ету жатады. Қоғамның бүкіл рухани өміріне әсер ететін білім берудің мәдени-тәрбиелік қызметін ерекше атап өткен жөн. Білім беру жүзеге асыратын осындай маңызды әлеуметтік функциялар келесі себеп-салдарлық байланысты анықтайды: білім беру жүйесіндегі оң өзгерістер қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында прогрессивті өзгерістерді тудырады және керісінше, білім берудегі теріс өзгерістер әлеуметтік дағдарысқа ұшыратады және қоғамның регрессиясына әкеледі.

Білім жеке тұлғаны тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады, өйткені ол білімді, дағдыларды, құндылықтар мен дүниетанымды қалыптастыруға негіз болады. Бұл адамға өз әлеуетін дамытуға және тәуелсіз, білімді және интеллектуалды дамыған тұлға болуға көмектеседі [107].

Бастапқыда білім адамның сауаттылық және ғылыми ойлау сияқты негізгі дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл дағдылар адамға қоршаған ортамен тиімді қарым-қатынас жасауға және қазіргі қоғамда жұмыс істеуге көмектеседі. Оларсыз адам жұмыс іздеуден бастап күнделікті мәселелерді шешуге дейінгі өмірдің әртүрлі салаларында қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Негізгі дағдылардан басқа, білім адамның құндылықтары мен дүниетанымын қалыптастырады. Адам үнемі қоғамда құндылықтық бағдарлар қалыптастырып, құндылықтарды игереді. Құндылықтармен адамның өмірінің мәні анықталады. Мәндік универсалиялар ретіндегі құндылықтарды (Франкл) үш топқа бөлуге болады:

1. Біздің қоғамға беретін құндылықтарымыз (шығармашылық құндылықтары).



2. Біздің әлемнен алатын құндылықтарымыз (құндылықтарды сезіну).

3. Тағдырға қатысты біздің ұстанатын ұстанымдарымыз, яғни әркімнің тағдырына не жазылғанын, не болатынын білмегендіктен, тағдырды өзгертуге болмайтындықтан, бірақ қандай жағдайда да оны қабылдауымыз керек екені белгілі [108].

Құндылықтық бағдарлар адамның әлеуметтік мінез-құлқының нақты себептерін анықтайды, қоршаған ортамен қарым-қатынасын, оның маңызды әлеуметтік және адамгершілік қасиеттерін сипаттайды. Құндылық бағдарларының дәйектілігі жеке тұлғаның тұрақтылығының маңызды көрсеткіші болып табылады, ал керісінше құндылықтардың ауыспалылығы адамның тұрақсыздығын, жетілмегендігін, маргиналдығын көрсетеді. Рухани-құндылықтық бағдарлар жеке тұлғаның сұрыпталған рухани құндылықтары ретінде, адам өмірінің идеалы мен мақсаттарын, сондай-ақ оларға жетудің негізгі құралы болып табылады, жеке тұлғаның әлеуметтік мінез-құлқының маңызды реттеушілері қызметін атқарады, ал моральдық таңдау жағдайында олар жеке тұлғаның өмірлік маңызды шешімдер қабылдауының негізгі өлшемдері ретінде белгілі. Демек, руханилық адамның адамгершілікке бағытталған еркі мен ақыл-ойы, оның субъект ретіндегі атрибуты болып табылады [109]. Руханиятсыздық - адамның субъективті қасиеттерін жоғалтуының белгісі.

Бұл құндылық бағдарларының нормативтік-реттеуші функциясы оларды тәрбиенің әлеуметтік-мәдени детерминанты ретінде көрсетеді және тұлғаның мүмкін болатын мінез-құлқын ғылыми түсіндіру мен болжаудың және онымен тәрбие жұмысындағы ең оңтайлы және сындарлы тәсілдерді анықтаудың қажетті шарты болып табылады.

«Құндылық бағдарлар» терминімен белгіленген құбылыс жеке тұлғаны сипаттайтын факторлардың бірі болып табылады және оның әлемге, адамдарға, қоғамға, өзіне деген көзқарасын анықтайды. Құндылық бағдарлар адамның өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін заттар, мақсаттар, құралдар ретінде қарастырылатын материалдық және рухани игіліктер мен мұраттардың жиынтығына тұрақты, әлеуметтік шартты, ішкі сұрыптаушылық қатынасын білдіреді.

Құндылықтар жүйесі - бұл адамды белгілі бір маңызды және жоғары мақсаттарға жетелейтін мағыналар әлемі, бұл белгілі бір шартты белгілер немесе символдар жиынтығы арқылы трансляцияланатын, белгілі бір қауымдастық үшін маңызды сезімдер, эмоциялар мен идеялардың констелляциясы [110, 27 б.]. Құндылықтар жүйесі мәдениет пен мәдени өмірдің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, сондықтан құндылықтар жүйесі көбінесе мәдени құндылықтар деп аталады [111]. Олар жеке тұлғаның дүниетанымының бағыты мен сипатын (әлем туралы, адам туралы, оның осы әлемдегі және белгілі бір қоғамдағы орны, өмірдің мақсаты мен мәні туралы идеялар), яғни мағынаны анықтайтын және мағыналық мазмұны бар мәселелерді анықтаумен сипатталады. Сондықтан

мәдениеттің құндылықтары адамның бағыты, оның дүниетанымы өз көрінісін табатын негізгі жоғары құндылық бағдарларының жүйесі ретінде әрекет етеді.

Жоғары құндылықтық бағдарлардың арқасында адамның өмір сүруі өмір үшін қажет нәрседен және белгілі бір уақытта ыңғайлы, пайдалы, тиімді нәрседен асып түседі. Жоғары құндылықтық бағдарлар жүйесі адамдар қауымдастығының өмірінде де, жеке адамның өмірінде де маңызды функцияны орындайды. Оның басты мақсаты - бұл жерде жақсылықты зұлымдықтан, зияннан, шындықты адасудан ажыратуға мүмкіндік беретін өлшемдер, яғни адамдар қауымдастығының рухани мәдениетінің өзегін құрайтын өлшемдер жинақталады [109].

Өлшемдердің тағы бір тобы қоғамдық тәртіптің құндылықтарымен байланысты, олар маңыздыны маңызды еместен, мәңгілікті ұсақ және өтпелі кезеңнен ажыратуға мүмкіндік береді.

